disappeared during the first millennium. For the most of the church, four Ecumenical Councils of Nicaea, Constantinople, Ephesus, Chalcedon are to clarify and define the nature of man and the divine nature of Jesus Christ.

Finally, The church declared Christian Gnosticism as heresy and began to kill those who adhered to its doctrines. Thus, the powerful Roman Church began its crusade of eliminating all rivals to its authority. Christian Gnosticism was obliterated and relatively little historical and theological information was left to fully understand early Christian history. This all changed in 1945 with the discovery of the Gnostic Christian scriptures discovered in Egypt. Then in 1947, the discovery of the Dead Sea Scrolls of early Jewish Gnostic writings occurred. Today, with many Christians wondering if the Second Coming of Christ is soon to happen, it may not be a coincidence that these secret writings have come to the surface after two thousand years of being hidden. Finally, after two thousand years, the secrets have been revealed.

Although modern theology normally takes the humanity of Jesus very seriously (sometimes to the neglect of his deity), those theologians who tend to drive a wedge between faith and history are confronted with the charge of opening the door to a new Docetism.

References

- 1 Norman L. Geisler, Baker encyclopedia of Christian apologetics. Baker reference library. Grand Rapids, Mich. ISBN-13: 978-0801021510
- 2 Roberts, J. Donaldson & A. C. Coxe, The Ante-Nicene Fathers, Volume II: Fathers of the Second Century: Hermas, Tatian, Athenagoras, Theophilus, and Clement of Alexandria, Buffalo, NY ISBN 0802880886
- 3 Jack F. Kirsch, Simon Magus. The Catholic Encyclopedia. New York, ASIN: B005XENLOK
- 4 Arendzen, J. (2012) [1909]. «Docetae». The Catholic Encyclopedia 5. Robert Appleton Company. ASIN: B005XENLDS
- 5 Ferdinand Christian Baur, Die christliche Gnosis oder die christliche Religions-Philosophie in ihrer geschichtlichen Entwicklung, Tübingen, ISBN-13: 978-1330891872
- 6 Michael Slusser, Docetism: a Historical Definition, The Second Century, 1981, 1:3 (1981:Fall)
- 7 Norbert Brox, 'Doketismus' eine Problemanzeige, Zeitschrift fuer Kirchengeschichte. 1984, ZKG 95 1984, Vol 95
- 8 M. J. Erickson, Christian theology (2nd ed.). Grand Rapids, Mich.: Baker Book House, 1998, ISBN-13: 978-0801021824
- 9 Ekkehard Mühlberg, Docetism in Fahlbusch, E., & Bromiley, G. W., 2003, ISBN-10: 9004145958
- 10 Marvin Olasky, «Onward Gnostic Soldiers», World magazine, May 20 2006.
- 11 Brian A. Bain, Near Death Experiences and Gnostic Christianity: Parallels in Antiquity, M.A. Journal of Near-Death Studies spring 1999, Vol. 17 No. 3
- 12 T. Nicklas & Th. J. Kraus, Das Petrus-evangelium als Teil antiker Literatur, Berlin W. De Gruyter, 2007 ISBN-10: 0199208158
- 13 Thomas Nelson, Lost Books of the Bible and the Forgotten Books of Eden, Paperback 2002 ISBN-13: 978-0529020611
- 14 Ron Cameron, The Other Gospels: Non-Canonical Gospel Texts, Paperback – March 1, 2001, ISBN-13: 978-0664244286
- 15 H. Koester, Synoptische Überlieferung bei den apostolischen Vätern, Berlin Akademie-Verlag, 1957, ISBN: 9780800620936
- 16 Rev. D. H. Stanton, The Journal of Theological Studies volume XXI Oxford, Clarendon press, 1920, Vol 1
- 17 Selection made from James M. Robinson, ed., The Nag Hammadi Library, revised edition. HarperCollins, San Francisco, 1990, ISBN-13: 978-0060669355
- 18 Anderson, Paul N. The Christology of the Fourth Gospel; Its Unity and Disunity in the Light of John 6 (3rd printing, with a new introduction and a set of outlines; Eugene: Cascade Books, 2010 ISBN-13: 978-1606086292

Абжалов С.Ө., Матмусаева М.

Хариджиттік ағымының келуі

Ислам әлеміндегі қазіргі болып жатқан қанды қақтығыстардың бүгін ғана туындап отырмағаны, Ислам әлеміндегі мұндай қақтығыстар сол ислам дінінің алғашқы ғасырының өзінде-ақ қалыптасқандығы туралы тарихи деректерді талдауға арналған бұл мақала, қазіргі күні Исламдағы өздерін «нағыз мұсылманбыз» деп жүрген радикалды ағымдардың шығу негіздеріне талдау жасайды. Ол Исламдағы алғашқы бүлікшіл деп танылған хариджиттік ағым еді. Бұл ағымның алғашқы тарих сахнасына шығу сәтінен бастап, ислам дініндегі тұрақсыздықтың пайда болуы мен шығу себептері және олардың негізгі ұстанымдары мен сенім негіздері бұл мақалада жан-жақты қарастырылады. Пайғамбар дәуірінен кейінгі Халифаттағы саяси ахуалдың тұрақсыздығы мен оның себептері, Халиф Османның өлтірілуі, оның орнына халиф тағына отырған Али ибн Абу Талибтің Османның жақтастары тарапынан қарсылыққа ұшырауы, Сыффын соғысы, осы соғыстың нәтижесіне риза болмағандар тарапынан хариджиттік ағымның қалыптастырылуы туралы оқиғаларға мақалада талдау жасалады. Хариджиттік ағымы билікке қарсы шыққан алғашқы саяси ағымдардың бірі болып есептеледі. Олардың дүниеге келуімен Ислам әлемінде «мұсылман-кәпір» түсінігі пайда болды. Хариджиттердің осы ұстанымы қазіргі күнгі исламдық радикалды ағымдардың көпшілігінде бар және олардың негізі ұстанымдарымен хариджиттер ұстанымы арасында оншалықты алшақтық жоқ екендігін көруге болады. Сонымен бірге мақала шеңберінде хариджиттік ағымының іштей қанша топтарға бөлінгені мен олардың ұстанымдарына қысқаша талдау жасалынған.

Түйін сөздер: Хариджиттік ағымы, Сыффын соғысы, Төрелік оқиғасы, Харура, Тамим тайпасы, ан-Нехраван соғысы.

Abzhalov S.U., Matmusayeva M.

Current appearance of the Kharijites

Causes of bloody strife that are taking place today in the Islamic world, originated many centuries ago. They originated in the first century, the religion of Islam, called the Kharijites. This article is devoted to analysis of the bloody events that took place in the history of the Caliphate in the middle of I/VII century and the role of the Khawarij flow in these events. The author concludes that current «true Muslims» are the direct followers of Kharijites. With the emergence in the historical arena of Kharijites movement radical movements began to appear in the Islamic world. The article also analyzes the causes of instability in the Caliphate, the murder of Caliph Uthman, the ascension of Ali ibn Abu Talib to the throne of the Caliphate, the refusal to recognize his authority and the reasons for supporters of Uthman internecine war in the Caliphate. With the advent of Islam, the Kharijites appeared meaning «musumanin-kafir» – «believer-unbeliever.» The Kharijites believed that the faithful could kill an unbeliever and away his property, using it freely. Today, this belief is found among the Kharijites extreme movements of Wahhabi-Salafi movement. Also in the article gives a brief overview of the different currents of the Kharijites.

Key words: Kharijites, Battle of Siffin, Court of Arbitration, Harura, Tamim tribe. Nehravan war.

Абжалов С.У., Матмусаева М.

Появление течения хариджитов

Причины кровавых междуусобиц, которые происходят сегодня в исламском мире, зародились много веков назад. Данная статья посвящена анализу тех кровавых событий, которые происходили в истории Халифата в середине I/VII века и роли течения хариджитов в этих событиях. Авторы статьи приходят к выводу, что современные «истинные мусульмане» являются прямыми идейными последователями хариджитов. С появлением на исторической арене хариджитов в исламском мире возникли радикальные течения. В статье также анализируются причины нестабильности в Халифате, убийство халифа Усмана, вознесение Али ибн Абу Талиба на трон Халифата, отказ признать его власть сторонниками Усмана и причины междуусобной войны в Халифате. С появлением хариджитов в Исламе появилось понятие «мусуьманин-кафир»-«правоверный-неверующий». Хариджиты считали, что правоверный мог убить неверующего и отобрать его имущество, свободно пользуясь им. На сегодняшний день, данное убеждение хариджитов встречается среди крайних течений ваххабитско-салафитского направления. Так же в статье дан краткий обзор различных течений хариджитов.

Ключевые слова: течение Хариджитов, Сиффинская битва, Арбитражный суд, Харура, племя Тамим, война ан-Нехраван.

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті,
Қазақстан республикасы, Түркістан қ.

*E-mail: sultano81@mail.ru

ХАРИДЖИТТІК АҒЫМЫНЫҢ КЕЛУІ

Кіріспе

Ислам тарихында Пайғамбар қайтыс болғаннан кейін бір ғасыр өтпей, Исламды тек өздері ғана ең жақсы меңгерген басқалардың көзқарасы қате деген түсінікпен әртүрлі ағымдар шыға бастады. Солардың бірі – хариджиттік ағымы. Кейбір ғалымдар хариджиттік ағымды исламдағы ең алғаш шыққан діни-саяси радикалды әрекетті бастаушылар ретінде қарастырады.

Хариджиттік ағымы Халифа Осман қайтыс болғаннан кейін дүниеге келген, ішкі қайшылықтар мен төрелік оқиғасы* нәтижесінде пайда болды. Хариджиттер өз көзқарастары бойынша Халифа Алиді де, Муавияны да және олардың жақтастарының барлығын кәпірлікте айыптап, оларды қоғамнан жоқ қылу керек деп есептеген. Өздерінен басқалардың мұсылман болғандығына сенбей, басқа мұсылмандардың жандары мен малдарын өздеріне халал санаған, көбінесе бәдәуи халқынан шыққан және бүгінгі күнге дейін діни-саяси оқиғаларға өз ықпалдарын тигізіп отырған радикалды ағым.

Қазіргі күнде де осы ерекшеліктерді бойларына сіңіріп және олардың ізбасарлары ретінде өмір сүріп жатқан ағымдар бар. Олар ислам дінін толық меңгерген, осы саланың нағыз білгірлері ретінде ортаға шығып, өздерін басқаларға мойындату үшін түрлі әрекеттерге баруда. Қарапайым халықты араларына тартып, оларға басқаларды дұшпан ретінде көрсетіп, көздері мен ой-санасын байлауда. Соның нәтижесінде жер бетіндегі бейбітшілік діні ретінде танылған, адамдарды бір-біріне дұшпан болуға емес, достыққа шақырған, мұсылмандарға бір-бірінің жанын алуға тиым салған ислам діні, әлемге жауыздықтың діні ретінде танылуға шақ қалып тұрғанын бүгінгі күні болып жатқан әртүрлі қанды оқиғалардан анық көруге болады.

Халифа Али мен Муавия арасында келіспеушіліктердің нәтижесінде, Сыффын соғысы орын алады. Міне, осы соғыс барысында Алидің әскері жеңіске жетуге шақ қалып тұрған кезде Муавия айлаға көшеді. Амр бин ал-Ас оған мәселені Құранға сүйеніп шешуге кеңес береді. Осылайша Сирия әскері Құран парақтарын жоғары көтеріп, араларына Алланың кітабы төрелік жасасын деп айқайлайды. Алидің әскері бұл шақыруға

қарсы шыға алмай, бұған келіседі. Сөйтіп мәселені шешу үшін Муавия тарапынан Амр бин ал-Ас, Али тарапынан Абу Муса төреші етіп тағайындалады. Әуелі мәселені төрешіге тапсыруға қарсы болмаған Али әскері, кейіннен өздерін алданғандай сезіне бастайды. Әсіресе, Тамим тайпасынан шыққан әскерлер бұл мәселеге қатты мән беріп, «Алланың ісін адамдар шеше алады ма?» деген ұранмен бас көтереді. Осы оқиға тарихта «төрелік оқиғасы» деп аталынады.

«Хариджи» сөзі «خرج» сөзінен шығып, «шығу, шығару (біреуді өлтіру үшін), ортаға шығу, борышын өтеу (ілімде), маман болу, бүлік шығару» мағыналарына келеді [1]. Хариджи сөзінің көпше түрі «خوارج» – хауариж. Термин ретінде «шыншыл болған имамға мойынұсынбаған» мағынасына келеді. [2]. Көпшіліктің бір ауыздан мақұлдауымен хақ болған имамға қарсы шыққан әрбір адамға «хариджит» аты берілген. Хариджи сөзінің мағынасымен байланысты көптеген көзқарастар бар. Ал жалпылай, хариджит сөзі негізінде «сыртта болған», Али ибн Абу Талиб әскерінен «бөлінген» немесе «шыққан» деген мағынамен байланысты. Бұл атаудың берілу себептеріне байланысты әртүрлі көзқарастар бар. Кейбір түсіндірмелер бойынша, Сыффын соғысынан кейін (М.657/Х.37) тараптар бір ауыздан шешімге келе алмағандықтан, мәселенің шешімін төрешілерге тапсырулары себеп болғандығы айтылады. Бұл бойынша Амр б. ал-Ас Муавияның, Абу Муса ал-Ашарий Алидің өкілі ретінде төрелікке жіберіледі. Осы сәтте хариджилерден Хуркус бин Зухайр және Зурат бин ал-Бурж Алиге келіп, «Үкім тек Аллаға тән» деген тезисті ортаға тастайды [3]. Осылайша Алиден сол көзқарас бойынша бөлініп шыққан бір топ әскер хариджилер деген атау алды. Басқа бір түсіндірме бойынша, Аш'ас б.Каус келісім мәтінін алып Алидің әскерлері арасында оқуды бастаған кезде шыққан келіспеушілікте Бани Тамимнен Урва б. Удаййа: «Аллаға тән болған төрелікті қолыңа алғың келеді ме? Үкім тек Алладан. Өлгендердің жағдайы не болады?» деп айқайлап, Аш'асқа шабуыл жасайды [4]. Осы келіспеушіліктен кейін Халифа Али өз жақтастарымен Куфаға кетеді. Әскерінің көп бөлігін қамтыған Тамим тайпасынан шыққандар онымен Куфаға қайтпай, «Үкім тек Аллаға тән» деген ұранмен Куфаға жақын жердегі Харураға жол тартады. Тарих кітаптарында Хариджи деген топ осылар болып, бұл топ сол кезден бастап халифатқа бағынбай, бөлек, тәуелсіз топ ретінде өмір сүре бастайды [3.1].

Хариджиттердің халифа Османды өлтірушілер болғаны үшін өздерін Халифа Али мен Муавияның өлтірулері мүмкін екендігінен қорыққандықтары үшін, бұған бір діни себепті сылтау етіп, Алиді және әскерін дұшпандары алдында тастап қашқан «бүлікшілер тобына», яғни ибн Саба және оның жақтастарына берілген бір атау болғандығы туралы да көзқарастар бар [5].

Бүгінгі күнде хариджиттердің бір тармағы болған Ибадилер, хариджиттік атауының өздері үшін қолданылмайтындығын айтады. Олар бойынша хариджиттер бұл: Нати б. Ал-Азрак, Нажда б. Амир Ибн ас-Саффан және оның жақтастары. Олардың көзқарасы бойынша, «хуруж» иманнан шығу мағынасында және хариджилік саяси мағынада емес, діни мағынада қолданылады [6].

Хариджиттерге «хариджиттік» атауынан бөлек, өздері және қарсыластары тарапынан әртүрлі есімдер қолданылған. Солардан бірі – ал-Мухаккима болып, алғашқы Мухаккимамен байланысты болған хариджиттерге берілген атау [7]. Бұл атау Харурия атауынан бөлек, хариджиттер үшін ұзақ уақыт бойы қолданылған негізгі есімдердің бірі. Олардың Мухаккима деп аталуы «Үкім тек Аллаға тән» деген ұрандарымен байланысты [8]. Малати өз еңбегінде олардың әрекеттеріне былайша сипат береді: «Мухаккима құрамындағылар базарларда адамдардың алдына кенеттен шығып, «Лә хукма иллә Лиллаһ», – деп айқайлайды, қолы жеткен адамдарға қылышпен шабуылдап, өлтірілгенге дейін тоқтамайтын еді. Олар адамдар арасында қорқыныш пен бүлікке себеп болды» [9].

Хариджиттер үшін берілген тағы бір атау – «Шурат» [10]. Аш-Шурат атауының қай әрекеттен немесе қай есімнен келгендігі, қандай мағынада қолданылғандығымен байланысты көптеген көзқарастар бар. Бұл көзқарастар бойынша аш-Шурат, шар «شار» сөзінің көпше түрі [11]. Хариджиттер бойынша бұл сөз «Сатушы» сөзінің көпше түрі болып, «сатушылар», «өздерін Аллаға сатқандар» деген мағынаны білдіреді [12]. Олар мұны аш-Шураттың жекеше түрі, аш-шари түрінде түсіндіреді және өздерінің жәннат үшін ақы ретінде Аллаға өздерін сатқандары үшін осы есіммен танылғандарын айтады. Құрандағы: «Иман еткендер ішінде, Алланың разылығын қалағандықтары үшін жандарын сатқандар бар» аятын дәлел ретінде келтіреді [13]. Шурат есімі хариджиттерге Омяттар кезінде жандарын Алла жолында сатқандар мағынасында өздері тарапынан берілген [12.1].

Хариджиттерге тән тағы бір атау «Харурия» деп аталынады. Бұл есім Алиге қарсы шыққан топтың қоныстанған жерінің атауымен байланысты. Кейбір көзқарастар бойынша Харура Куфа сыртындағы бір ауыл, ал кейбір көзқарастар бойынша ол Куфа айналасындағы жердің атауы. Яғни харуриттердің былай аталуы, жердің атауымен байланысты [12.2]. Сонымен қатар, хариджиттерге тура жолдан шыққандары үшін «Марика» атауы да берілген [13]. Хариджиттер өздері үшін «Ахл-ул Хақ», «Ахл-ул Адл уа-л-Истиқамат», «Ахл-ул Истиқамат уа-л-Иман» сияқты есімдерді де қолданған [14].

Хариджиттердің алғашқы кезде шығуына байланысты тағы бірнеше есімдері болған. Олар: 1. Олардың шығуын, яхудий ибн Сабаның бүлігі ретінде түсінілгендіктен оларды «ас-Сабайя» деп атады; 2. Үлкен күнә жасаған және өздеріне қарсы шыққан мұсылмандарды тәкфир еткендіктері үшін «Мукаффира» деген атау берілген; 3. Ал-Махдуин «Алдағандар» деп те аталынған. Бұл атаудың берілуі Құрандағы Бақара сүресінің 9-аятымен байланысты. Аятта: «Олар муминдерді алдауға тырысады. Алайда олар, тек өздерін алдайды да, оның парқына бармайды» деп көрсетілген; 4. Хариджиттер үшін өздері және қарсыластары тарапынан берілген атаулардан бөлек, өзге дін өкілдері тарапынан берілген атаулар да бар [12.3]. Бұл атау «Бесіншілер» деп аталынады. Яғни негізгі төрт мазхабтан бөлек тұрған «Бөлінушілер» ретінде танылған [15].

Хариджиттік әрекетпен байланысты әртүрлі көзқарастар бар. Кейбіреулер хариджиттік әрекетті экономикалық және әлеуметтік жағдайға қарсы шыққан әрекет ретінде түсіндірсе [16], кейбіреулер Ислам қоғамының харизматик бір қоғам болғандығы себебімен ортаға шыққан әрекет деп түсіндіреді. Негізінде көптеген тарихшылар бұл әрекеттің негізін Сыффын соғысындағы төрелік оқиғасымен байланыстырады. Сонымен қатар, үшінші халиф Осман б. Аффан және төртінші халиф Али б. Абу Талиб кезеңдеріндегі шыққан бүліктердің нәтижесінде, жалпы мазхабтардың, соның ішінде хариджиттердің дүниеге келуіне себеп болғандығы айтылады. Осы орайда, сол кезде болған оқиғаларға тоқталып кетер болсақ, алғашқы фитна (бүлік) мен келіспеушіліктер Османның өлтірілуімен басталды. Османды өлтіруді мақсат еткен бүлікшілер түрлі сылтаумен оны қысымға алды, қайта-қайта әртүрлі арандатушылықпен үйін қоршауға алды, ақыр соңында оны жауыздықпен өлтірді.

Халифа Османға қарсы наразылықтың туындауына себеп болған бірнеше жағдайларды та-

рихшылар атап өткен. Османға қарсы бағытталған айыптауларды былай тізбектеуге болады: уалилік және басқа да басты мемлекеттік қызметтерге Осман өз туыстарын қойған, оларға және басқа да туыстарына мемлекет қазынасынан көп мөлшерде сый-сияпат тарту еткен. Оның осы ісіне байланысты ашық қарсы шығып, сынға алған Әбу Зарр әл-Ғыфари, Абдуллаһ бин Масуд және Аммар бин Ясир сияқты алдыңғы қатарлы сахабалар әртүрлі жолдармен жазаға тартылған, кейбір сахабалардың жалақылары кесілген немесе азайтылған, мухажир арасындағы Құрайш басшыларының Мединеден көшіп, жаулап алынған аймақтардағы қалаларға орналасуына және олардың Мединедегі жерлерін барып, қоныстанған жерлерімен ауыстыруына Халифа рұқсат берген және ол жақта олардың көп мөлшерде мал-мүлікке ие болуына көз жұма қараған, кейбір сахабаларға жаулап алынған қалалардан жер берген, Пайғамбар тарапынан Тайфқа жер аударылған немере ағасы Хакам бин Әбу-л-Астың Мединеге қайта оралуына рұқсат беріп, оның ұлы Маруанды мемлекет хатшысы қызметіне қойған, уалилердің қате шешімдеріне көз жұмған және оларды тиісті жазаға тартпаған, Пайғамбар, Әбу Бәкір және Омар қажылық мезгілінде намаздарды жолаушы намазымен оқыса, ол халифалықтың алтыншы жылынан бастап, Меккеде намаздарды тұрғылықты адам сияқты оқыған, Әбу Бәкір заманында мусхафқа түсірілген Құран Кәрім нұсқасын көшіріп көбейткеннен соң, бастапқы нұсқа мен кейбір сахабалардың қолындағы жекелеген нұсқаларды толықтай жойған, Пайғамбар мешітін кеңейткен кезде бұрын қолданылмаған кейбір құрылыс материалдарын қолданған, Пайғамбардан келе жатқан халифалық мөрді Арис құдығына түсіріп алған. Бірақ, бұлардың барлығы Османды өлтіруге негізгі себеп бола алмайды. Сондықтан, ортағасырлық ислам тарихшылары оны өлтіруге жол ашқан негізгі себептерді іздестірген. Кейбір тарихшылар Халифа Османға бағытталған және мұсылмандар арасында арандатушылықты қоздырған көтерілісті сол кезеңде орын алған саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістермен байланыстырады. Мысалы, Осман халифалығының соңғы жылдарында ислам әлемінің кеңеюі сол заманның талаптарына сай, өз шегіне жеткен және жорықтар тоқтатылған. Осыған орай, соғыстан түсетін олжа да азайған. Келесі жағынан мұсылман-араб әскерлерінің рухани құндылықтарға немқұрайлылығы артқан, мінез-құлықтарында өзгерістер пайда болған. Халифа Омар мен Әбу Бәкір заманындағы әскерлер

шайқасқа шахид, ғазиді (ардагер) болу үшін кіретін және құдайдың ризалығы үшін шайқасатын. Ал Османның заманында әскерлердің көпшілігі білімсіз, тар түсінікті бадауи тайпаларынан және олжа, дүние-мүлік, байлық үшін шайқасатын адамдардан құралды [17].

Халифа Османның зұлымдықпен өлтірілуі Ислам әлемін дүр сілкіндірді. Халифатта бірлікпен бейбітшілік жойыла бастады. Яғни ислам әлеміндегі алғашқы бүліктер осылай пайда болып, жалғасты.

Мұсылмандарды қан төгіске алып келген тағы бір оқиға Сыффын соғысы еді. Бұл соғыс Али мен Муавияның ортасында болған соғыс. Али Муавияның өзін халиф ретінде мойындауын қалады, бірақ Муавия Османның кегін сылтауратып, оны халиф ретінде мойындамайды. Осылайша мұсылмандар арасында тағы бір қантөгіс басталды. Шешуші шайқас 657 жылы 19 шілдеде басталып, тоғыз күн бойы жалғасты. Тоғыз күн ішінде түнде және намаз уақыттарында тыныштық сақталады. Шайқас 657 жылдың 27-28 шілдесінде қыза түсті. Жұма күні таң атқанға дейін болған шайқас түні «Харир түні» деп аталып, осы түні көптеген әскер құрбан болды. Муавияның айласымен мәселе осы сәтте төрешілерге тапсырылады. Осылайша бейбітшілік келісімшартына қол қойылып, екі тараптың да әскері алдында оқылды. Сирия әскері тарапынан қолдауға ие болғанымен, Ирак әскері басында бейбітшілік үшін қуанып, кейіннен өз ойларын өзгертті. Әскер арасында мұндай маңызды істі адамның шешіміне қоюға болмайтынын, оны тек Алла ғана шешетіні туралы қызу әңгіме талқыға түсе бастады. Ал-Ашас әр отрядтың алдында келісімшартты оқып жатқанда әскерінен біреу «Алланың ісін адамдар шеше алады ма? Алланың шешімінен басқа шешім жоқ» деп, көпшілік қылышпен ал-Ашасқа шабуылдайды. Ал-Ашас бұл бүліктен құтылып шығып кетеді [18]. Бүкіл қарсылықтарға қарамастан, ирактықтар да бұл шешімді мойындап, қайтыс болған әскерлерді жерлеп, барлығы елдеріне қайтты. Егер әскери көзқараспен қарар болсақ, бұл соғыста ешкім жеңіске жеткен жоқ. Ал саяси көзқараспен қарар болсақ, бұл жерде Алидің ұтылғандығы көрінеді. Сонымен қатар, Алиді қолдаған бүкіл әскер тарап кетті. Артқа қайтар жолда Куфаға жақындағанда 12000 адам көбінесе тамим тайпасынан шыққан әскер Алиден ажырап, ал-Харура деген жерге қоныстады. Өздеріне басшы етіп Шабас б. Риби ат-Тамимді, ал имам ретінде Абдаллах б. Ал-Кавва ал-Йашкуриді тағайындады [19]. Олар әуелі тұрақтаған жер-

леріне байланысты Харуриттер деп аталынып, кейіннен хариджиттер деген ат алды. Көп өтпей олар Куфаға шабуылдап, көптеген адамдардың қанын жазықсыз төкті. Бұдан ашуланған Али көтерілісшілерді тоқтату үшін Абдаллах б. Аббас ал-Харураны жібереді. Абдаллах көтерілісшілерге Құраннан аят келтіріп, басшылық мәселесінде төрешіліктің көмегімен шешім қабылдауға болатынын түсіндіреді. Хариджиттер ол тек кіші мәселелер үшін екенін, ал бұл мәселеде шешім тек Аллаға тән екенін айтып Құраннан аят келтіреді: *«Егер мүміндердің екі тобы өзара керісіп қалса, араларын жарастырсын. Ал егер олардың бірі екіншісіне шабуыл жасаса, Алланың бұйрығына тоқтағанға дейін солармен шайқассын. Егер райларынан қайтса, араларын әділдікпен түзесін, барлық істе әділ болыңдар. Алла әділеттілерді дос тұтады»* (Хужурат 49/9), – деген Құран аяты хариджиттерге қарағанда, басбұзар болған Муавия мен жақтастары туралы үкімді Алла шайқастың нәтижесінде береді. Демек, Алла үкімімен шешілетін мәселені адамдардың шешуіне ешбір жол жоқ. Ал Алланың үкімін шектеп, оның орнына үкімді шығаруға тырысқан төрешілер (хакам) де, оларды сол қызметке қойған адамдар да үлкен күнә істеген. Егер тәубеге келмесе, мәңгілік тозақта қалады деген көзқарасты алға тартады [17.1]. Али бұл әрекеттен ештеме шықпайтынын білген соң, Харураға өзі келіп, алты айдан кейін мал мен ақша жиналғаннан кейін оларға қарсы қайта соғыс ашуға уәде береді. Харуриттер бұған келісіп, біраз тынышталғандай болады. 658 жылы екі тараптан тағайындалған төрешілер басшылығында халифты қайта тағайындау мәселесі қарастырылады. Жиналысқа халифтыққа үміткер болғандар мен құрайыш әулетінің зиялылары қатысады. Әбу Муса әл-Ашари Абдуллаһ бин Омарды халифалыққа ұсынды. Өйткені, Али де, Муавия да – осы жанжалдың ортасындағы адамдар. Сондықтан, билік басына осы алауыздыққа қатысы жоқ адам ғана келе алады деп есептеді. Амр Абдуллаһтың орнына өз ұлын ұсынды. Соңында Али мен Муавиядан басқа бір адамның халифа болуы керек деген шешім жасалды. Төрешілердің қабылдаған шешімдері алдымен Әбу Муса тарапынан мәлімделді. Ал Амр бин әл-Асқа кезек келген кезде ол қабылдаған шешімнен айнып, айлаға жол берді және Муавияны халифа ретінде тағайындағанын жариялады. Амрдың айтқаны өтірік деп Әбу Муса ақталғанымен, оның мәні қалмады. Төрешілердің шешімі жарияланғанда Алидің жақтастары бұған наразы болды. Өйткені, Муавияның

ұстанымы дұрыс деген нәтиже шығарылған және мәдиналықтардың мойынұсынуымен халифа болған Алидің қызметтен кетуіне шешім жасалған еді [17.2]. Али бұл шешімнің Құранға сай емес екендігін айтып, төрешілердің шешімін мойындамайтынын жариялады. Ал Муавия әлгі шешімге сүйеніп, Сирияда өзін халифа ретінде жариялады. Осылай, мұсылмандар арасындағы келісімді қамтамасыз ету мақсатында жасалған төрелік мұсылмандардың бірлігіне одан ары сызат түсірді, мәселені ушықтырды. Келіссөздердің Алидің пайдасына шешілмегенінен хабар тапқан харуриттер қайта көтерілді. Олар 658 жылдың 10-шаввал айында Абдаллах б. Вахб ар-Расибидің үйіне жиналып, имамға ашық түрде қарсылық көрсетуге шешім қабылдайды. Көтерілісшілер Басрадағы сыбайластарына өздерінің мақсаты туралы айтып, ан-Нехриванда кездесуге шақырды. Олар Куфаны кіші-кіші топ ретінде тастап, шығып кете бастады. Али бұл кезде Муавияға қарсы соғысу үшін қол жинап жатқан еді. Хариджиттердің отрядының бірі Пайғамбар сахабаларының бірі болған Абдаллах б. Хаббатты Али туралы жақсы сөйлегені үшін айуандықпен өлтіреді, ал аяғы ауыр әйелінің ішін жарып, одан ұрпақ қалдырмау үшін оны да аяусыз өлтіреді. Алидің әскерлері бұл хабарды естіп, қатты ашуланады. Осылайша олар Алиге бірінші ішкі жаулардан құтылу керектігін айтып, хариджиттерге қарсы соғысуға көндіреді. Али өз әскерін ан-Нехриванға бастап, ол жерде мәселені қан төгіссіз шешуге үміттеніп, жазықсыз мұсылмандардың қанын төккендерді өзіне беруді сұрайды. Ал хариджиттер Алиден бұрынғысынша қателескенін мойындауды талап етті. Осылайша келісімге келу мүмкін болмағандықтан, тағы да қан төгіліп, Алидің әскері хариджиттерді жеңеді. Алидің әскері Сирияға шабуыл жасау үшін қайтадан Куфаға қайтты [18.1].

Ан-Нехривандағы жеңіс Алидің абыройын арттырған жоқ. Керісінше, Алидің жақтастары бұрынғыдан да азайып, хариджиттердің одан әрі күшеюіне әкелді. Нехриванда жолдастарының қырылуына байланысты хариджиттердің Алиге деген өшпенділігі арта түсті. Бір топ хариджит Меккеде жиналып, Ислам әлемін күйзеліске душар еткен мына тығырықтан қалай шығуға болатынын кеңесті. Осы алауыздықтың себепкері болып табылған Алиді, Муавияны және Амр бин әл-Асты өлтірумен осы тығырықтан шығуға болатыны шешілді. Осы мақсатпен үшеуі бір күнде 661 жылдың 24 қаңтарында (рамазан) қастандық жасауға шешім қабылдады.

Амрға қастандық жасауды жоспарлап, Мысырға сапар шеккен Амр бин Бакр ат-Тамими Амр бин әл-Асты танымай, сол күнгі таң намазына имамдыққа шыққан өзге адамды өлтірді. Ал Муавияға қастандық жасауға міндеттелген Бурак бин Абдуллаһ келіскен таң намазында оны өлтірмек болды. Бірақ Муавия шабуылдан жаралы күйде құтылды. Алиді өлтіруге міндеттелген Абдуррахман бин Мулжам Куфаға барып, өзіне көмектесетін адамдар тауып, келіскен уақытта таң намазына имамдық жасау үшін мешітке кіріп бара жатқан Алиге шабуыл жасады. Жараланған Али бірнеше күннен соң дүние салды (19 немесе 21 рамазан 40 хижри жыл/26 немесе 28 қаңтар 661 ж.). Абдуррахман бин Мулжам да жазаланды [18.2]. Кейінгі орын алған саяси оқиғаларда да хариджиттердің ықпалы жоғары болды. Олар ел арасында бүліктер шығарып, жазықсыз қан төгуді жалғастыра берді.

Омайядтар заманында бірнеше мәрте жеңіліске, тіпті қырғынға ұшыраса да, хариджиттер бас қоса келе Шабиб бин Язид аш-Шайбанидің басшылығымен Мардин мен Нусайбин арасындағы Жоғарғы Тигр аймағына орналасты және Куфа мен оның аймағына тонаушылық әрекеттер жасап тұрды. Хажжаждың отызға жақын жорықтарының бірнешесін жеңген, тіпті, Куфаны да басып алған Шабиб, Хажжаждың 696 жылғы шабуылына төтеп бере алмай, Кирман тауларына қашуға тырысқанда Ахвездағы Дужайл суына батып өлді. Хариджиттер Омайядтар билігінің соңғы кезеңдерінде бастапқы кездегі сияқты қауіпті болмағанмен, династияның әлсіреуіне байланысты көтерілістерін үдете түсті және әртүрлі аймақ халқтарының берекесін қашырды.

Аббасилер кезеңінде хариджиттердің белсенділігі азая түсті. Аббасилер билігінің алғашқы жылдарында азарика, суфрия, нажадат сияқты хариджиттік тармақтар Ирак пен оның маңайында және Солтүстік Африкада бірнеше көтерілістер ұйымдастырды. Халифа Махидің заманында Хорасанда пайда болған хариджиттер 777 жылы Аббасилерге қарсы көтерілді. Бірақ артынша халифа әскерінен жеңіліп, басқа да хариджиттік көтерілістер басып тасталып отырды. Хорасанда табысқа жете алмаған хариджиттер Солтүстік Африкада да көтерілістер ұйымдастыра бастады. Тіпті, Траблус, Микнаса және Сижилмаса аймақтарын бақылауға алып, олар Рустамилер мемлекетін құрды және хариджиттердің ибадия тармағы осы жерде пайда болды. Аббаси басшылары олармен шайқастар жүргізіп отырды. Ибадия тармағы Басрада, Иеменде,

Хадрамутта, Оманда, Солтүстік Африкада және Мағрибте бүгінгі күнге дейін өмір сүріп келе жатқан жалғыз хариджиттер болып есептеледі. 684 жылы өз іштерінде көзқарастары сәйкес келмегендіктен және Ибн ал-Азрактың тым қатал саясаты нәтижесінде хариджиттер Нафи б. Азрак пен Нажда б. Амр басшылығында екіге бөлініп кетеді. Хариджиттердің өз араларында бөлінісі осы екі тармақтың пайда болуымен басталды. Ибн ал-Азрактың тым қатал болғандығын өзінің жақтастары алдында сөйлеген сөзінен көруге болады. Ол Алла тиым салған айдан бөлек, басқа айлардың бәрінде дінсіздерге қарсы соғысуға шақырды: «Дінсіздерді ұрып, соғындар, оларды қай жерде көрсендер де өлтіріндер, Алла біздің көзімізді ашып, дұрыс жолға түсірді. Біз Пайғамбарымыздың кезіндегідей дінсіздермен, кәпірлермен қарым-қатынаста болмауымыз керек, олардың сойған малын жеу харам, олардың әйелдеріне үйленуге, олардан дін үйренуге болмайды», деп дәріптеді. Қарап отырсақ, дәл осы көз-қарастарды радикалды сәлафиттердің көзқарастарынан көруге болады. Олар осындай көзқарастарды таратып, адамдарды бір-бірімен жауластыруда. Ал бұл өз кезегінде әлі күнге дейін хариджиттік ағымының қоғамда әсері бар екендігін көрсетеді.

Әбу Мансур ал-Бағдади «Әл-Фарқ бәйнәл фирак» атты еңбегінде хариджиттерді негізгі жеті топқа бөліп қарастырып, олардың тағы да ішінара он жеті топқа бөлінгендігін айтады. Бір қызығы, барлығы да хариджиттік ағымынан болуына қарамастан, әрқайсысының өзіне тән сенімдік ерекшеліктері бар. Солардан кейбіреулеріне тоқталар болсақ:

1. Әзариқа-Әбу Рашид Нафи ибн ал-Әзрак негізін салған топ. Олар хариджиттік топтардың ішіндегі ең қатыгездері. Ислам тарихында 7 ғасыр соңында пайда болып, Мекке халифасы Абдулла ибн Зубайр және Омеяттармен он тоғыз жыл бойы аяусыз соғыстар жүргізген. Тарихқа үңілер болсақ, осы азариқа тобының жасаған сан түрлі қылмыстары мен қатыгездіктерін көруге болады. Олардың негізгі сенімдері былайша құралады:

– өздеріне қосылмаған басқа мұсылмандарды кәпірлікте айыптап, олардың қанын өздеріне халал санайды;

– мұсылмандар тұрып жатқан Отанын «дарул харб» (шариғат үкімдерімен басқарылмаған ел) деп атап, сол жердегі әйелдерді, балаларды өлтіруді өздеріне халал санайды. Қазіргі кезде дәл осындай ұстаным тәкфир жамағатында да бар;

– басқа хариджиттік топтардан олардың негізгі айырмашылығы – өздеріне қосылмаған-

дардың балалары да мәңгілік тозақтық деп есептеуі;

– Пайғамбарлар үлкен және кіші күнә істеуі мүмкін деп есептейді;

– адамдарды дінсіздерге қарсы күресуге шақыратын имамды жақсы имам санайды.

2. Нәжәдат- Нәждат ибн Амир әл-Ханафидің ізін қуашылар. Нәждат ибн Амирдің Нафи ибн Азрактан бөлініп кетуінің себебі, азариқа тобының тым қатыгездігі, яғни өзге мұсылмандардың қанын төгіп, мал-мүлкін иеленуге болады деген түсініктері. Жақтастары Нәждат ибн Амирді «мүминдердің әміршісі» деп атайды. Бұл топтағы ішінара дау Нәждаттың ұлының жасаған қателігінен басталған. Ұлы жасақпен Катифке барып, ол жердегі еркектерді түгелдей қырып, әйелдерін тұтқынға алып, өзара бөліседі. Мұны естіген Нәждат әрекеттерін дұрыс еместігін айтады. Олар мұны білместіктен жасадық деп ақталады. Білместіктен жасаған бұл әрекетке Нәждат кешіріммен қарағаны үшін өзгелер арасында дау шығады. Нәждат сол кездегі Халифа Абдулмалик ибн Маруанмен хат алысқандығы үшін, өз жақтастары тарапынан күпірлікте айыпталады. Сенім ерекшеліктері:

– Тақияны қабылдайды, яғни қауіп төнген жағдайда өтірік айтып, сенімдерін жасырады;

– халифа немесе басшы тағайындау шарифаттың ісі емес.

3. Суфрия- Зияд ибн әл-Асфар негізін салған топ. Олар өздеріне қосылмағандарды кәпір демейді, бірақ әзариқалар сияқты күнә істегендерді кәпірлікте айыптайды. Амалда тақия жасауды дұрыс санамайды. Сенімдері:

– Өз араларындағы біреу ұрлық жасаса немесе зина жасаса, оны кәпір немесе мүшрик деместен, Құран тілімен зинақор немесе ұры деп атаған;

– намаз оқымаған немесе ораза ұстамаған адам кәпір;

– соғыстан қашқан адам кәпір.

4. Ажарида – Абдулкарим ибн әл-Ажрадтың соңынан ерушілердің атауы. Сенімдік ерекшеліктері:

– Тақуалығы үшін соғысқа қатыспағандарды сатқындықта айыптамаған;

– өздеріне қосылмаған мұсылмандарды тек соғыста өлтіру халал деп есептеген;

– мүшрик ата-анадан туылған бала балиғат жасқа толмай қайтыс болса, ата-анасы сияқты ол да тозаққа барады;

– Құрандағы ғашықтық жайында айтылған қиссаларды қабылдамағандықтан, Юсуф сүресін Құранның сүресі деп есептемейді.

5. Ибадия – Абдулла ибн Ибадтың артынан ерушілердің тобы. Өзге хариджиттік топтарға қарағанда, сенім тұрғысынан ахлу-суннаға жақын. Олар қазіргі кезде Оман мемлекетінде көптеп кездеседі.

Хариджиттік ағымы жоғарыда айтылғанындай өзараларында тағы қаншама топтарға бөлінген. Оның негізгі себебі, көзқарастарының үйлеспеуінде. Көзқарастарында ауыз бірліктің болмауының себебі, жоғарыда айтылғанындай, хариджиттер көбінесе білімсіз бәдәуи және исламды кейіннен қабылдаған халықтардан құралған еді. Білімдерінің таяздығы нәтижесінде Құран аяттарын әрқайсысы әртүрлі түсінді және түсіндірді. Соның нәтижесінде өз араларында пікір, түсінік қайшылықтары туындап, іштей ағымдарға бөлініп кете берді.

Қорытынды

Тарихқа үңілер болсақ, хариджиттік топтың құрылуы, діни сипаттан гөрі саяси сипатқа жақын келеді. Өйткені, олардың тарихта жүзеге асырған астыртын әрекеттерін, қантөгістерін ешқашан діни сипатпен ақтап алуға болмайды. Бейбіт өмірді дәріптеген ислам діні қай жағынан қарасаң да, өзгенің қанын төгуге рұқсат бермейді. Яғни хариджиттердің сол кездегі билікке, басшылыққа қарсы күрестерін діни сипатқа үйлестіріп көрсетпек болғандықтары үлкен қателік. Жоғарыда айтылғанындай, бәдәуи тайпаларынан шығуына байланысты олар, өте қатыгез, төзімсіз. Сонымен қатар, соғыстарға жихадты сылтауратып шыққандарымен, негізгі мақсаттары мал-дүниеге қол жеткізу, басқаның малын оңай иелену болғандығы

анық көрініп тұрады. Олар өздерінің іс-әрекеттерін ақтау үшін өздеріне ыңғайлы дәлелдер жүйесін қалыптастырып, өзгелерді кәпірлікте айыптап, кәпір деп білген кісінің малы мен жанын өздеріне адал санау, олар үшін қалыпты жағдай. Алланың кітабына сүйенетіндіктерін сылтаурату, кез келген діни мәселені нақылға негіздеу тағы да басқа осындай мәселелерден құралған дәлелдер жүйесі алғашқы кезден бастап, ислам дінінің негізгі жауы болды және қазірге дейін бұл көзқарастар жүйесі үзілер емес. Осы көзқарастардың жүйесі сол хариджиттерден бастау алып, кейіннен ибн Таймийа жақтастарын, уаххабилерде, 19 ғасырда ортаға шыққан жадидшілердің артынан ерушілер және қазіргі кезде өзін сәлафит деп атаушылардың идеологиясында жалғасын тауып жатыр. Осылайша ислам дінін догмаға айналдырып, исламафобияны күшейтуде. Яғни хариджиттер пайда болғаннан бастап, қазірге дейін Ислам қоғамның негізгі проблемасына айналып отыр. Бір кездері мұсылмандардың қанын жазықсыз төккендіктері үшін халифтардың бұйрығымен оларды жойып жіберетін еді. Бірақ бүгінгі күні солардың көзқарастарын толығымен болмаса да, өздеріне алып, өзгелерді кәпір санайтын, өзгенің малы мен жанын өздеріне халал санайтын радикалды топтар бар. Олар бүгіннің өзінде шарифаттың шегінен шығып, Алла Құранда тиым салған, жасалуы күнә саналатын әрекеттерге баруда. Солардың негізгісі бұл өзгенің қанын төгу. Осылай ислам дінінің алғашқы кезеңінде дүниеге келген хариджиттер сенімі бүгінгі күні уаххабилік-салафилік ағымның негізгі ұстанымына айналып, Ислам әлемінде ірі қантөгістерге себеп болуда.

Әдебиеттер

- 1 Mesud Cubran er-Ra'id. – Beirut, 1986. – C.1. – s. 617
- 2 Abdülkadir Şeybe, Çağdaş Dünya Dinleri ve Mezhepleri. – Ist. 1995. – s. 147.
- 3 Yaşar Kutluay, Tarihte ve Günümüzde İslam Mezhepleri. – Ank. 1968, – s.57-59.
- 4 Ethem Ruhi Fiğlalı, İbadiyenin Doğuşu ve Görüşleri, Doktora Tezi. – Ank, 1983. – s.52.
- 5 Sabri Hizmetli, İslam Tarihi. – Ank. 1991. – s. 220.
- 6 Eüset Bukeyrb.Said, Dirasat-I İslamiyefil Usülil-İbadiyye, Kahire, – M.1988/H.1408. – s.35.
- 7 Bağdadi, al-Fark beyne'l-Fırak, Beirut-Lubnan. – M.1993/H.1413. – s.74.Çev: Ethem Ruhi Fiğlalı, Ank.1991. – s.55.
- 8 Abdül-Hafız, el-İbadiyye Mezhep ve Sulük. – s.210.
- 9 Malati, et-Tenbih ve'r-Redd, Kahire. – M.1993/H.1413. – s.47.
- 10 İrfan Abdülhamid, İslamda İtikadi Mezhepler ve Akaid Esasları. Çev: Saim Yeprem, Ist.1981. – s.74.
- 11 Eş'ari, Makalatu't-İslamiyyin, Beirut-Lubnan. – M.1995/H.1446. – C.1. – s.168.
- 12 Kadriye Yıldırım, Harici Zihniyetin Oluşumu ve Günümüzdeki Tezahürleri, Adana 2001, s.10.
- 13 Kuran-i Kerim. – Bakara Suresi. – 2/207
- 14 Neş'et Çağatay, I. Agah Çubukçu, İslam Mezhepleri Tarihi. – Ank.1965. – s.33.
- 15 Ignaz Goldziher, Introduction to Islamic Theology and Law. – New Jersey, 1979. – s.173.
- 16 W.Montgomery Watt İslam and the integration of Society. – s.112.

- 17 М.М. Мырзабеков, Ислам тарихы. – Түркістан, 2015. – 136-138 б.
18 О.Г. Большаков История халифата. – Том 3. – с.55.
19 Куфи. – Том4. – с. 89-97.

References

- 1 Mesud Cubran er-Ra'id. – Beirut,1986. – C.1. – s. 617
- 2 Abdülkadir Şeybe, Çağdaş Dünya Dinleri ve Mezhepleri. – Ist.1995. – s. 147.
- 3 Yaşar Kutluay, Tarihte ve Günümüzde İslam Mezhepleri. – Ank.1968, – s.57-59.
- 4 Ethem Ruhi Fiğlalı, İbadiyenin Doğuşu ve Görüşleri, Doktora Tezi. – Ank, 1983. – s.52.
- 5 Sabri Hizmetli, İslam Tarihi. – Ank.1991. – s. 220.
- 6 Eüset Bukeyrb.Said, Dirasat-I İslamiyyefil Usülil-İbadiyye, Kahire, – M.1988/H.1408. – s.35.
- 7 Bağdadi, al-Fark beyne'l-Fırak, Beyrut-Lubnan. – M.1993/H.1413. – s.74.Çev: Ethem Ruhi Fiğlalı, Ank.1991. – s.55.
- 8 Abdül-Hafız, el-İbadiyye Mezhep ve Sulük. – s.210.
- 9 Malati, et-Tenbih ve'r-Redd, Kahire. – M.1993/H.1413. – s.47.
- 10 İrfan Abdülhamid, İslamda İtikadi Mezhepler ve Akaid Esasları. Çev: Saim Yeprem, Ist.1981. – s.74.
- 11 Eş'ari, Makalatu't-İslamiyyin, Beyrut-Lubnan. – M.1995/H.1446. – C.1. – s.168.
- 12 Kadriye Yıldırım, Harici Zihniyetin Oluşumu ve Günümüzdeki Tezahürleri, Adana 2001, s.10.
- 13 Kuran-i Kerim. – Bakara Suresi. – 2/207
- 14 Neş'et Çağatay, I. Ağah Çubukçu, İslam Mezhepleri Tarihi. – Ank.1965. – s.33.
- 15 Ignaz Goldziher, Introduction to Islamic Theology and Law. – New Jersey, 1979. – s.173.
- 16 W.Montgomery Watt İslam and the integration of Society. – s.112.
- 17 М.М. Мырзабеков, Ислам тарихы'. – Түркістан, 2015. – 136-138 б.
- 18 О.Г. Бол'шakov İstoriya xalifata. – Том 3. – s.55.
- 19 Kufi. – Том4. – s. 89-97.

Байтенова Н.Ж.,
Нуршанов А.А.

**Эволюция исламистского
радикализма: от идейных
истоков к современной
доктрине**

В данной статье рассматриваются концептуально-понятийные и теоретические основания и эволюция исламистского радикализма от его идейных истоков и до современной социально-политической доктрины. Кроме того, в статье проводится общий обзор предпосылки и причин возникновения исламистского радикализма и их современные проекции. В последние десятилетия в мировой политике все большее значение приобретает исламистский радикализм с его идеологией и практикой, а также его крайними формами – экстремизмом и терроризмом. Исламский радикализм воздействует на политический процесс и серьезно дестабилизирует мировую политическую ситуацию. Этому способствует ряд причин как внутреннего, так и внешнего характера. Назовем лишь некоторые из них. Известно, что в настоящее время в мусульманском мире стремительно нарастает социально-политическая нестабильность. Об этом явственно говорит так называемая «арабская весна», которая в настоящее время охватила многие мусульманские страны Ближнего и Среднего Востока, в которых все большее влияние имеют радикальные исламистские организации, различные леворадикальные группировки и режимы, способствующие дестабилизации в этих странах.

Ключевые слова: ультрарадикалы, исламистский радикализм, традиционализм, ИГИЛ, дестабилизация.

Baitenova N.,
Nurshanov A.A.

**Evolution of Islamic radicalism:
from the beginnings to modern
ideological doctrine**

This article discusses conceptual and theoretical bases of Islamist radicalism, the evolution of Islamist radicalism from its ideological origins to the modern socio-political doctrine. In addition, the article provides an overview of the Islamist radicalism background and causes and its modern projection. In the last decades Islamist radicalism, with its ideology and practice, as well as its extreme forms as extremism and terrorism become increasingly important in world politics. Islamic radicalism affects the political process and seriously destabilizes the global political situation. This contributes to a number of reasons, both internal and external nature. We can name just some of them. It is known that the socio-political instability rapidly grows in the Muslim world at the present time. This clearly speaks about the so-called «Arab spring», which is currently applied in many Muslim countries of the near and Middle East, and in which the increasing influence of radical Islamist organizations, various leftist groups and regimes that contribute to destabilization in these countries.

Key words: ultra-radical, Islamist radicalism, traditionalism, ISIL, destabilization.

Байтенова Н.Ж.,
Нуршанов А.А.

**Ислам радикализмнің
эволюциясы: идеялық
бастауларынан бүгінгі
доктринасына дейінгі бейнесі**

Бұл мақалада исламдық радикализмнің теориялық және концептуалдық-ұғымдық негіздері, исламдық радикализмнің эволюциясы идеялық көздерінен қазіргі әлеуметтік-саяси доктринасына дейін қарастырылады. Одан бөлек, исламдық радикализмнің пайда болуы мен алғышарттарының және олардың қазіргі көріністерінің жалпы шолуы келтірілген. Әлемдік саясатта соңғы онжылдықтар барысында өзіндік идеологиясы мен тәжірибесіне және шешуші нысаны ретінде экстремизм мен лаңкестік қағидаттарға сүйенген исламдық радикализм мәселесінің маңызы арта түсуде. Исламдық радикализм өз қатарында саяси үдерістерге әсерін тигізе отырып, әлемдік саясаттағы тұрақсыздықты өршітуге ықпалын тигізуде. Бұған ішкі және сыртқы сипаттағы бірқатар мәселелер дәлел болып отыр. Біз тек ол мәселелердің кейбіріне ғана тоқталып өтеміз. Қазіргі таңдағы мұсылман әлемінде әлеуметтік-саяси тұрақсыздықтың өршіп тұрғаны анық. Бұған қазіргі уақытта Таяу және Орта Шығыстағы көптеген мұсылман елдерін қамтыған «араб көктемі» оқиғасы айқын дәлел және бұл елдердегі тұрақсыздықтың негізгі әсері ретінде түрлі радикалды исламдық ұйымдар, сол радикалды топтар мен режимдердің ықпалы өте күшті.

Түйін сөздер: ультрарадикалдар, исламдық радикализм, дәстүршілдік, ИГИЛ, дестабилизация.

**ЭВОЛЮЦИЯ
ИСЛАМИСТСКОГО
РАДИКАЛИЗМА:
ОТ ИДЕЙНЫХ ИСТОКОВ
К СОВРЕМЕННОЙ
ДОКТРИНЕ**

Сегодня можно говорить о сложившейся социально-политической доктрине исламизма, которая прошла долгий путь своего идеологического становления. В эволюционном развитии идей исламистского радикализма выделено три этапа: панисламизм, националистический исламизм, исламизм глобального характера. В то же время исламизм глобального характера как практическая деятельность существует на четырех уровнях – локальном, национальном, региональном, глобальном. На каждом уровне ставится одна и та же задача – установление нового исламского государства (исламского пространства, если создать государство невозможно) и формирование исламистского общества; везде присутствуют одни и те же религиозно-идеологические конструкты. Идеи исламистского радикализма впервые получили свое теоретическое обоснование в работах Х. Аль-Банни, А. Маудуди, С. Кутба. Мусульманские идеологи считаются основателями социально-политической доктрины исламизма. Главной целью в этой доктрине они объявили построение нового исламистского государства – «джихад» как единственный способ возвращения мусульманского общества к истинной вере и утверждения исламского порядка [1, с. 125-126].

Идеология, основанная на концепте «джихада», стала наиболее актуальным мировоззрением всего исламистского радикализма в глубочайший кризис идентичности и легитимности в мусульманском мире в последней четверти XX века. Идея вооруженного джихада по-прежнему активно проповедуется ультрарадикалами [1, с. 1-13].

Делая общий анализ обоснования того, что современная социально-политическая доктрина нового исламистского радикализма выступает как идеология национального развития на территории исламских государств, альтернативной западному глобализму, а также стратегией выживания исламского социума выступают новые исламистские течения с использованием всего арсенала умеренных и ультрарадикальных средств борьбы.

1. Теоретико-методологические основы анализа исламистского радикализма

В течение достаточно продолжительного времени в разных районах мира формируется зона возрастающей многоуровневой нестабильности социально-политической, этнополитической, военно-политической с активной вовлеченностью в дестабилизационные процессы и акции радикальных исламистских организаций, движений, группировок и режимов.

Традиционализм характеризуется тем, что его сторонники (их еще иногда называют ортодоксами) выступают против каких-либо реформ ислама, за сохранение ислама таким, каким он, в основном, сложился в эпоху добуржуазных социально-экономических, политических и культурных институтов и представлений. Они предлагают возвратиться именно к указанному состоянию ислама, противодействуя при этом каким-либо переменам – как в религиозной сфере, так и в общественной жизни. Носителями традиционного сознания, как правило, являются представители официального духовенства, поддерживающие правящие режимы [2].

В данный момент накоплен определенный материал по изучению новых исламистских течений в Казахстане и в современной мировой геополитике в целом.

На современном этапе имеется несколько теоретических подходов к пониманию исламистского радикализма: общетеоретические и концептуально новые исламистские течения можно рассматривать с нескольких позиций:

1) наиболее преобладающей в Казахстане и в мире в целом является точка зрения ученых и общественных деятелей ислама о том, что нетрадиционный ислам и ислам – разные понятия социокультурно-несовместимые;

2) существует мнение и о том, что новые исламистские течения относятся не к исламу, а к исламу. Так, глава итальянских мусульман шейх А.Х. Палацци в своей статье «Исламисты ошибаются» обосновывает несколько концептуальных идей: наиболее важным признаком, отличающим ислам от нетрадиционного ислама, является то, что последний подчиняет политику религии [3, с. 47].

Цитируя Х. Дюрана, он показывает, что исламизм напоминает фундаменталистов в других религиях, повторяет фашизм и коммунизм в стремлении совершенствовать методику господства над населением. По мнению Х. Дюрана, некоторые мусульмане не отрицают, что политическая воля является частью мусульманской

этики, но большинство не согласны с существованием четко определенной «исламской системы», отличающейся от других политических систем;

– новые исламистские течения, опираясь на современные европейские модели, устанавливают понимание своей политики в системе «революционное движение – элитарная схема управления обществом посредством тайных культов, действующих за кулисами, – консенсус, достигаемый путем пропаганды»;

– новые исламистские течения утверждают, что они авангард мусульман, интегрирующие веру и политику, но их главная задача – получение власти и реализация ее только исламистами с исключением из политического процесса иных сил;

Иррационализмде тарихи шартталған құрылымдар жоғалады. Өз бейнесін жоғары адамнан табатын, билікке ұмтылатын виталды ерікті, өмірдің иррационалды ағынын, Дионис культін марапаттайтын Ницше философиясы, Ницшеден кейін өзінің «өмірлік ұмтылыс», ұзақтық, табиғаттың бүкіл өмір туралы ілімін алып Бергсон жетті. Зерде мен пайымның адамды осы бастапқы түпнегізден алшақтатып, күнделікті өмірдің адамды зорлықпен бөлшектеп жадағайландыратындығы, адами және ғарыштық болмыстың ақиқат бастапқы негізін айқындауға интуиция ғана қабілеттілігі насихатталды [9].

Иррационализм мен трансцендентализмге көшудің белгісі прагматикалық ағымда бейнеленді. Адам мұнда әрекетшіл тіршілік иесі ретінде түсіндіріледі. Уақыттан тыс, қатаң белгіленген адам болмысы терістеледі. Ол индивид ретінде, тарих ағынында тұр. Егер адам бұл ағында қандай да бір тіреніш-сүйеніш тапқысы келсе, оған тек әрекет арқылы ғана қол жеткізе алады. Өз әрекетімен өзіндік дүние жасап, тоқталмас-таусылмас ағынға форма беріп, тәртіп ендіреді. Қоршаған хаоспен күресе отырып, өз дүниесін құрайды.

Джемс Дьюи және ағылшын Шеллер негіздеген «әрекетшіл тіршілік иесі» ретіндегі адам ілімін Геллен қайта тұжырымдады. Геллен Ницшенің – «адам – «айқындалмаған жануар»» яғни, кемшілікке толы, бірақ өз әрекетінің барысында қалыптасатын тіршілік иесі, сондықтан өз дүниесін өзі қалыптастыруға тиіс екендігі туралы тезисін дамытты.

Иррационализм мен прагматизм арасында орналасқан осы салаға Маркстің адам теориясы да жатады. Маркс адамды – өз-өзін және өз дүниесін өндіретін тіршілік ретінде түсіндіруге тырысты. Адам саналы түрде өз-өзін өз бостандығында анықтайды және дүниені техникалық тұрғыдан бағындыра отырып, оған өз белгісін таңады. Дүниені қалыптастыру міндетті түрде жеке адамнан жалпы қоғамға қарай бағытталады [10].

Трансцендентализмдегі трансценденталды субъект түрлі формаларда көрініс бере алады. Болмыс, Хайдеггер түсінігі бойынша, адам арқылы айқындалады, ол ешбір алдын-ала берілген қатаң құрылымға ие емес. Адамның тіршілігінің барысы осы индивидуалдылықтан жоғары болмыспен мәнді байланыс арқылы жалғасады, адам ол болмыс үшін ашық және оның тілін қабылдауға қабілетті. Адам – болмысты айқындау орны, ол енді (экзистенциализм мен прагматизмдегідей) болмыстың қожасы емес, ол «болмыстың пастыры». Трансценденталды-онтологиялық құрылымдар субъектінің ығыстырылған тереңінде туады. (Хайдеггер, Виндельбанд). Субъектілер өз қайнарларын жаңа плюрализмнен табады және ең соңында ол субъектілер біртұтас трансценденталды субъектінің нақты біртұтас образына бірігеді. Соңғы сатыда трансценденталды құрылымдардың жалпы сипаты біртіндеп жойылып, өз тегінен алыстай және дербестене түседі. Субъектке керісінше,

олар объективті, тәуелсіз мәнге ие болады. Субъект оларға бағынышты. Осылайша біз объективті идеализмге келеміз [11].

Индивид пен мәдени формалар арасындағы тұрақты өзара ықпалдастық идеясын соңына жеткізер болсақ, біз соңғы, объективті рухтың формалары барлық тарихилық пен субъективтіліктен толығымен бас тартып, ешбір өзгеріс әсер етпейтін абсолютті патшалықта тіршілік ететін нүктеге жетеміз. Осылайша шеңбер тұйықталады. Біз қайтадан өзіміздің алғашқы және негізгі типімізге – адамның объективті мәндер мен құндылықтарға бағынуына қайта ораламыз. Формалар мен нормаларды қайта қалыптастыру өз мақсатына жетті. Алайда, біздің прагматикалық оқымыстылық заманымыздың ерекшелігі, ұшқары іс объективті идеализмге барып тірелуі өте сирек. Мұндайда көбіне неміс классикалық әлеміне, бірінші кезекте Гегельге сүйенеді. Бірақ жекелеген субъектінің мәні Гегельден өзге ешбір жүйеде дәл бұлайша, аса қатты төмендетілмейді.

Әдебиеттер

- 1 Яблоков И.Н. Основы теоретического религиоведения. – М., 1994. – С. 149.
- 2 Красников А.Н. У истоков современного религиоведения // Классики мирового религиоведения. – Антология. Т.1 / Пер. с англ., нем., фр. Сост. и общ. ред. А.Н. Красникова. – М., 1996. – С. 17–27; International congress for the history of religions 12th. Stockholm, 1970; Leiden, 1975. – P.16.
- 3 Никонов К.И. Философско-антропологические аспекты религиозного плюрализма.
- 4 Аринин Е.И. Религия вчера, сегодня, завтра. – Архангельск, 1994. – Вып.3. – С. 77.
- 5 Спиркин А.Г. Мировоззрение // Философский энциклопедический словарь – М., 1989. – С. 367.
- 6 Гардинер П. Кьеркегор. Очень краткое введение. – М.: «Астрель»: АСТ, 2008. – 192 с. («Оксфорд»).
- 7 Аринин Е.И. Философия религии. Принципы сущностного анализа. – М., 1988. – С. 123.
- 8 Фейербах Л. – Соч. В 2-х т. – Т.2. – М.: Наука, 1995. – С. 188.
- 9 Фейербах Л. История философии. Собрание произведений в трех томах. – М.: «Мысль», 1967. – Т. 2. – С. 368.
- 10 Брюнинг В. Философская антропология // Западная философия: Итоги тысячелетия. – Екатеринбург, «Деловая книга», Бишкек, «Одиссей», 1997.
- 11 Бұл да сонда.

References

- 1 Yablokov I.N. Osnovy' teoreticheskogo religiovedeniya. – M., 1994. – S. 149.
- 2 Krasnikov A.N. U istokov sovremennogo religiovedeniya // Klassiki mirovogo religiovedeniya. – Antologiya. T. 1 / Per. s angl., nem., fr. Sost. i obshh. red. A.N. Krasnikova. – M., 1996. – С. 17–27; International congress for the history of religions 12th. Stockholm, 1970; Leiden, 1975. – R.16.
- 3 Nikonov K.I. Filosofsko-antropologicheskie aspekty' religioznogo plyuralizma
- 4 Arinin E.I. Religiya vchera, segodnya, zavtra. – Arxangel'sk, 1994. – Vy'p.3. – S. 77.
- 5 Spirkin A.G. Mirovozzrenie // Filosofskij e'nciklopedicheskij slovar' – M., 1989. – S. 367.
- 6 Gardiner P. K'erkegor. Ochen' kratkoe vvvedenie. – M.: «Astrel'»: AST, 2008. – 192 s. («Oksford»).
- 7 E.I. Arinin. Filosofiya religii. Principy' sushhnostnogo analiza. – M., 1988. – С.123.
- 8 Fejerbax L. – Soch. V 2-x t. – T.2. – M.: Nauka, 1995. – S. 188.
- 9 Fejerbax L. Istoriya filosofii. Sbranie proizvedenij v trex tomax. – M.: «My'sl'», 1967. – T.2. – S.368.
- 10 Bryuning V. Filosofskaya antropologiya // Zapadnaya filosofiya: Itogi ty'syacheletiya. – Ekaterinburg, «Delovaya kniga», Bishkek, «Odissej», 1997.
- 11 Bul da sonda.

Жамалов Қ., Шынтаева Н.С.
**Қазақстандағы діни сенімнің
ұштасқан ұғымдары**

Адамдар әрқашан қоғамдық өмірдің парасатқа сай келетін түрлерін іздестіреді. Бұл өмірде кездесетін зұлымдық деген не, одан қалай сақтануға болады деген тәрізді сұрақтар шешімін іздеуге алып келеді. Ғасырлар қойнауынан жеткен рухани ұстанымдар қазақ ойшылдарының әлеуметтік проблемаларды дін және білімге сүйеніп шешуге талпынғанын көрсетеді. Қазақ халқының рухани өмірі, тіршілігі, тұрмыс салты, дәстүрлері ауыз әдебиетінен көрінісін тапты. Олар шаруашылық және әлеуметтік өмір ерекшеліктерінен туындаған сұрақтар шешімін іздестіруге мәжбүр болды. Осыдан Ғаламның мәні, жаратылыс және жаратылыстан тыс әлемдердің өзара қатынасы, заттар әлемі мен денесіз рухтар әлемі, жердегі адам тағдырын шешетін Тәңірінің орны туралы сұрақтарды ой елегінен өткізу сұранысы туындайды. Тәңіріге сенімнің күшті болғаны сонша, көшпенділер ежелгі замандардан өмірлік мәні бар сұрақтар: өзекті өртеген жоқшылық, жұт жылдары мен болашаққа деген үмітін, бақытты болашағын Тәңірімен байланыстырады. Осыған орай мақалада рухани, адами рухани қызметтің өзекті жақтары қарастырылады.

Түйін сөздер: имандылық, кісілік, қанағат, адамгершілік тәрбиесі, көшпенді өмір салты, Тәңірі, халықтық сенім сипаты, ағартушылық, руханият, интеллект, құлықтылық, дүниетанымдық көзқарас.

Zhamalov K., Shyntayeva N.S.
**About the continuity of religious
concepts of Kazakh people**

People are always searching for rational forms of organization of social life. Thoughts on given question made us to search the answer to the question, why there is evil and how to get rid of it? And the most gifted representatives of Kazakh nation connected the solution of given question with religion and education. The spiritual world of Kazakh people was deeply reflected in poetry. Everything was reflected in poetry: the way of life, habits and morals, rituals, customs and traditions of nomadic nation. The features of economic and social life were forced to search for the answers to burning questions of social system. They provided food for the thought of universe essence, the ratio of natural and supernatural world, the corporeal world of things and incorporeal world of spirits and the role of Tengri in fate decision of earthly man. The cult of Tengri was so strong that from ancient times nomads every step of their life, all troubles, failures, sorrows and their hopes, happiness associated with it. Images of folk superstitions meant preventions from thoughtless steps and actions. Oral folk arts of Kazakh thinkers, works of Ch.Valikhanov, A. Kunanbaev, Sh. Kudayberdiev, M. Dulatov, S. Asfendiyarov, A. Baitursynov, A. Bokeyhanov and others are indicative about it. Their works are invaluable sources in the study of meaning and role of belief in the process of national worldview formation. In this regard, problems of spiritual development of mankind also are taken into account in the article.

Key words: morality, moral education, humanity, moderation, Tengrianism, nomadic life, people's faith, illumination, spirituality, intellect, world outlook etc.

Жамалов К., Шынтаева Н.С.
**О преемственности религиозных
понятий казахов**

Люди всегда искали рациональные формы организации общественной жизни. Размышления по данному вопросу приводили к поискам ответа на вопрос, почему существует зло и как от него избавиться? И наиболее одаренные представители казахского народа связывали решение данного вопроса с религией и образованием. Духовный мир казахского народа нашел свое глубокое отражение в поэзии. В ней отразилось все: особенности быта, привычки и нравы, обряды, обычаи и традиции кочевого народа. Особенности хозяйственной и социальной жизни принуждали искать ответы на животрепещущие вопросы социальной системы. Они давали пищу к осмыслению сущности мироздания, соотношения естественного и сверхъестественного, телесного мира вещей и бестелесного мира духов, роли Тенгри в решении судьбы земного человека. Культ Тенгри был настолько сильным, что с древнейших времен кочевники каждый шаг своей жизни, все беды, неудачи, горести, а также свои чаяния и надежды связывали с ним. В этой связи в статье рассматриваются также и проблемы духовного развития человечества.

Ключевые слова: нравственность, нравственное воспитание, человечность, умеренность, Тенгрианство, жизнь кочевников, народная вера, просвещение, духовность, интеллект, мировоззрение.

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ДІНИ СЕНІМНІҢ
ҰШТАСҚАН
ҰҒЫМДАРЫ**

Халқымыздың тұтас тағдыры, өмір қайшылығы, келешек туралы болжамдары әртүрлі тарихи дәуірлерде өмір сүрген ғұламалар шығармалары мен ауыз әдебиетінен кең орын алды. Аттары аңызға айналған, халқының өмір, тіршілігі туралы соңына деректер қалдырған, ақыл-кеңестер берумен қатар, заманының келеңсіздіктерін көрсеткен ойшылдар мен жыраулар, шешен, билер елінің қамқоршысы бейнесінде халық санасынан үлкен орын алып, аттары бүгінге жетті. Осы терең ойлы данышпандардың азаматтық тұлғасы, әлеуметтік өрбу, жан-жақты дамуға байланысты көтерген пікірлері, дін мәселелері қоғамдық ғылымдар тарапынан кең көлемді зерттеуге нысан болып отыр.

Бүгіннің өзекті мәселелері өткен тарихқа зер салуға итермелейді. Өйткені, дін бағытындағы «келеңсіз» көріністердің шығуына тек кеңес үкіметінің дінге деген салқын саясаты әсерін тигізіп қоймай, оның негізінің тереңде жатқанын да көрсетеді.

Ерте заманнан қалыптасқан дала мәдениетінің тыныс тіршілігі халықтың арман тілегінен, сенімі мен үмітінен хабар береді. Халық тіршілігі туралы айтылатын ұстанымның өзіндік ерекшелігін көрсеткен дала данышпандары қолданған: ел, жер, кісі, дүние, жалған, пәни, тағдыр, заман, өмір, өлім, жақсы, жаман, жан, ниет, қанағат, рахым, ар, ұят, намыс т.б. ұғымдардың әлемдік рухани құндылықтармен қатар тұрғаны сөзсіз. Ал қазақ мәдениеті мамандарының пікірлеріне ден қойсақ: «Қазақтың төл мәдениетінде экологиялық мәселе әдептілік жүйесіндегі обал және сауап деген ұғымдармен тікелей байланыстырылды» [1, 127 б].

Ежелгі көшпенділер тіршілігінің діни дүниетанымдық бағдары тәңіріге телінеді, отқа, суға, жерге, төрт түлік мал иелеріне, аруаққа табынумен көрсетіледі. Өздерін көк аспан–Тәңірінің қалауымен билік құрып отырмыз деп түсінген және осындай пікірді кең насихаттаған түркі қағандарының, ертедегі жазба ескерткіштерінің бірі – «Күлтегінде» Білге қаған: «Тәңірі жарылқағандықтан, өзімнің бақытым бар болғандықтан... қаған болып, жоқшылық көрген кедей халықты көп көтердім, бай қылдым», – дейді [2, 8 б.].

Ауыз әдебиетімен осы заманға жеткен Қорқыт Ата туралы түркі тілдес халықтар арасындағы аңыздарда сенім, тұрмыс

проблемалары қарастырылатын толғаныстар мазмұнымен қаттасып, қабаттасып көрінісін табады. Қорқыт ата мұралары сараланатын зерттеушілер еңбектерінде халықтық дүниетанымының айқын көрініс тапқаны, өмірдің мәні мен мағынасы, мақсат-мұраттары, адамгершілік, өмір мен өлім туралы мәселелердің көтерілгені ерекшеленеді.

Халқымыздың «өзекті жанға бір өлім» деген терең даналыққа толы пайымдауына байланысты Қорқыт Атаның өмір туралы көзқарасы адамның өлімнен құтылмайтынына меңзейді, оғыз халқының тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, ел билеу дәстүрі, жаугершілік, қиын да қызғылықты өмірі туралы мәліметтер береді.

Өлімнен қашып құтылуға болмайтыны туралы ой түйіндеген данышпан өнердің өлімнен күштілігі, сол арқылы өліммен күресуге болатыны туралы қорытындыға келеді. [3, 148,185 бб.]. Көк тәңіріне, жерге, суға табынған көне түркілер ғалам, тәңірі, сұр қасқыр, Ұмай ана, адам өмірінің мол тіршілік бастаулары, аңыздық тұлғалардың жан-дүниесі, толғаныстары туралы мәліметтер береді. Ә. Марғұлан Қорқыт Ата айтты деген мақал-мәтелдерді көптеп келтіреді. Атадан жеткен «Өшкен келмейді, өлген тірілмейді», «Қадір тәңірі бермесе ер байымас» деген даналық сөздер осы кезге дейін өзінің тағлымдық мәнін жоймаған рухани қазына.

Қорқыт Ата тағылымдарында имандылық, кісілік, қанағат, ата-ананы құрметтеу, ұл мен қыз тәрбиесі, әртүрлі мінез-құлық сипаттары, елі мен жерін қорғау, сол тарихи дәуір сипатын, көшпенді өмір салт ұстанымдарын, халықтық сенім сипаты пайымдалады.

Тәңірішіл көзқарас қазақ жыраулары шығармаларынан да кездеседі. Таптық құрылым пайда болған қоғамдағы әлеуметтік айырмашылық, яғни теңсіздік мәселелерінің туындауы жыраулар шығармаларында жоғарғы күш иесі-Тәңірінің еркімен байланыстырылады. Тебінгіге жетер жетпес су теңіз болса, жас шыбық жапырағы жайқалған терек болса, жұрт иесі болатын ұлықтың да адамгершілік абыройының еректігі Тәңіріден болатыны айтылады:

«Тәңірінің өзі берген күнінде,
Хан ұлынан артық еді менің несібем.
Азаулыға аға болған ерлер көп еді,
Әйтсе де, алмаға ат байлағаны жоқ еді» [4, 32 б.]

деп жырлаған Доспамбет жырау көшпенділер тайпасының, рудың көсемі ретіндегі өзінің рухани бейнесін, даланың үстем табы өкілі ретіндегі

тұрпатын көрсетеді. Үстемдік пен бағыныштылықтың, жоғарғы билік иесіне мойынұсынудың пайда болуын:

«Тебінгінің астынан
Ала балта суырысып,
Тебінісіп келгенде
Тең атаның ұлы едің,
Дәреженді артық етсе Тәңірі етті»

деп, Шалкиіз жырау жырлаған заманда, қалыптасқан әлеуметтік құрылым жүйесіне байланысты халықты басқарған төре, сұлтандар, қол бастаған батырлар мен билер билігінің замана тұрғысына сай, діни санадан қолдау тапқанын пайымдаймыз. Шалкиіз:

«Тәңірі өзі бермесе
Менменсіп жүрген ер жігіт
Кісіден тартып алып жарымас» [4, 46 б.]

десе, Ақтамбердінің:

«Орнын тапқан ер жігіт
Жерсіз болар деймісің,
Орда тігіп орнаса,
Төрсіз болар деймісің» [4, 67 б.]

деген жыр шумақтарынан тек көшпенділерге тән психологиялық ерекшелік көрінісін табады, халқына адал қызмет көрсеткен адам байлықтың негізі – жерсіз де, кісінің әлеуметтік ортадағы орнын көрсететін төрсіз де болмайтынына меңзейді.

Қоғам дамуының заңдылығын, өзіндік ерекшелігін түсінбеу, ықылым замандардан сақталып келген ел бірлігінің аяққа басылып, хан, сұлтандардың жеке билікке ұмтылуы, ру аралық тартыс, дау-дамайларды сынаған ақын-жыраулар мұсылман дінін дәріптеуге ден қояды. Өмір, оның мәні және дін мәселелерін айтарлықтай зерделеген Бұхар жырау мен Шал ақын XVIII ғасыр ойшылдары еді. Уақыт талабына сай Бұхар жырау діннің ел өміріндегі игілігі төңірегінде сөз қозғап, оны елді бірлікке шақырудың бастауы, нұсқасы ретінде түсінеді:

«Мұсылманның баласы,
Сірә, бір кеңес құрыңыз,
Бір ауызды болыңыз»,

десе, Шал ақын:

Алланың күдіретінде шек жоқ.
Пенденің мұқтажсыз өмірі, мал жанды болуы, өмірге келуі мен ұзақ ғұмыры – бір Құдайдың қолында.

«Адамның басы, Алланың добы деген,
Қайда айдаса сол жаққа домалайды» [4, 117 б.].

деп тағдырдың маңдайға жазғаны болатынын дәріптейтін шариғат жолын айтады. Бұл жолды ұстамағандарды дүние азабының күтетініне меңзейді. Шариғат жолымен жүрген пенденің мәңгілік жұмақта өмір сүру мүмкіндігі барын дәріптейді. Міне, осы бастау ХІХ ғасыр ақындары шығармаларынан жалғасын табады. Отар елге айналу салдарынан туындаған ауыртпалықтар мен қайшылықтарды шешудің жолдары діни негізде қарастырылады. Ежелгі заманнан халықтың рухани болмысына сай келетін имандылық, бостандық, еркін өмірге деген мақсат-мүдделер айқындалады, баянды тіршілікке жетудің жолдары көрсетіліп, саяси мәні бар өзекті мәселелер көтеріліп, тәрбиелік маңызға ие болады. Осыдан Шоқан Уәлиханов: «...қазір ескі мен жаңаның арасында бірден байқала қоймайтын, бірақ өте қатал күрес жүріп жатыр. Бірі мұсылман шығысына, екіншісі орысқа еліктейді» деп көрсетеді [5, 389 б.].

Рухани өмір аясындағы қайшылықтарды көтерген ХІХ ғасыр ақындарының басым бөлігі ислам дінінің мазмұнын дұрыс түсінген, мұсылманша хат таныған өз заманының алдыңғы қатарлы ойшылдары болған. Олардың дін тақырыбын көтерген өлеңдері, пікір, пайымдаулары жалпы жамағатқа ой салады, адамгершілікке үндейді. Білімді молда Құранды, дін кітаптарын оқып, мұсылмандық заңдар жинағы–шариғатты насихаттайды, діннің сенім қағидалары мен тәртібін сөзсіз орындауды талап етеді, адамдарды дұрыс жолға түсуге шақырады.

Тарихи дәуірде қазақ даласын кең қамтыған, отарлық езгі зардаптарына қарсы Кенесары бастаған азаттық жолындағы күрес күшпен тұншықтырылған соң, ақиқат өмірдегі өткір мәселелер елдің діни жұмыстарының, жалпы мұсылманшылық үгітінің кең тарауына жол ашады. Осындай әрекеттерді сезінген Түркістан генерал-губернаторы жергілікті әкімшілікке тұрғылықты халықтың көңіл-күйі, дүниетанымы, діні, тұрмыс-салт, әдет-ғұрыптары туралы және «ақыл ой өрісін бақылауға алу үшін арнайы мәліметтер жинастыруға нұсқау береді» [6, 174 б.]. Осы кезеңде көшпенділер үшін білім, ислам діні туралы ережелер жобасын жасаушылар, молдалардың қазақ балаларына исламшыл рух қалыптастырушы тәрбиеші болып отырғандарын жазады. Осыған дейін дінді қолдап келген отарлау әкімшілігі, молдалар ықпалына шек қоятын мезгілдің жеткенін түсініп, мұсылман дінінің беде-

лін әлсірету арқылы қазақтардың орыстармен жақындастырылуын дәріптейді. Бұл үшін татар молдалары діни шараларды атқарумен шектелмей, билікке араласып, тілмаштық та жұмыстар істегендіктен, олардың көшпенділер арасындағы айтарлықтай ықпалын шектеу мақсаты көзделді. Бұған ислам дінін ұстанған отырықшы басқа халықтарға қарағанда қазақтар сенімінің осалдығы, ежелден Тәңірге, аруаққа деген ұстанымдары де себеп болады. Пайғамбардың үмбетіміз деп айтқандарымен, қазақ сенімінің тиянақсыздығын Рузбехан «Бұхара мейманының жазбасы» деген еңбегінде «...қазақтар әлі күнге дейін пұтқа табынады. Сондықтан намаз оқығанына қарамай, қазақтарды кәпір деп таныған жөн. Олар әлі күнге дейін күнге табынады...» – деген дерек қалдырады [7, 103-104 бб.]. Көшпенділердің діни сенімінің осал жағын нақты білген орыс миссионерлері де, оны өз мақсаттарына пайдаланудың қолайлы жақтарын қарастырған.

1861 жылы 21 қазанда Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарының басқарылуы туралы Уақытша ереже қазақтардың дінге байланысты мәселелерін отарлау әкімшілігіне толық бағындырады [8, 270, 339-340 бб.]. Отарлау әкімшілігі молдаларды тек указбен тағайындайды. Молдалардың бекітілуі, мешіттер салу отарлау әкімшілігінің құзырында болып, солардың тікелей рұқсатымен жүргізіледі. Осымен қатар, патша үкіметі жаңадан қол астына қараған елдерде Ресей азаматы идеясын қалыптастыру саясатын ұстанады. Мұндай талпыныс қазақ жұртын шоқындыру және орыстандыру іс-шараларынан көрініс табады. Сайын даладағы мәдени ағарту қызметі мен мектеп жұмыстарына бақылау қатайтылды. Отарлау әкімшілігі тағайындаған, бас пайдасына мықты «указной молдалар» көшпенділік тауқыметімен қалыптасып, қасиетті саналатын неке қатынасына үлкен зиянын тигізеді. Өмеңгерлік жол бұзылды, өздері «дәріптеп» жүрген шариғатпен де санаспайды, іс-әрекеттерін ой елегінен өткізбейді. Ел ішінде «указной» молдалардың санаға симайтын бассыздық әрекеттері туралы келтірілген мәліметтер, арнайы әдебиеттерде көптеп кездеседі. Егер әйел «мен ерімді сүймеймін, бастан-ақ риза емес едім, арманым пәленше еді» десе, ондайды лезде ерінен айырып, екінші біреуге жетектетіп жіберуші еді. Ерге шықпаған қыз «мен ағам берген кісіге бармаймын, жасымда бермекші еді, енді бойжеттім, есім кірді», – десе болғаны, басқа ерге беріп жіберіп, олардан пара олжалады. [9, 70 б.]. Мұндай «молдалардың» шектен шыққан, адамгершіліктен аттаған іс-әре-

кеттері халықтың намысына тиіп, ашындырды. Осыдан қазақ ағартушылары мен ақындарының шығармаларында Ресей империясының қазақ даласында дәйекті түрде діни насихат тарату әрекеттері сыналады. Тарихи деректер билердің қоғам өмірінен алатын әлеуметтік орындарының әлсіреуінің екі түрлі себебінің болғанын көрсетеді: біріншісі – Ресей бодандығындағы башқұрттардың әскери қызметтен қашып, қазақ ортасында «молдалықпен» айналысуы болса, екіншісі–1858 жылы дін мәселелерін реттеу арқылы отарлық саясатын дәйектендірмек болған патша үкіметінің «указной молда» тағайындаған бұйрығының жариялануы еді [10, 69 б.].

XIX ғасыр ақындары, ислам дінін қазақ даласына орыс әсерінің дендеуіне тосқауыл болатын рухани қорғаныс есебінде пайдалануға талпынады. Ақындар шығармаларында дінді өз құлқыны үшін елді алдап, пайда табу көзіне айналдырған дүмше қожа-молдаларды қатал сынға алады. Құдай жаратқан жан иелері ішіндегі ең парасаттысы саналатын адам астамшылыққа бой ұрып, Ақиқат сөзін тыңдамауға, құлағына ілмеуге айналғанын көре білген Шортанбай «Атамыз – Адам пайғамбар», – деп барлық жұрттың шығу тегінің бір екенін, өмірлік игіліктерге тойымсыздық көрсеткендердің бұзылып, Алланың қаһарына ұшырау қаупі молаятынына меңзейді. Тарихи дәуір ақындарының ойларын саралаудан жалпыға ортақ құнаһарлық іс-әрекеттер, рухани өмір саласындағы адам төзгісіз кемшіліктердің бәрі діни сенімінің таяздығының әсері дегенге саятынын аңғарамыз.

Дінге байланысты жаңа ойды Шәкәрім еңбектерінен де кездестіреміз. Ол қазақ халқы мұсылманшылық жолын ұстап, дін қумай, ғылым мен білім жетілген Европа халықтарының ұстанымын таңдауы керек деген ойға жетелейді. Ақынның жоғары көтерген рухани құндылықтары: ождан, шын иман, адамды адастырмайтын ақиқат жолы – кісілік. Тәңірісін іздеп, тас мүсінге шоқынған, өлсе де оған иманын бұзбай, құл болып отырған:

«Атақ, пайда іздемей,
Ойында мақтан жоқ болса.
Қиянатты көздемей,
Қанағатқа тоқ болса» [10, 119 б.]

пұтқа табынған мұңғұлдың әулиемен теңдігі мысалға келтіріледі. Дүние қуып, пайда іздеген, алдау-арбаумен күнін өткізген молда «мешітте мың жыл отырса» да, жұмақтың есігінен

сығалай алмайды. Ақын ұғымында бар кінә иманын малға айырбастаған молдада емес. Өйткені, бұл күнде Алланың аяты да, пайғамбардың хадисі де бұзылған. Дін бұзған ізгі уағыз, қасиетті кітаптардың жолынан шыққан тек Мұхаммед пайғамбардың үмбеттері ғана емес, «Таурат» та теріс түсіндіріледі. Зәрдөштің өсиеттері де еске алынбайды, ұмытылған. Будданың ілімдері қате ұғылып, Айсаның айтқан өсиеттері де бұрмаланған:

«Бұл күнде дұрыс иман жоқ,
Шатақ дін нәпсі тиған жоқ.
Ақылы саудың ойына
Алдамшы діндер сиған жоқ» [10, 112 б.].

Дін иелеріне парасат, көкірек ояулығы, көңіл көзімен жүргізілетін жұмыстың жетіспейтіндігіне назар аударған Шәкәрім пікірінше таза ақыл, парасатты сеніммен табылмаған дін – жалған. Сенімі шынайы болмаған адамның ойы өлген, құлағы саңырау, көкірегі соқыр. Дүние, ғалам мен қоғамдық орта пайымдауы, оның құбылыстарына көз жеткізу – көкірегі ояу адамның қол жеткізер дүниесі. Тек үлкен парасат иесі ғана саяси тұлғаларды жөнге салады, көкірек көзі ашылғандар ғана қоғамды түзейді:

«Мына көзді қалдырып,
Көңіл көзін көзің қыл.
Бас көзіңмен қаңғырып,
Ұқпай қалсаң өзің біл» [11, 112 б.].

Патша әкімдерінің халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани өміріне жік түсіруге ұмтылған тағы бір қайшылықты әрекеті, мұсылман діні иелерін өз мақсаттарына пайдалануға, оларды алға ұстап, халықтық қозғалыстарға іріткі салуға талпынысында болды. Мысалы, 1837 жылы Омбы мұсылмандары имамы Мұхамед Шәріп Әбдірахмановтың басшылығымен Кенесары қосынына молдалар жіберілген. Оларға көтерілісшілер мөлшерін білу, сарбаздардың көңіл-күйін бақылау, т.б. мәліметтерді жинауға тапсырмалар берілгенін тарихи құжаттар көрсетеді.

1874 жылы жастардың оқу және тәрбие жұмыстарын молдалардың құзырынан шығарып, оны жергілікті әкімшілік иелеріне беру туралы үкіметтің жарлығы шығады. Содан орыс білімі пайдасының ақиқаттығына көздері жеткен көптеген қазақ атқамінерлері балаларын Омск, Орынбор және басқа да қалалардағы оқу орындарына береді. «Қазіргі кезде қазақ балалары әртүрлі оқу орындарында білім алатын

болды. Гимназияда олардың 19-ы, кадет корпусында – 5, оқытушы семинариясында – 4, техникалық училищеде – 2 тәрбиеленуші оқиды. Омск қаласының оқу орындарында білім алушы қазақ балаларының жалпы саны – 30, біреуі Петербор университетінде оқиды», – дейді Ш. Уәлиханов [5, 230 б.].

Дегенмен, Ресей империясы қазақ балаларының ана тілінде білім алуын шектеуге ұмтыла отырып, қазақ атқамінерлеріне балаларын Ресей оқу орындарына беруге міндеттейтін жарлық та шығарады. Жергілікті ақсүйектер бұны рахымсыз, арам ниет деп қабылдап, қарсылық көрсете бастайды. Осыған байланысты белгілі орыс зерттеушісі М.Н. Ядринцев «Аз уақыт бұрын қазақ даласындағы кейбір мектептер мен интернаттарға балаларын беруге мәжбүр етілген бұратаналар өздеріне өлім сияқты болып көрінген мектептерге өз балаларының орнына, кедей балаларын сатып алып жіберді. Орыстандыру ұлттардың жанға бататын мәселесі есебінде дәрекі қолданылса, тек зорлықты туындатады және жиіркенішті өрістетеді». Орыс біліміне зорлау саясатын сынай отырып ол, «бұратаналар тіліндегі ағартушылық және ғылыммен танысу білімді бұратананы орыс тілі мен ұлтынан алшақтатпай, оны тым жақындастыра түсетініне» сенеді [12, 239 б.]. Үкімет тарихи дәуірде қазақ даласында ең бір кең тараған ауылдық мұсылман мектептері мен қалалық мектеп-интернаттарды жергілікті әкімшілік иелерінің арнайы рұқсатынсыз ашуға тиым салды. Өйткені, «...мұсылман мектептері орыс үкіметіне қарсы насихаттың ошағы ретінде сақталып қалды. Орыс тілінде оқитын мектептердің ұйымдастырылуы да жергілікті халықтың орыстармен байланысын күшейтпеді, себебі ондай мектеп түлектерінің өкімет орындарында жоғарғы басқыштарға көтерілуіне, өндірісте еңбек етуіне көп кедергілер болды» [13, 85 б.]. Мектеп ашудың негізгі шарты ретінде орыс тілін оқыту және үкіметке ниеті түзу орыс тілін меңгерген оқытушылардың болуы талабы қойылды.

Ө. Бөкейханов көшпенділер ортасындағы оқу-ағарту ісі туралы рұқсат алынбаған жағдайларда мұсылманша сауат ашудың жасырын жүргізіліп, оның патша әкімдеріне беймәлім болғандығынан дерек береді. Демек, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ даласында білім беру мәселелері екі түрлі бағытта: біріншісі, мұсылманша (араб алфавиттерімен) және екіншісі, орысша (кириллицамен) сауат ашу жүзеге асырылды.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басынан буржуазиялық өндіріс тәсілінің ел өмі-

ріне қарқындап ене бастауымен, Ресейдегі демократиялық, халықтық қозғалыстардың өршуімен қазақ даласының рухани жаңаруы кезеңі басталады. Мектеп, медреселер төте оқу – жәдит тәртібіне көшіп, дін сабақтарымен қатар тарих, орыс тілі пәндері оқытылып, діни кітаптар, ақын-жазушылардың шығармаларымен бірге, әртүрлі оқулықтар «ана тілі, әдебиет, есеп, жағрапия кітаптары шыға бастайды» [14, 11 б.]. Сауат ашып, жаратылыстану ғылымдарына ден қою, ескі діни оқу орнына ілгерішіл, төте оқудың келуі, мұсылманша сауатты, жаңа көзқарастағы ұлт зиялыларының көбейіп, халықтың әлеуметтік ортаға дегендегі көзін ашып, оянуларына ықпалын тигізді.

Ө. Бөкейханов XX ғасыр басында пайда болған ұлт-азаттық қозғалыстар, әлеуметтік-экономикалық, идеялық бағыт-бағдарлар және мақсат-мүдделерді саралайды. Отаршылдыққа қарсы қоғамдық сананың қалыптасуын, ислам діні аясында ұлттық саяси қозғалыстардың пайда болып, өзіндік болмысын жариялап өмірге ене бастауын: «Жуық арада белең алып келе жатқан екі саяси бағытқа сәйкес екі саяси партия ұйымдастырылатын сыңайлы. Олардың бірі ұлттық-діни партия деп аталуы мүмкін және қазақтарды басқа мұсылман халықтарымен біріктіру оның мұраты болып табылады. Басқа бір батыстық бағыт қырғыз даласының болашағы – осы сөздің кең мағынасында батыс мәдениетін сапалы түрде іс жүзіне асыруда деп біледі» [15, 77 б.]. Мұнымен қатар, Ресей империясының 1905 жылғы 18 ақпанда Мемлекеттік Дума және 1905 жылдың 17 сәуіріндегі дін туралы екі жарлығы: «бүкіл қазақ даласын азаттық қозғалысының ағынына түсірді», – деп жазады [15, 75 б.].

XIX ғасырда жарық көрген кітаптар мазмұны жағынан діни тақырыптарды көтеріп, әлеуметтік өмір салалары: білім беру, саясат, мәдениет, ел өмірінен алынған экономикалық мағлұматтардан алшақ тұрды. Тарихи дәуірде дін иелері мен Ресей империясының исламды дәріптеушілігі және оны таратуға күш салуынан халықтың рухани тәуелсіздікке деген ынтасы көрініс тапты. Дегенмен, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, отарлау әкімшілігі ислам дінінің кең таралу үдерісін қазақ жұртын жаппай христиан дініне кіргізу арқылы тоқтатып, молдалар санын шектеп, мешіттер мен мұсылман мектептерін ашуға ендігі жерде ресми рұқсат алу шараларын қарастырады. Қазақтар өміріне тигізетін мұсылмандық әсерінің өздеріне тиімсіздігін, ұлттық бірлік мүмкіндігінен

туындайтын қауіпті көрді. Сондықтан, әкімшілік жағынан қайта құрулармен қатар, Ұлы Дала перзенттерін Ресей өңірінен келіп қоныстанушылармен жақындастырып, көшпенділерді түпкілікті ауыздықтау үшін миссионерлік, рухани отарлау жұмыстарын жолға қоюға, далалық құндылықтарды игеру арқылы бағыныштылықты дәйектендіруге талпынады.

«Бұратаналардың» христиан дінін қабылдауын жеңілдету, оларды тез арада орыс келімсектерімен жақындастыру және мұсылмандықтың әсерін шектеу үшін сауат ашуды орыс тілінде тарату қажеттігі туындап, жазу өнерінің негізін орыс әдебиеттерімен жүргізу қабылданады. Тарихи заманға әлеуметтік қызметі сәйкес келген дін басылары ауылдық жерлерде араб әріптерін ығыстырып, орыс әріптерімен сауат ашатын мектептердің ашылуына, Ресей империясының рухани кіріптарлық саясатына қарсы шығады. Отарлау әкімшілігінің халыққа мұсылман дінінің ықпалын шектеуге, жокқа шығаруға талпынысы қарсылыққа тап болды. Империяның мұсылман дініне, дін иелеріне қарсы әрекетін халық бұқарасы қазақтарды шоқындыру, орыстандыруға талпынуы деп қабылдады. Осыған байланысты, ислам діни өкілдерінің насихаты араласқан XX ғасыр басындағы азаттық үшін күрес «діни» сипатқа ие болды [15, 73 б.].

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында пайда болған саяси ағымдар мазмұны Ресей империясының көшпенділер даласында енді қалыптасып келе жатқан қазақ және татар буржуазия өкілдерімен, қазақ байларының мақсат-мүдделерімен есептеспеуі, өздеріне қарсы оппозициялық көңіл-күйдің дүниеге келуіне себепкер болады. Осыдан Қазақстанда өз көріністерін тапқан панисламдық, пантүрікшіл ағымдар Орта Азия және татар оқығандарының қолдап, таратуымен өріс алады. Мысыр, Стамбул т.б. оқу орындарын тәмәмдаған татар зиялылары сабақ бергендіктен, Уфаның «Ғалия» медресесі, түрікшілдік идеяларының ұйтқысы болды. Ұлтының, түрік жұртының, жалпы ислам дінінің жоғын жоқтап, мақсат-мүдделерін ұғына өскен шәкірттер бодандық қамытын киген татар, башқұрт, қазақ халықтарының қоғамдық санасы оянуына түрткі болды. Империяның басқыншылық, өктем саясатына қарсы «бұратана» халықтар наразылығының оянуы тұрмыс тауқыметтерінің салдары еді.

Шығыс үстем тап өкілдерінен жәдидшілдікті қабылдап, зиялылардың оны идеялық ағым ретінде дәріптеулеріне себепін тигізді. Татар, өз-

бек саудагерлері қазақ жерінде және шекаралық аймақтарда орналасқан сауда орталықтары мен жәрмеңкелерде үстемдікке жеткенімен, Ресей империясының өндіріс капиталдарына тәуелді, өндіріс орталықтары үшін арзан шикізат тасушылар болды. Осыдан тарихи деректерде жәдидшілдік қалыптаса бастаған түркі халықтарының буржуазия өкілдерінің мақсат-мүддесін қорғайтын идеологиясы айтылады.

Дінді ұстанған зиялылар тобы, жалпы мұсылмандардың дін аясындағы бірлігін, қазақ халқының ұлттық бірлігіне апаратын мүмкіндік деп қарастырады. Қозғалыс негізін қалаған оның мүшелері арасында ұлттық дәстүр мен салт-сананы берік сақтап, шығыс пен батыс мәдениетінен сусындағандар да болды. Ресми деректер, бұлардың көпшілігінің кейін Алаш қозғалысы төңірегіне топтасқанын көрсетеді. 1905 жылы маусым айында Қоянды жәрмеңкесінде талданып, қабылданған петиция қазақ даласының енді жанданып келе жатқан әртүрлі саяси қозғалыс өкілдері басшыларын біріктіріп, ұлттың келелі мәселелерін талқылауға мүмкіндік берді.

XIX ғасырдың екінші жартысынан қалыптаса бастаған ағартушылық ағым, XX ғасырдың басында орыс тілінде білім алған және осы білім арқылы халық бұқарасын ғасырларға созылған ұйқысынан оятуға, басқа жұрт, өркениетті елдер қатарына қосылуға болатынына сенген, енді ғана қалыптаса бастаған ұлт зиялыларының үлесіне тиді. Бұларды Ә. Бөкейханов «орыс әдебиеті ғибратында тәрбиеленген, Еуропа мәдениетіне сенген «батысшылдар» [15, 76 б.], – деп атайды. XX ғасыр басындағы саяси күрес шараларына белсене араласқан «батысшылдар» өзінің кең көлемді түсінігінде бостандық жолындағы әрекеттерге, азаттық мәселелеріне ерекше маңыз беріп, әлеуметтік қызметтерінде діни ағым жақтаушыларымен қоян-қолтық араласып та кетіп отырған. Өйткені, «түрікшіл», «милетшіл», «исламшыл» қайраткерлер саяси күрес жолын халықтың ғасырлар бойы сақталып келе жатқан тұрмыс-салт үрдістерімен үндестіре білген.

Өскелең өмір талабына жауап беретін идеялар ғана болашақтың негізін қалыптастырады. Осыдан ежелгі заманнан ойшылдардың білімді рухани өмір саласының жоғарғы құндылығы деп, ал білімсіздікті адам жанының жетімсіздігі, кемшілігі ретінде қарастырғандарын түсінеміз. Өйткені, өмірге деген сенімнен айрылып, түңілуге болатын қатыгез, қулығы мен сұмдығы басым, қоғамдық қатынастары дұрыс дамымаған мұндай елде

тек біліммен ғана қоғам мен адам өмірінде кездесетін келеңсіздіктерге жол бермеуге болады. Білімнің адамды азаматтыққа жеткізетін, билік иелерін қайырымдылыққа тәрбиелейтіні,

мәдениет дамуында үлкен мәнге ие болатыны пайымдалады. Қоғамдық өмір салаларының сәйкессіздігі, оның үндестігінің жоғалуынан қатыгездік, қатер туындайды.

Әдебиеттер

- 1 Фабитов Т.Х., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану негіздері. – Алматы: Дәнекер, 2000. – 180 б.
- 2 Ежелгі дәуір әдебиеті / хрестоматия // Құраст. А. Қыраубаева – Алматы: Ана тілі, 1991. 2-кітап – 280 б.
- 3 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
- 4 Бес ғасыр жырлайды / Құраст. М. Мағауин., М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1998. – Т.1. – 384 б.
- 5 Валиханов Ч.Ч. Очерки жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова. – Алматы: Каз.Сов.энц. 1984. – Т.1. – 431 с.
- 6 Сапарғалиев Г. Карательная политика царизма в Казахстане (1905-1917) – Алматы: Наука, 1966. – 376 с.
- 7 Прошлое Казахстана в источниках и материалах / Под. ред. С.Д. Асфендиярова. – Алматы: Каз.краев.из-во, 1935. – 297 с.
- 8 Материалы по истории КазССР. 1741-1751гг / Под. ред. М.П. Вяткина. – Алматы: АН КазССР, 1948. – Т.2. Ч.II. – 457 с.
- 9 Құрбанғали Халид. Тауарих Хамса – Алматы: Қазақстан, 1992. – 300 б.
- 10 Шәкәрім. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жалын, 1988. – 256 б.
- 11 Шәкәрім. Иманым. – Алматы: Арыс, 2000. – 322 б.
- 12 Ядринцев Н. Сибирские инородцы, их быт и современное состояние – СПб.: 1891. – 226 с.
- 13 Қазақтар шетел әдебиетінде / Құраст. Есмағамбетов Көшім. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. – 234 б.
- 14 Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет – Алматы: Білім, 1993. – 244 б.
- 15 Бөкейханов Ә. Таңдамалы – Алматы: Қазақ энциклопедиясы. 1995. – 478 б.

References

- 1 Fabitov T.X., Mutalipov Zh., Kulsariev A. Madeniettanu negizderi. – Almaty: Daneker, 2000. – 180 b.
- 2 Ezhelgi dauir adebieti / xrestomatiya // Kurast. A. Ky'raubaeva – Almaty: Ana tili, 1991. 2-kitap – 280 b.
- 3 Margulan A. Ezhelgi zhy'r any'zdar. – Almaty: Zhazushy', 1985. – 368 b.
- 4 Bes gasy'r zhy'rlajdy' / Kurast. M. Magauin., M. Bajdildaev. – Almaty: Zhazushy', 1998. – Т.1. – 384 b.
- 5 Valixanov Ch.Ch. Ocherki zhizni i deyatel'nosti Ch.Ch Valixanova. – Almaty: Kaz.Sov.e'nc. 1984. – Т.1. – 431 s.
- 6 Sapargaliev G. Karatel'naya politika carizma v Kazaxstane (1905-1917) – Almaty: Nauka, 1966. – 376 s.
- 7 Proshloe Kazaxstana v istochnikax i materialax / Pod. red. S.D. Asfendiyarova. – Almaty: Kaz.kraev.iz-vo, 1935. – 297 s.
- 8 Materialy' po istorii KazSSR. 1741-1751gg / Pod.red. M.P. Vyatkina. – Almaty: AN KazSSR, 1948. – Т.2. Ch.II. – 457 s.
- 9 Kurbangali Khalid. Tauarix Xamsa – Almaty: Kazakstan, 1992. – 300 b.
- 10 Shakarim. Ole'nder men poe'malar. – Almaty: Zhaly'n, 1988. – 256 b.
- 11 Shakarim. Imany'm. – Almaty: Ary's, 2000. – 322 b.
- 12 Yadrincev N. Sibirskie inorodcy', ix by't i sovremennoe sostoyanie – SPb.: 1891. – 226 s.
- 13 Kazakhtar shet el adebietinde / Kurast. Esmagambetov Koshim. – Almaty: Atamura-Kazakstan, 1994. – 234 b.
- 14 Kenzhebaev B. XX gasy'r basy'ndagy' adebiet – Almaty: Bilim, 1993. – 244 b.
- 15 Bokejxanov Ә. Tandamaly' – Almaty: Kazak e'nciklopediyasy'. 1995. – 478 b.

Ержанова Ф., Темиртон Г.

**Концепт «Вера»
в духовно-этической
и религиозной парадигме**

В статье рассматривается наиболее сложный и богатый период рефлексирования понимания концепта «вера» в истории древнетюркской философской мысли, анализ которого поможет продвинуть на дальнейшее развитие национальной философии. Как известно, в истории философии проблема сущности концепта «Вера» и ее соотношение с другими областями человеческого бытия (знание, разум, язык и т.п.) была впервые сформулирована в христианстве. На протяжении столетий христианские богословы и философы обсуждали ее, предлагая множество трактовок, в том числе, определив веру как область трансцендентного, поэтому недоступного ни познанию, ни опыту человека... В настоящей же статье авторы пытаются выяснить, как и в каких условиях выступал концепт «Вера» в древнетюркском языковом сознании, и для выяснения этой проблемы обращено внимание на духовные истоки, которые были заложены еще в протофилософии древних тюрков. То есть, с целью решения поставленной задачи сделана попытка представить языковую картину мира тюрков, начиная с глубокой древности. При этом, раскрыты не только значение заимствованной тюрками в результате влияния различных религий, лексики, но и показаны основные нравственные и морально-этические качества и духовно-религиозные функции концепта «Вера».

Ключевые слова: языковая картина мира, древнетюркская ментальность, тенгрианство, зороастризм, манихейство, буддизм, ислам.

Yerzhanova F., Temirton G.

**The concept of «faith» in the
spiritual ethical and religious
paradigm**

In the article the most difficult and rich period of рефлексирования of understanding is examined «faith» in history of древнетюркской philosophical idea the analysis of that will help продвинуть on further development of national philosophy. As know, in the history of philosophy, the problem of essence of the concept of «faith» and its relation with other areas of human life (knowledge, intellect, language, etc.) was first formulated in Christianity. For centuries Christian theologians and philosophers have discussed it, offering a variety of treatments including defining faith as a transcendent, so inaccessible neither to knowledge nor experience of man... In this article the authors try to find out how and in what circumstances the concept of «faith» in the ancient Turkic language consciousness were used. And to clarify the issue attention is paid to the spiritual origins, which were laid in proto philosophy of ancient Turks. That is, in order to solve this problem, an attempt to introduce the Turks language picture of the world, since ancient times was made. At the same time, given not only the meaning of the borrowed vocabulary of Turks, in the result of various religions, but also shown the basic moral and ethical qualities, spiritual and religious functions of «Faith» concept as well.

Key words: language picture of the world, ancient turkic mentality, tengrianism, zoroastrianism, manichaeism, buddhism, islam.

Ержанова Ф., Темиртон Г.

**«Сенім» концептінің
рухани-этикалы және діни
парадигмалардағы орны**

Мақалада «сенім» түсінігін көне түркілердің философиялық ойындағы тарихи орны мен мағынасы анықталады және жасалған сараптама ұлттық философияның дамуына әсер етеді деген үміт қойылады. Философия тарихында алғашқы рет «сенім» концепті адам тіршілігінде орын алатын білім, сана, тіл және т.б. салаларымен байланыстырылып, христиан дінінде қарастырылған еді. Христиан діндарлары мен философтары көп ғасырлар бойы осы концептіге көптеген талқылау жасап, оны адам тәжірибесінен тыс, яғни, ақыл-сана мен түсініп болмайтын – трансцендентті деп анықтаған болатын. Аталмыш мақала авторлары, «сенім» концептінің көне түрік тіліндегі және рухани өмірінде алған орнын, сонымен қатар, қандай жағдайларда қалыптасқанын анықтауға тырысады. Осы орайда, көне түркілердің протофилософиялық негіздерінің бастамаларының қалыптасқан кезеңіне көз жүгірту арқылы, олардың рухани көз қайнарын да ізденістіру болды. Қойылған мақсатқа жету үшін ертеде өткен дүниетаным көріністері арқылы тіл байлығына шолу жасалды. Нәтижесінде, көптеген діндердің ықпал ету әсерінен тілге байланысты ауысып алынған лексикалардың мағынасымен мазмұны ғана ашыла қоймай, «сенім» концептінің негізгі өнегелі және моральдық-этикалық қасиеттері де біраз ширатылды деуге болады.

Түйін сөздер: әлемнің тілдік суреті, көне түркілер ділі, тәңіршілік, зороастризм, манихейлік, буддизм, ислам.

¹Казахский Государственный женский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Алматы

²Центральный Государственный музей Республики Казахстан,
Республика Казахстан, г. Алматы

*E-mail: ferusa@mail.ru

КОНЦЕПТ «ВЕРА» В ДУХОВНО-ЭТИЧЕС- КОЙ И РЕЛИГИОЗНОЙ ПАРАДИГМЕ

Исследование языковой картины мира древних тюрков показывает, что номинация духовного концепта «вера» в исследуемый период осуществлялась с помощью целого ряда слов-синонимов: *inan/ынан* (вера, доверие); *isan/ышан* (верить, доверять); *kertcung/кертун* (вера); *сууун/сыйын* (верить, поклоняться); *уғу/ырк* (поверье, примета); *көні/көни* (верный, правдивый); *antliу* (верный, клятвенный); *jalvar* (молить, просить); *jukun* (поклонение), *tapin* (почитание, поклонение); *alka* (благословлять); *qагуа/қарға* (проклинать); *arva* (колдовать, заклинать) и др.

Первой и наиболее важной особенностью «веры» в древнетюркском языке является ее толкование как «доверия», «надежности», «честности», «прямоты» «искренности», где четко прослеживаются следующие фундаментальные функции: а) доверие как условие целостного взаимодействия человека с миром: *adaş goldaserdästutunumdusuz / inanyılanarsen* – приобретай себе бескорыстных друзей и приятелей, / доверяй им (DTC, с. 611); *umakelsä qutkelir* – если придет гость – придет счастье (DTC, с. 611); б) доверительная связь человека с Творцом-Тенгри: *Tayri, Umaiıduqjirsubbasabartiarinç* – Небо, (богиня) Умай и священная земля-вода [родина] – вот они, надо думать, дали [нам] победу [счастье] (DTC, с. 35); «Вверху Тенгри тюрков и тюркская священная Йер-Суб вот так сказали: «Да не исчезнет тюркский народ! Да будет народом!» (DTC, с. 36); в) доверие духам предков – «арухам», как духам-заступникам, которое способствовало слиянию в восприятии человека, прошлого, настоящего и будущего в единый целостный акт: «Пусть имя, слава, честь, что к тюркам перешли от предков боевых, не сгинут без следа!»; «Те земли, воды те, что предки дали нам, да обретут своих властителей!» (DTC, с. 37); г) доверие и вера в данную человеком клятву, в слово: «...будучи обманутым их сладкими словами и мягким шелком, вы тюркский народ, умирали» (DTC, с. 166).

Особо нужно подчеркнуть в древнетюркской культуре о трепетном, сакральном отношении тюрков к Слову. Об этом красноречиво свидетельствует известная легенда о Коркут: Бог сообщил Коркыту, что тот будет жить вечно, при условии, что он никогда – ни в мыслях, ни вслух – не будет упоминать слово

«смерть». Успокоенный Коркыт встречает как-то на своем пути пастуха, тщетно пытавшегося догнать пеструю телку. Коркыт хочет помочь ему, но безуспешно. В азарте погони он кричит: «Умру, но догоню!» Услышав это, Бог не посылает смерть Коркыту, но дает ему знак-предупреждение: на глазах Коркыта телка начинает каменеть, успев при этом произнести четверостишие про себя. Важным элементом здесь является акт Слова. Слово – всегда есть выражение, понимание, а не просто вещь или смысл сам по себе.

Второе значение – «верность», основанное на верности идеалам предков; верности и повиновении беков и народа своему кагану, как необходимое условие существования государства, освященное авторитетом Тенгри. В «Большой надписи Куль-Тегину» говорится: «Из-за неверности беков и народа / Из-за подстрекательства и обмана народа табгач / Из-за его (народа табгач) соблазнов, / Из-за того, что он (народ табгач) ссорил младших братьев со старшими... тюркский народ расстроил свое уже образованное государство» (ДТС, с. 163).

Какой вывод делает «Надпись» из ошибочного деяния тюркского народа? «Тюркский народ, покайся! / Перед своим мудрым каганом, возвысившим /тебя/, чтобы ты был верен, перед своим добродетельным государством / Ты сам ошибся и поступил плохо» (ДТС, с. 164). Заметим, что это обращение к тюркскому народу является незыблемой опорой государства. Именно народу обращены слова: «Перед своим мудрым каганом, возвысившим тебя, чтобы ты был верен!». В свою очередь, каган, обладая государственной мудростью, все свои способности, время, жизнь посвящает сохранению, укреплению и развитию тюркского государства: «Ради тюркского народа я не спал ночей, днем не сидел, говоря: «Да возвышу я народ!»; «...их золото и блестящее серебро, их хорошо тканые шелка, их напитки, добытые из зерна, их верховых лошадей и жеребцов, их черных соболей и голубых белок я добыл для моего тюркского народа» (ДТСЗ, с. 164).

Третье значение веры выражено в таких словах, как «поверье», «суеверие», «примета». Понятие «yгk» («ырым»), о чем свидетельствует энциклопедия древнетюркских верований и суеверий «Книга притч» («Ырк битиг»), играло огромную роль в понимании окружающего мира, космоса, Абсолюта. По представлениям тюрков, предметы мира гилозоистичны, нельзя гневить воду, огонь – дуть на них, плевать, нельзя вы-

рубать дерево, срывать незрелые плоды. Нельзя обижать животных, на лошадь можно садиться только с левой стороны, в дом заходить только с правой стороны, подавать что-либо правой рукой и т.д. Каждое явление в природе, а также вещь или предмет несут функцию «ырым». Правильное расположение месяца – хорошая примета: «*Ajotyryptuwdu*» – «Месяц появился вертикально – хорошо будет»; «*Ajsalqajyptuwdu*» – «Месяц появился горизонтально – жди неприятностей» [1, с. 338]. Таким образом, надо заметить, что каждая примета в жизни тюрка есть признание невидимой и всеобхватывающей связи всего со всем во Вселенной.

Медресе Ғалияда оқыған қазақ шәкірттері 1913–1914 жылдардан бастап, «Садақ» атты журнал шығарып тұрды. Бейімбет Майлин сол журналды негіздеушілердің бірі. 1911 жылы медресе Ғалиядағы қазақ жастары өз қаражатымен «әліппе яки «төте оқу» атты қазақша оқу кітап бастырды. Осы жастар тобы 1400 сомға қазақ кітаптарын жарыққа шығарды. Сол кезде «Айқап» журналын оқып жүрген шәкірттер білім алуға шын ықылас қойған, ғылымсыз дүние болмайтынын түсінген жастар екендігін жазды. Медресе Ғалиядан оқып шыққан қазақ жастары ауылға келіп, мұғалім болып көпшілігі ағарту ісіне ат салысты [6,113 б.]. «Ғалия» сөзінің араб тіліндегі терминологиялық мағынасы «жоғары» дегенді білдіргендіктен, бұл медресе сол кезеңдегі жоғары оқу орны сияқты қызмет атқарған.

Айғаным медресесі. Ол Сырымбеттегі ханымның мұражайына мешітпен бірге 1834 жылы салынған. Жалпы аумағы 200 шаршы метрден астам медреседе әрқайсысының сыйымдылығы 20 шәкірттік бес бөлме болған. Медреседегі дін оқуына мұсылманша хат тануға сол төңіректегі жас балалар көп тартылған. Шәкірттерге сабақ беруге таңдаулы ұстаздар шақырылған.

Шота Уәлиханов «Айғаным» медресесінде Шоқан Уәлиханов мұсылманша алғаш сауатын ашқан. Онда сондай-ақ оның талантты, өнерлі інілері Жақып, Махмет, Қозыке, Қоқыш және тағы да басқа көзі ашық жастар тәрбие алған, – дейді.

Оңтүстік Қазақстан облысында да мешіттермен қатар көптеген медреселер жұмыс істеген солардың ішінде Қарнақ медресесін ерекше атап өтуімізге болады. Акрам Хабибулланың мақаласында келтірілгендей, Қарнақ қаласында 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін 4 медресе болған екен. Бірақ өкінішке қарай, Халфа медресесінен басқа үш медресе туралы әлі нақты мағлұмат жоқ көрінеді. Халфа медресесінің негізін 18 ғасырда өмір сүрген Хафиз молда салған. Халфа медресесінде жан-жақтан келген 200-ге жуық шәкірт білім алған. Солардың бірі – атақты ақын, араб-парсы тілдерінің білгірі Мұса Байзақұлы болған. Бұдан басқа, біз білмейтін қаншама қоғам қайраткерлері медреседен білім алған.

Қазақстанның Ресейге қосылуы қазақ жеріндегі діни білім беру жүйесіне өзіндік өзге-

рістер әкелді. Орыс отарлау саясатының бір бөлігі болып табылатын татар молдалары арқылы қазақтарға діни білім беру әрекеттері қазақ халқын бағынышты, бодан етіп тәрбиелеу ниетінен туындағаны белгілі. XIX ғасырдың екінші жартысына дейін осы үрдіс белең алып келді. Осы кезеңге дейін қазақ даласындағы білім жүйесі бірыңғай діни сипатта болды

XIX ғасырдың өн бойында қазақ жерінде Созақ («Баб ата»), Қызылорда («Қалжан ахун»), «Мырзабай ахун»), Талдықорған («Мамания»), Алматы («Қорам»), Тараз («Әбдіқадыр»), Сырымбет (Айғаным медресесі), Бөкей ордасы («Орда»), Семей («Ахмет Риза», «Аякөз», «Сары Хисмат»), Орал («Мутыгия», «Рахибия», «Бузов»), Жезқазған («Дулығалы»), Торғай («Тұз»), Орда («Аққойлы»), Шаян («Аппақ ишан»), Түркістан, Қарнақ («Халфе», «Шамухамед ишан»), «Молда Хашыр дамолла», «Әбілхайыр қазы»), Ақтөбе, Ырғыз, Лепсі, Мерке, Қостанай өңірлерінде медреселер көптеп бой көтерді. Бұл медреселердің кейбірі жәдидшілік ағымы негізінде жаңашыл жүйеде қалыптасқан татар-башқұрт медреселері әсерімен салынды. «Оңтүстік Қазақстан» энциклопедиясында (Алматы, 2005): «1984 жылы Торғай облысында 59 медресе болды, бұларда 457 бала оқыды. 1986 жылы Ақмола облысында 13 медресе болды, бұларда 970 бала тағылым алды. Ақмола аймағында 1923 жылы 42 медресе қызмет етті» деген мәліметтер кездеседі.

Қазақ зиялыларының үлкен бөлігі аталған медреселерде білім алып, жетілді. Ұлтымыздың қамын ойлаған осы зиялылардың бір бөлігі болса, Орынбордағы Троицкідегі «Расулия» медреселерінде оқып, жәдидшілік идеяларымен жете танысты. Бұл өз кезегінде қазақ жерінде жәдидшілдік пен төте жазудың етек алуына жол ашты.

Медреселердегі жаңа оқыту әдісі – жәдидшілдік ағымы болды. Бұл ағым медреселердегі ескі оқу тәртібіне қадимилерге қасы қалыптасты.

Әуелде «усули жәдид» немесе «төте оқу» деген атпен бұл қозғалыс белгілі дәрежеде прогрестік рөл атқарды. Медреселердің оқу жүйесіне физика, математика, ана тілі, химия т.б. дүниетаным пәндері енгізілді, жаңа оқу заман талабына сай өрістеп, еріксіз орын тебе бастады. Сол кездің озат адамдары Ғ. Тоқай, Ғ. Камал, Ф. Әмірхан, М. Ғафури, Мамедкулизаде, А. Байтұрсынов, М. Ақмолда, Т. Жомартбаев, И. Көбеев, С.М. Торайғыров, Қалтаев, Гаспралы т.б. адамдар төте оқуды жақтады. Төте оқу жолының Қазақстан топырағында іске асуы 1900

жылдың басынан, әсіресе, 1905 жылғы төңкерістен соң өріс алды. Қазақстанда жаңа әдіспен оқытатын жүздеген медреселер жұмыс істеді. Алғаш рет араб әрібіне реформа жасады.

Медресе Орта Азия мен Қазақстан халықтары арасында елеулі рөл атқарды. Талай адамдар буыны білім негізін медреселерде алды. Мұсылманша хат тану – сауаттылық әр елде, әр халықта әрқилы дамыды.

II Екатерина үкіметтің бастауымен Уфадағы бүкіл империядағы мұсылман халқының істерін басқаратын Муфтият құрылды. Қазанда ескі араб тілінде басылған Құран шығарылып, сатуға таратылды. Бұл қазақ даласында діни мектептердің көбеюіне себеп болды. 1894 жылы Торғай облысында 59 медресе болды, бұларда 457 бала оқыды. 1896 жылы Ақмола облысында 13 медресе болды, бұларда 970 бала тағылым алды. Ақмола аймағында 1923 жылы 42 медресе қызмет етті.

1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі діни білім жүйесінің жалпы көрінісі осы сипатта болды. Ал дінді «апиын» деп жариялаған Кеңес одағының атеистік билігі дінге де, діни білім жүйесіне де тыйым салғаны таяу тарихтан белгілі. Өртүрлі айып тағып, ұлт зиялыларын, байлар мен молдаларды қуғындаудың сан түрлі тәсілін тапқан кеңестік билік тұсында діни білім берудің жасырын түрлері дамыды. Орталық Азияда, қазақ даласында ғасырлар бойы жалғасып келген тариқаттар дәстүрі бұл кезеңде де үзілмеді. Шәкірттерді жекелеп түн мезгілінде оқыту, күндізгі шаруашылық жұмыстары барысында сұхбат арқылы білімімен бөлісу, діни білім берудің бірден-бір мүмкін түріне айналды. Бұл үрдіс, әсіресе, Оңтүстік Қазақстан өңірінде дамыды. Діни ағартудың бұл түріне тосқауыл қою үшін кеңестік билік өкілдері діни сауатты ишандар мен молдаларды барынша аңдуға алып, үстеме салық салу, мал-мүлкін тәркілеу, жер аудару шараларына дейін қолданған.

1941 жылы басталған екінші дүниежүзілік соғыс ішкі рухани дағдарыстары шегіне жеткен Кеңестер Одағына оңайға соқпады. Соғыстың алғашқы жылдарындағы үздіксіз жеңілістер ішкі ахуалды ширықтыра түсті. Өтпелі құндылықтардың халықтың рухын көтеруге қауқарсыз екендігін мойындаған кеңестік билік мәңгілік құндылықтарды қайта жаңғыртып, ел рухын көтеру, Отан қорғауға жігерлендіру үшін дінге ерік беруге мәжбүр болды. 1941 жылы Орта Азия мұсылмандарының діни басқармасы (САДУМ) құрылды. Қазақстан аталған діни басқарма құрамына қазият ретінде енді. Бұл қазақ дін зиялыларының азды-көпті ашық жұмыс жүр-

гізіп, діни еңбектер жазуына мүмкіндік берді. Әсіресе, көрнекті дін ғалымы, 20 жыл бойы (1952-1972жж.) Қазақстанның қазия қызметін атқарған Сәдуақас Ғылманидің терең әрі мазмұнды діни зерттеулері дін ғылымының сан саласын қамтуымен ерекшеленді. С.Ғылманидің «Дін педагогикасы», «Құран туралы жала мен өтіріктерге қарсы», «Рисала Уасатыйиа», «Махмуд Шалтут тафсиірінің аудармасы» еңбектері мен ақида (сенім негіздері) саласындағы жазбалары тұтас бір тарихи дәуірдің діни пайымдауларын қорытқан жүйелі ізденістердің жемісі болды.

Кеңестік билік тұсында қазақ жерінде діни білім жандана қойған жоқ. 1971 жылы Өзбекстан астанасында Имам Бұхари атындағы Ислам институты құрылды. Кеңес одағы көлеміндегі бірден бір исламдық оқу орны саналатын осы институттан қазақ халқының бірқатар тұлғалары білім алды. Қазақ дін зиялыларының кеңестік кезең тұсындағы қызметі ғұрыптық рәсімдерді атқару, діни мерекелерді өткізумен шектелді.

XX ғасырдың 30-40-жылдарындағы сталиндік репрессия салдарынан қазақ жеріне протестант сенімін ұстанушы халықтар, әсіресе немістер көптеп жер аударылды. Бір ғана Еділ бойынан елімізге 360 000 неміс ұлтының өкілдері жер аударылған. 1950 жылдары елімізде лютеран шіркеуінің, інжілдік христиан-баптистердің, адвентистер мен меннониттердің қауымдары қызмет ете бастады. 1955 жылы Целиноградта алғашқы лютеран шіркеуі тіркелген. 1990 жылдары інжілдік христиан-баптистер қауымының саны 109-ға жеткен.

Сонымен қатар, Ахмет Риза, Ғалия, Айғаным медреселерінен басқа Қазақстан жерінде мынандай медреселер болған. Олар: Алматы медресесі, Аякөз медресесі, Әбдіқадыр медресесі, Баб ата медресесі. Осы медреселер жайындағы қолда бар мәліметтерге тоқталып өтейік.

Алматы медресесі. 19 ғасырдың орта шенінде Алматыда орталық мешіт салынуымен қатар, жанынан жүз елу адамдық діни медресе ғимараты да бой көтерді. Аталмыш оқу орны қазір Маметов пен Пушкин көшесінің қиылысында ағаштан салынған бір қабатты үй еді. Медресеге талапкер Қазақстанның барлық аймағынан қабылданған. Бірақ атеизм үстемдік еткен Кеңес үкіметінің солақай саясатының салдарынан медресе 1938 жылы жабылып, Ұлы Отан соғысы жылдары онда әскери мекеме жайғасты. Соғыстан соң медресе ғимараты 1990 жылға дейін кешкі мектеп қызметін атқарды. 1990 жылы жаңа мешіт құрылысы басталуына орай, сол кездегі діни басшылық медресе ғимаратын бұздырды.

Аякөз медресесі. Іргесі 1851 жылы қаланған медресе ұзақ жылдар бойы Аякөз округіндегі 12 болыс елдің балаларын мұсылманша оқытып сауатын ашқан. Медреседе дін оқуларымен қатар, тарих, жағрапия, есеп, фәлсафа пәндері де оқытылған. Онда Шейх – ул Сейт Мирхамедұлы, Бердіқожа Саяқыпұлы, Мұхаммед Садық, Шәкер Шахиахметұлы т.б дін қайраткерлері білім алған. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың атасы Әуез де осы медреседе білім алған. Медресе өткен ғасырдың 20-жылдары жабылған.

Әбдіқадыр медресесі. Оның құрылысы Тараз қаласында 1906 жылы басталып, 1912 жылы аяқталған. Медресе Әбдіқадыр атты кісінің қаржысына салынған. Алайда, XX ғасырдың 30-жылдарында бұзылып, алдыңғы беті мен мұнарасы ғана аман қалған. Әбдіқадыр медресесі Орта Азияның осы тектес құрылыстары үлгісінде салынған. Алдыңғы қабырғаның дәл ортасында жебе тәрізді арқалы терең ойығы, екі жағында сүйірлене шыққан жіңішке мұнарасы бар. Күмбезді мұнарасына қарама-қарсы алты терезе орнатылған. Медресе күйдірілген кірпішпен қаланған.

Баб ата медресесі. Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауылының орталығы Шолаққорған ауылының жанында орналасқан. XVIII аяғы – XX басында іргетасы қаланып, күні бүгінге дейін жеткен оқу орны көп игілікті іс атқарды. Халқымыздың талай азаматтары осы жерде білім алып, сауатын ашты [5, 320 б.].

Қазақстанда ислами білім беру жүйесінің ерте ғасырлардан басталған мың жылдық тарихы бар. Ең алғашқы ислами оқу орындары араб жерінде емес, Түркістан өлкесінде пайда болғандығы тарихтан белгілі. Мұның басты себебі, араб тілінің ерекшеліктеріне байланысты. Ислам дінін қабылдаған түркі халықтары үшін діннің негіздерін үйренудің жалғыз жолы араб тілін меңгеру болып табылатын. Сондықтан түркі халықтары Құран Кәрім мен Пайғамбарымыздың сүннеттерін үйрену үшін араб тілін меңгеру қажеттілігі

туындады. Сол себепті де араб тілін меңгерген жегік ғұламалар қарапайым халыққа араб тілі, Құран, хадис сияқты ілімдерді үйрету үшін медреселер ашыла бастады. Орта ғасырларда бірыңғай рухани мәдени кеңістікте өмір сүрген Орталық Азияда медреселер жүйесі ерекше қарқынмен дамыды. Медреселер көбіне мешіттердің жанынан салынды. Бұхара, Самарқанд, жерінде басталған медресе дәстүрі Баласағұн, Түркістан, Отырар, Сайрам, Сауран, Сығанақ, Өзкент секілді Ұлы Жібек жолының бойында жатқан ірі мәдени орталықтарда жалғасын тапты. Ортағасырлық жазба мәліметтерде бір ғана Баласағұн қаласында 40 мешіт, 20 медресе болғаны айтылады.

Қазақстан жеріндегі медреселер жүйесі бойымен Сыр бойындағы қалаларда ерекше өрістеді. Бұл Қожа Ахмет Иасауи негізін салған рухани ілім арқылы Түркістан қаласының түркі жұртының рухани астанасы деңгейіне көтерілуімен тікелей байланысты болды.

Халқымыздың тарихында қай кезеңде өмір сүрген ақын – жыраулардың өлеңдерін алып қарамайық, олардың барлығында ақида мәселесі орын алады. Яғни, Алланың барлығы, Алланың сипаттары, Алланың бірлігі, ақырет күні, қиямет күні сияқты сөз тіркестері көрініс табады. Яғни осы ойды қорытындылай келе, сол уақыттардың барлығында оларға ақида ілімін бойларына сіңіретін бір білім беру жүйесі болғанын көреміз. Қазіргі заманда кез-келген мәселе осы ақида ілімінен келіп туындап отыр. Сонымен қатар Қазақстан жерінде өмір сүрген медреселер туралы ешбір жерде мардымды мәлімет таба алмайсың.

Халқымыздың «Өткенді білмей, болашақты болжай алмайсың» деген қанатты сөзіне сүйенсек, өткенді зерттеп, қазіргі оқиғаларға анализ жасамайынша, біз нағыз білім иесі бола алмаймыз. Осы жағдайды ескеретін болсақ, бұрынғы бабаларымыздың ілім жүйесін зерттей отырып, қазіргі туындаған мәселелердің шешімін табуымызға болады.

Әдебиеттер

- 1 Ювалы А. Бүгінгі дінтану мәселелері – Түркістан: Тұран, 2004. – 200 б.
- 2 Сейтбеков С. Иман негіздері – Алматы: Көкжиек, 2011. – 376 б.
- 3 Ержан Қ. Білім беруде медреселердің маңызы «Қожа Ахмет Ясауи тағылымы және Қазақстандағы діни білім беру мәселелері» атты Халықаралық симпозиум материалдарының жинағы. Түркістан: Тұран, 2011. – 433б.
- 4 Остроумов Н.П. Мадрасы в Туркестанском крае – Санкт-Петербург: Сенатская Типография, 1907. – 315с.
- 5 Дербісәлі Ә. Қазақстандағы мешіттер мен медреселер – Алматы: Көкжиек, 2009. – 428 б.
- 6 Нұрғалиев Р.Н. Ислам энциклопедиясы – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 281 б.

References

- 1 Yuvali A. Bugini dintanu maseleleri Turkistan: – Turan, 2004. – 200b.
- 2 Seitbekov S. Iman negizderi – Almaty: Kokjiek, 2011. – 376b.
- 3 Erjan K. Bilim berude medreselerdin manizi «Koja Ahmet Yassau tagilimi jane Kazakstanda bilim beru maseleleri» atti Halikaralik simpozium materialinin jinagi. Turkistan: Turan, 2011. – 433b.
- 4 Ostroumov N.P. Madrsi v Turkestanskom krae – Sankt – Peterburg: Senatskaia Tipografia, 1907. – 315s.
- 5 Derbisali A. Kazakstandagi meshitter men medreseler – Almaty: Kokjiek, 2009. – 428 b.
- 6 Nurgaliev R.N. Islam ensiklopediasi – Almaty: Kazak ensiklopediasi, 1995. – 281b.

Мейрбаев Б.Б., Әбуов Т.Т.,
Аршабаев С.Т.

**Мутазилаңың тағдыр мен
жазмыш туралы көзқарастары**

Мұғтазилиттер исламдағы үлкен кәламдық бағыттардың бірінің негізін қалаған мектеп саналады. Бұл ағымның ілімдік тұрғыдан жүйеленуі VIII ғасырда Басра діндар ғалымдары тарапынан жүзеге асырылды. Ол грек философиясының ықпалымен қалыптасып, халифаттағы білімді мұсылмандар арасында, әсіресе Ирак және Иран жерінде кең тарады. Алланың әділеттілігі принципіне негіздей отырып, мұғтазилиттер тағдыр мәселесін теріске шығарды және адамда шексіз ерік бостандық бар деген ұстанымды ортаға салды. Тағдыр мәселесінің әрі саяси әрі сенімдік жағы болғандықтан, ойшылдар мен діндарларды үнемі толғантып келген. Бұл мақалада тағдыр төңірегіндегі барлық пікірталастарды қарастырмастан, Мұғтәзила ғалымдарының талдаулары мен түсіндірмелері сунниттік пайымдаулармен салыстыра отырып, қарастырылады. Араб тілінде тағдыр деген мағынаны беретін қадар ұғымы мен құдырет сөзі бір-бірінен шығады. Ал мұғтәзилиттер бұл екеуін бір-біріне қарама-қарсы мағынада қойып қарастырады.

Түйін сөздер: Мұғтәзила, тағдыр, әһли сунна, құдірет.

Meyrbaev B.B., Abuov T.T.,
Arshabayev S.T.

**Mu'tazila views on fate and
predestination problems**

Mutazila representatives of the first major trends in Islamic religious and rational philosophy (Kalam) and freedom of expression. Rationalistic doctrine mutazila appeared in the VIII century among the scientists and theologians of Basra. It was formed under the influence of Greek philosophy and was widely spread among educated Muslim scholars in the cities of the Caliphate, especially in Iraq and Iran. Defending the thesis about the justice of Allah, mutazila rejected the doctrine of complete predestination and defended the thesis on the freedom of human thought and will to commit good and bad deeds. They believed that only divine justice presupposes free will and God's ability to create only «the best», and hence the impossibility of violating them installed from everlasting order of things. This article considers the problem of predestination in mutazila teaching. In Arabic «Kadar» and «qudrat» comes from the same roots. But mutazila considering them as two opposite concept.

Key words: Mutazila, fate, Sunnis, qudrat.

Мейрбаев Б.Б., Абуов Т.Т.,
Аршабаев С.Т.

**Взгляды мутазилитов
на судьбу
и предопределение**

Мутазилиды – представители первого крупного направления в исламской религиозно-рациональной философии (калам) и свободомыслия. Рационалистическое учение мутазилитов возникло в VIII веке в среде ученых-богословов Басры. Оно сложилось под влиянием греческой философии и получило широкое распространение в среде образованных мусульманских богословов в городах Халифата, особенно в Ираке и Иране. Защищая тезис о справедливости Аллаха, мутазилиды отвергали учение о полном предопределении и отстаивали тезис о свободе человеческой мысли и воли в совершении добрых и злых дел. Они считали, что божественная справедливость лишь предполагает свободу воли и способность Бога творить только «наилучшее», а значит, и невозможность нарушения им самим установленного от века порядка вещей. В данной статье рассматривается проблема предопределения в мутазилитском учении. На арабском языке «кадар» и «кудрат» имеют одни истоки. Но мутазилиды их рассматривают как два противоположных понятия.

Ключевые слова: мутазилиды, судьба, сунниты, кудрат.

МУТАЗИЛАНЫҢ ТАҒДЫР МЕН ЖАЗМЫШ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ

«Тағдыр» мен «құдырет» сөздері жалпы исламдық ойлау жүйесінде бір-біріне қарама-қарсы мағынада қолданылған. Бұл жерде құдырет сөзі адамның күш-жігері мағынасын білдіреді. Біз бұл жерде Мутазила мектебінің түсінігі бойынша, Алла мен адам ара қатынасы негізінде аталмыш екі сөзді анықтауға тырысамыз.

Ислам тарихындағы Аббаси халифасы әл-Мутауаккилдің калам, философия және еркін ойшылдыққа тиым салуынан бастап, Мутазила мазхабының әлсіреуімен Әхли хадис пен ислам құқықшыларының үкімдері басымдылық таныта бастаған. Осыдан соң мұсылмандардың тағдыр түсінігі, адамдардың күш-жігерін шектеген және жоққа шығарған.

Мутазила мектебі тағдыр мәселесінде адамның тағдыры о бастан жазылып, шешіліп, белгіленіп қойылуы не қойылмауы турасында өзіндік пікірлерін ортаға қойған. Әлемде жаратылған әрбір болмыстың өзіндік тағдыры бар. Адам баласы да Алланың жаратқан бір болмыс ретінде жақсылық пен жамандықты таңдау еркі бар ақыл иесі болып табылады. Алла адам баласына ерік берген. Әрбір адам ақылы арқылы сол ерікті дұрыс пайдалануға, өмірге келгендегі негізгі мақсатын орындап орындамауы өз еркінде болған бір болмыс деп тұжырымдайды Мутазила мазхабы.

Мутазила мазхабының қадар сөзіне берген анықтамалары. Қадар сөзі: оқиға, қаза және үкім, құдырет, өлшеу, сәйкестендіру секілді мағыналарды береді. Қадар мен тағдыр сөзі Құранның 50 аятында кездеседі. Дегенмен жоғарыдағы мағыналар хз. Пайғамбарымыздың тағдырға берген түсініктемелерімен еш байланысы жоқ екенін алдағы уақытта сөз етеміз.

Мутазила ойшылдары қадар сөзін етістік ретінде салыстыру, мысал келтіру деп ашықтаған. Яғни Мутазила ағымы тағдыр және қадар сөздерін түрлі мағынада қолданғанын байқаймыз. Мутазила «Алла адамдардың іс-әрекеттерін жаратты» деген аяттарды ашықтап, адамның ерік қалауын теріске шығарумен қатар, Алла адамдарды іс-әрекеттерін алдын-ала біледі деп тұжырымдаған.

Тағы бір жерде Мутазилашылар қадар мен тағдыр сөзі көзқарас пен түсінік секілді синоним мағынадағы сөздер деп тұжырымдайды. Мутазилашылар Құран түсіндірмеле-

рімен шектелмей, Пайғамбар хадистері және сахаба сөздерін де негізге алған. Мысалы, Мутазила мектебінің өкілі Әбу Хадид хз. Алидің хұтбаларынан біріндегі «Жаратқанын тағдыр етті және тағдырына қарай үкім берді» деген сөзін былайша айшықтайды: «Алла жаратқан болмысын бағалады және бағалаумен қатар, Халифа басшы қылды. Тағдыр сөзі бұл жерде үкім беру мағынасында қолданып тұр. Яғни әрбір іс мақсатына қарай жасалынады. Сол себептен әрбір жаратылыстың тағдырына қарай өзіндік міндеті бар. Қаза мен тағдыр Алланың әмірі мен үкіміне негізделеді дейді.

Мутазилашылар пікірінше, Алла адамдардың іс-әрекеттеріне араласпайды. Мутазила өкілдерінен тек Салих Куббаның пікірінше, Алла адамдарды іс-әрекетіне араласады, себебі Ол барлық нәрсені білуші деді. Мутазила дүниетанымы бойынша, Алла кәпірді кәпір етіп жаратпаған. Адам өз еркімен күпірлікке кіреді немесе иманға ереді, дейді. Мутазила адам әрекеттерін Алланың қалауымен болатындығын терістеп, тағдыр мәселесінде әс-әрекеттер әрбір адамның өзіндік еркі мен қалауына байланысты, дейді.

Қадар сөзінің басқа да мағыналары

1. Ғылым мен білім түсінігіндегі қадар: Құранның бір аятында «егер Алла құлдары үшін ризық несібесін молынан берсе еді, молшылықтың қадірін түсінбей, дүниежүзі азғындар еді. Біз барлығын бір тағдырмен жараттық» делінген. Бұл аяттағы «тағдыр» сөзі «оқиға» мағынасында қолданылып тұр. Қади Абдужаппар бұл аяттағы тағдыр сөзін «білдіру» мағынасында қолданылған деп: «Алла адамдар арасында азғындықтың болмауы үшін ризықты барлығына бірдей солынан бермеген» деген түсініктеме береді. Яғни адамдар арасында күпірлік пен азғындықтың Алла тарапынан емес, адамдардың өздері іс-әрекетімен жасайды дейді.

2. Ажал және хатым мағынасындағы тағдыр: ажал: белгілі бір өлшем, уақыт және сол уақыттың бітуі деген мағыналарды білдіреді. Хатым болса, нақтыланған, үкім берілген деген мағыналарды білдіреді. «Алланың әмірі міндетті түрде орындалатын бір тағдыр» аятында Алла адам әрекеттерін жаратушы емес, керісінше Алла әмірлерінің ақылға түсінікті екендігін білдіреді.

3. Ахкам (бекітілген үкімдер) мағынасындағы тағдыр: Мутазила дүниетанымы бойынша тағдыр, бір істің нәтижесі ретінде қабылданып, кез-келген нәрсені жаратуды, жасауды тағдыр деп түсініп, бір затты жасау немесе жарату тек

Аллаға ғана тән емес, адамға да тән сипат деп қабылдайды.

Осыған орай, мысал ретінде Бухари мен Муслимнің хадистеріндегі «Иман деген не?» сұрағына Пайғамбардың екі түрлі жауабын көрсетеді. Абу Хурайра риуаятында «Иман деген не?» сұрағына хз. Пайғамбарымыздың 1-ші жауабы: Аллаға, Періштелерге, Кітаптарға, Аллаға қауышуға, Пайғамбарларға және өлімнен кейін қайта тірілуге сену, делінген. 2-ші жауабында: Аллаға, Періштелерге, Кітаптарға, Аллаға қауышуға, Пайғамбарларға және өлімнен кейін қайта тірілуге және тағдырға сену, делінген (Бұл жердегі Аллаға қауышу ахырет түсінігін білдіреді). Кейбір хадистерде жоғарыдағы шарттармен қатар «жақсылық пен жамандықтың бір Алладан келетініне сену» де баяндалған.

Бұл хадистер Мутазила тарапынан талқыға алынумен қатар, қазіргі таңда да кейбір мұсылмандық зерттеушілер тарапынан сахих емес деп танылған. Кейбіреулер Алланың тек жақсылықты жаратқаны, ал жамандықты адамның өзі жасайтындығын айтады.

Қаза сөзінің Мутазила өкілдері тарапынан түсіндірілуі және тағдыр сөзімен байланысы.

Тағдырдан сөз еткенде міндетті түрде «қаза» сөзі де қарастырылып, әрбір мазхаб бойынша өзіндік анықтамалар берген. Біз төменде тек Мутазила мазхабының көзқарастарын басты тақырып ретінде қарастырамыз.

Қаза сөздікте – әмір, бір істің соңы, бір мақсатқа жету, жоспарлы әрекет, бір істі бітіру, жауапкершіліктен құтылу секілді бірнеше мағынаны білдіреді. Қоғамдағы ең көп қолданылатын мағынасы: үкім, өлім, өлтіру, орындау. Мутазиланың қаза мен тағдыр түсінігі әхли сүннет мазхабының түсініктерінен әлдеқайда өзгеше. Себебі, Мутазила бойынша адамның іс-әрекеттері Алла тарапынан жаратылмаған. Яғни, Алла адамның болашақта жасайтын әрекеттеріне араласпайды. Құранның бір аятында: «Біз кітапта Исраил ұлдарына: Сендер жер бетінде екі рет бүлік шығарып, үлкен күпірлікке кіресіндер» деп білдірдік, делінген. Қади Абдулжаппар бұл аятты былайша айшықтайды: Алла болашақта бүліктің шығатынын жарқын болашаққа, ал қазаны өткен шаққа негіздеген. Яғни, болашақтағы бүліктің Алла қалауымен болатындығын айтқан.

Мутазила ағымы Құрандағы қаза мен тағдыр сөзін ескерту, хабар беру мағынасында қабылдайды. Мысал ретінде Құранның «Таңертең шығып бара жатып, олардың (Лұт қауымының) басы кесіледі деп Оған (Лұтқа) бұл

жағдайды қаза қылдық», аятындағы қаза сөзін хабар беру, ескерту деп тұжырымдайды.

Қаза сөзі әмір ету, бұйыру секілді мағыналарға да келеді. «Раббың тек өзіне ғана құлшылық етуді, ата-анаға жақсылық жасауды бұйырды (қаза етті), аятында қаза сөзі бұйырғанды білдіреді. Сонымен қатар қаза сөзі – бір істің нәтижесі, соны дегенді білдіреді. Сол себептен «хабар» мағынасында қолданылса, бір істің нәтижесі айқын көрінеді деген сөз. Мысалы, әкімнің үкіміне қарай керекті болған нәрсе үшін «қаза» делінеді. Аллаға қатысты нәрселер үшін маслихатты керектірген секілді бұл жағдайда, Оны толығымен жаратты, үкім берді делінеді.

Қади Абдулжаппар адам әрекеттерінің Аллаға қатысы жоқтығын былайша ашықтайды: Егер адамдардың әрекеттері Алланың қаза мен тағдыры, қалауымен болса еді, олардың барлығына разы болуды қажет ететін еді. Яғни күпірлікке де разылықпен қарау керек болатын еді, дейді. Бұл мәселеде Әбу Ханифаның да ұқсас көзқарастары бар. Әбу Ханифаның көзқарасы бойынша, Алла кәпір үшін күпірлікті қалаған, бірақ кәпірге күпірлікке кіруді бұйырмаған. Алла бұйырған барлық нәрсесінен разы, бірақ қалаған барлық нәрсесінен разы емес. Алланың разылығынсыз бірақ қалауымен болған адамдардың күпірлік іс-әрекеттері арқылы Алла адамдарды жазаға тартады. Алла барлық адамзатқа иманға келуді бұйырған, бірақ кейбіреулерінің исламға кірмеуі Алланың қалауымен болып жатқан әрекет. Мутазила ғалымдарының дүниетанымы болса, адам әрекеттері Алланың қалауы да емес, әмірі де емес дейді.

Қалам ғылымының атақты зерттеушілерінің бірі Замахшаридің ойынша, Алланың «Лауху-л Махфузда» (тағдыр тақтасы) жазған адамзаттың іс-әрекеттері белгілі бір жазу ғана болып, анық тағдыр еместігін айтады. Яғни Алла болашақтағы іс-әрекеттерді біледі, бірақ олар адамдар үшін белгіленген және Алланың қалаған әрекеттері емес дейді.

Кез-келген мұсылман Алланың болашақты білуінен күдіктенбейді. Яғни, Алланың барлық нәрсені білуші екендігін мойындайды. Бірақ, Алла барлық нәрсені алдын-ала жазып белгілеп қойса, адамдар сол жазу арқылы әрекет жасап, қияметте жауапқа тартылмай ма деген сұрақ туындайды. Әрине, олай еместігі, яғни Алланың адамдарды жамандыққа мәжбүрлемегендігі турасында мына бір мысал түсініктеме береді: Балықтар теңізде туылып, өсіп өледі. Теңізде қалағанын жасай алады. Теңіз оның әрекеттеріне еш шек қоймайды. Алланың білім сипаты да осы

секілді. Алла үшін өткен мен болашақ деген нәрсе жоқ. Адамзаттың барлық әрекеттері теңіздегі балық секілді, Алланың білім сипатының ішінде қамтылған. Адам әрекеттері Алланың белгілеген шеңбер ішіндегі еркін жасалынған әрекеттері болып табылады.

Мутазила ағымының дүниетанымындағы ең маңызды тақырып «тағдыр» мәселесі болып табылады. Бұл мәселенің өзіндік ерекшелігі бар. Адамның әрекеті ешбір нәрсемен байланысы болмауы мүмкін емес. Әрбір әрекет өзіндік бір күш-жігерге мұхтаждығы бар. Адам әрекеттерінің жаратушысымен байланысы болу керек. Яғни тағдыр, күш-жігер және құдырет арасында бір байланыс бар. Мутазилашылар қаза мен тағдырды Алла әрекеттері деп қабылдап, оны бір жүйе ретінде қабылдайды. Осыған орай, қаза сөзінің 1- істің соңы; 2 – бұйрық пен әмір; 3 – хабар беру мен білдіру секілді үш түрлі мағынасы бар. Бұл үш түрлі мағынада да қолданылған Құранның бірнеше аяттары мысал ретінде келтірілген.

Мутазила ағымы өзіндік көзқарастарын ашықтай отырып, сөздердің сөздік және терминдік мағыналарында айырмашылықтарды ортаға қояды. Бірақ, көбіне терминдік мағынасын қолданады. Дегенмен Құрандағы «муташибих» (мағынасы жабық) аяттардың тек сөздік мағынасын қолданады. Құрандағы сөздердің екі жақты түсіндірмесі бар. Оның бірі – ақыл арқылы, ал екіншісі – сөздік арқылы дейді, Мутазила көсемдері. Мутазила көсемдері араб тілін жетік меңгерген. Ақылдық тұрғыдан тұжырымдама жасағанда, сөздікке аса мән берген. Сонымен қатар көне Араб дастандары мен өлеңдерінен көптеп пайдаланған. Осы себептен тағдыр сөзінің мағынасын адамның іс-әрекеттерінің алдын ала белгіленіп қоймағандығын негіздейді.

Қаза мен тағдырға жақсылық пен жамандыққа иман еткендей, иман келтіру турасындағы хадистер жайында Қади Абдулжаппар «жамандықты» зияндық деп айшықтаған. Яғни зияндық ұсқынсыздық мағынасына келіп, бұл сипат Аллаға тән емес деп айшықтама жасайды. Дегенмен орта жастағы бір адам Сыффын соғысында хз. Алидің жанына келіп, Құранда Алланың қазасына разы болуды уәжіп қылған хабарлар бар екендігін айтқан. Егер жамандық зияндық ретінде қарастырылған болса, жақсылықпен жамандықты Алла тарапынан екендігі жайыз болар еді. Ал егер бұл жамандық түсінігінде ұсқынсыздық болса, онда Аллаға тән болмас еді. Яғни, зияндық ұсқынсыздық деген сөз емес. Мутазила түсінігі бойынша, жарату Алламен қатар адамға да тән сипат. Яғни, адамдардың тағдыры жаратуды

білдіреді. Әрбір адам өз тағдырын өзі жаратады дейді. Бұл жердегі жарату түсінігі кез-келген затты алғашқы жаратушысы түсінігінде емес. Себебі, алғашқы жаратушы бір Алла ғана және Аллаға ғана тән сипат болып табылады.

Мутазила мен Әхли сүннет ғұламаларының дәлел ретінде қабылдаған бірнеше аяттары бар. Дегенмен Мутазила ағымының ғұламалары ақылдық тұрғыдан тағдыр мәселесінде тұжырымдамалар жасаған. Оның себебі де тағдыр сөзінің Құранда түрлі мағынада айтылғаны негіз болады. Мысалы, «жасаған іс-әрекеттерің туралы сендерге хабар береді», «іс-әрекеттерің туралы Оның хабары бар», «жасаған әрекеттеріңе қарай азабын тартасыңдар», «жасаған әрекеттеріңді көріп тұр», «әрекеттеріңе қарай қарсы алынасыңдар», «Алла жасаған әрекеттеріңді білмейді деп ойлайсыңдар ма, Ол барлығын көруші» секілді аяттар түрлі мағынаны білдіреді.

Ислам философиясы тарихында тағдыр тақырыбында Мутазилаға жақын көзқараста болған Матуридилер еді. Матуриди ағымы тағдырды былайша ашықтайды: Жақсылық та жамандық та о бастан Алланың үкімі. Қаза болса, үкімдері де шексіздікті негіздеген бір әрекет болып табылады. Яғни, қазаға белгілілік мағынасын берсе, онда ол математикалық есеп болып, барлық нәрсе алдын ала есептеліп қойған дегенді білдіреді. Мутазила секілді Матуридилер де барлық нәрсе алдын ала белгіленіп қойған деген түсінікке қарсы. Матуриди өкілдерінің дүниетанымы бойынша, Алланың қазасы мен тағдыры адамдарды мәжбүрлемейді. Адам әрекеттері Алланың қазасымен болғанымен, Ол ешкімді бұған зорлап жасатпайды.

Матуридилер бұл тақырыпта Мутазилаға жақын көзқараста болғанымен, әхли сүннет мазхабының белгілі шектен шықпауы мақсатында Ашариге де жақын түсініктері бар. Абу Мансур әл-Матуридидің көзқарасы сол кездегі замандасы, көрнекті мұсылман ойшылы Абу әл-Хасан әл-Ашаридің көзқарасына жақын болған. Осы екеуі де Мутазилиттер философиясына жауап ретінде өз доктриналарын дамытты. Алайда, ол екеуінің ілімдерінің арасында бір-бірінен айырмашылықтары да бар. Ашари секілді Матуриди де Құран аяттарын ақылмен дәлелдеу мүмкіндігі бар деп есептеген. Бірақ сонда да Матуриди Ашариге қарағанда, Құдай ақиқатын тану мәселесінде ақылға үлкен мән берген. Мысалы, Матуриди Алланың болмысын ақылмен танып білу мүмкіндігі бар дейді. Себебі, Құранда бұл туралы айтылған сөздер бар дейді. Сондықтан Құдайдың болмысын танып-

білу талпынысы Матуриди бойынша Құран талаптарын орындау болып табылады. Матуриди Құдай болмысын ақылдық дәлелдер негізінде танып білуді қолдай тұра, Құдайдың әмірін ақылмен тану мүмкін емес және ақиқат арқылы сенімге алу қажет деп есептеген. Яғни, егер ақыл бір мәселе және құбылыс немесе іс-әрекетті жақсы немесе жаман десе, онда осы мәселе бойынша ақиқат ережелері негізінде соңғы шешім шығаруға болады. Себебі, ақыл Құдай рұқсат еткен немесе тиым салған нәрселердің мәнін ұғына алмайды. Бұл мәселеде Матуридиттердің көзқарастары мутазилиттердің көзқарасынан айырмашылықтары бар. Мутазилиттер ақыл бір мәселе немесе құбылыс пен іс-әрекеттің жарамды немесе жарамсыз екенін айтса, онда ақылдық дәлелдерге сену қажет деп есептеген.

Ашариттердің бұл мәселе төңірегінде өз позициясы бар. Олар заттар табиғатын тануда ақылдың яғни ойлау процесінің рөлі жоқ және болуы мүмкін емес деп есептеген. Сондықтан жарамды немесе жарамсыз, рұқсат етілген немесе тиым салынған мәселелер туралы тек ақиқат (нақыл) ережелері негізінде пікір шығаруға болады дейді. Сондықтан жалпы Матуридиттер Ашариттерге қарағанда ақылдық дәлелдерге көбірек мән беру жағынан Мутазилиттерге ұқсаңқырап кеткен.

Матуриди ақиқаттың (нақылдың) тиімді мәнін мойындай тұра, «кейде адам ақылының шектеулі және қателесуге бейім» деп ойлайтын хадисшылар және ислам құқықшыларымен жиі дауласып тұрды. Оларға Матуриди Таухид мәселесінде былай деген: «Ақылмен тану мүмкіндігін ескермегендер, өздері бұл пайымдауды ақылдың жұмыс істеуі арқылы жүзеге асырады. Осының өзі ақылдық дәлелдерді қажет етеді. Алланың өзі Құранда ақыл дәлелдерін қолдану қажеттілігі туралы бірнеше аяттарында айтқан болса, бұған қалай қарсы пікір айтуға болады?». Осылайша Матуриди нақылдық дәлелдерге аса мән бермеген, алайда оны жоққа шығармаған. Тіпті егер адамға қателесу қасиеті тән болса және ақыл шынайылана алмаса, онда Матуриди бойынша бәрібір оны елемей мүмкін емес. Матуриди адам ақылының шектеулі екенін мойындай тұра, Құдайдың сөзі Құран және пайғамбар сүннетіне басымдық берген. Ал ақыл дәлелдері оның ілімінде осы екі қайнар көздерге қарама-қайшы келмеуі керек дейді. Ал егер қарама-қайшылық пайда болған жағдайда онда нақылдық дәлелдерді қабылдап, ақылдың шектеулі екенін қабылдау қажет дейді. Матуриди Құрандағы мағынасы жабық аяттардың (муташабих) мағынасын сұрақ

пен пікірталас туғызбайтын мағынасы шық (мухкем) аяттармен олардың мазмұнын түсіндіруді ұсынған. Құран аяттарын Құран аяттарымен айшықтауды оның қарама-қайшылық емес екендігін айтқан. (4.82 аят).

Құдайдың ниеті туралы мәселе бойынша Ашариттер бұл проблема толығымен Құдайдың қолында және оның іс-әрекеттерін талқылауға болмайды деп есептеген. Осыны дәлелдеу үшін мына Құран аятына сүйенеді: «Одан (Құдайдан) ол не істеп жатыр? деп сұрамайды, Ол (Құдай) олардан сұрайды» (21.23). Кез-келген құбылыстың мәнін ақыл дәлелі негізінде анықтауды жақтап мойындайтын Мутазилиттер, Құдай барлық нәрсені белгілі жоспар мен ойластыру бойынша жасайды деген пікірлерін білдірген. Егер Құдай әділ болса, онда Ол екі нәрсенің ең жақсысын жасау керек дейді. Яғни, олардың ойынша Құдай жаман нәрселерді бұйырып, жақсы нәрсеге тиым сала алмайды. Матуриди болса, осы мәселе төңірегінде орта позицияны ұстанып, Мутазилиттер секілді, Құдай барлық нәрсені өз жоспары бойынша жасайды деген. Бірақ ол Мутазилиттерге қарағанда Құдай өзінің ойы мен жоспарын жүзеге асыруда ешкімге есеп бермейді және өз қалауы өзінің еркінде дейді. Сондықтан Матуриди Мутазилиттердің Құдай тек ең жақсысын істеуге міндетті деген пікірлерін сынға алған. Егер Құдай тек жақсыны ғана жасауға міндетті болса, онда ол абсолютті еркінен айрылған және ерекше құдіреті болмаған деген тұжырым жасалады дейді.

Адамның еркі мен тағдыры мәселесінде Матуридидің басқа ағымдардан ерекшелендіретін көзқарастары болған. Ашариттер адамның барлық іс-әрекеттерін Құдай жасатады деп есептеген. Ал адамдар оны тек кәсбте қолданады. Кәсб – Құдайдың қалауымен адам ойластырып орындайтын іс-әрекеттердің бірігуі. Адам Құдай қалауынан басқа еш нәрсе жасай алмайды дейді. Матуриди болса Құдай адамның өзі жасаған таңдауынан туындаған нәрсені жүзеге асырады деп есептеген. Дегенмен Матуриди Құдай қалауын да жоққа шығармаған. Ашариттер адамда қалау еркі жоқтығын айтады. Матуриди ашариге қарағанда кәсб адамға Құдайдан берілген күш (иститаат) арқылы жасалады деп есептеген. Адам өз еркі таңдауы негізінде жасалған әрекеті, Құдайдың қалауы болып табылады. Ал адам өз әрекеттерінің негізінде Құдай мейірімін алады немесе қаһарына ұшырайды. Осының барлығы Матуридидің ойынша, «кәсб» болып табылады. Осылайша Матуриди адамның еркі мен тағдыры мәселесінде Ашариттер мен Мутазилиттер арасындағы позицияны ұстанған.

Құдайдың сипаттары мәселесі бойынша Матуриди мен Ашаридің көзқарастары ұқсас келеді. Дегенмен Матуриди Ашари секілді Құдайдың сипаттарын Құдайдың жеке тұлғасына жатқызбайды. Яғни, зат пен сипат ұғымдары қосылмайды. Ал Құранда жазылған қасиетті сөздер Құдайдың атрибуттары емес, оның есімдері болып табылады.

Матуриди Құдайды көру мүмкіндігіне байланысты айтатыны, дін адамдары шынымен-ақ құдайды жұмақта көреді дейді, бірақ бұл қалай болатынын айта алмайды. Себебі, мұны ақылмен жеткізу мүмкін емес дейді. Олар мұны Құранның мына аятымен түсіндіреді: (75: 22-23). Құдайдың жүзін көру мәселесінде Матуридиттердің көзқарасы Мутазилиттерден өзгеше болып келеді. Мутазилитер Құдайды не осы дүниеде, не арғы дүниеде де көру мүмкін емес дейді. Себебі, олардың ойынша, Құдай мен оны көрушілер бейне бір кеңістікте болады. Ал бұлай болу мүмкін емес, себебі Құдай кеңістіктен жоғары. Матуридидің ойынша, Құран Құдайдың жаратылмаған сөзі болып табылады. Бірақ, ол жазған сия және жазылған парақтар жаратылған болып табылады. Ашарилер болса, Құранды мәңгі (қыдам) деп есептейді. Сүнниттік бағытты ұстанатын Матуридилік Құранды оқу, айту және жазу ісі жаратылған, ал мән-мағынасы жаратылмаған дейді. Құранның қайнар көзі Құдайдың өзі болып табылады. Яғни, Құран Құдайдың сөзі болып табылады (калам). Матуриди осы атрибуттарды мойындаумен қатар оларды ақылдық дәлелдермен түсіндеруге тырысқан.

Адамдардың күнә жасауы мәселесінде Матуриди тіптен күнәһар және күнәсіне өкінген адам болса да, егер онда иман болса, ол адам тозаққа мәңгі қалмайды дейді. Оны дәлелдеуге Матуриди Құранның мына аятын мысалға алады: (6:160). Осы аятқа сәйкес әрбір адам күнәсіне парапар жазасын алады. Сондықтан дінге сенуші мұсылман (иманы бар) күнәһарды Құдайға сенбейтін адаммен бірдей етіп жаза берсе, ол әділетсіздік болар еді. Құдай өзіне сенген адамды жеңіл жазалайды. Матуридидің ойынша, Құдайға сенген адам Құдайдың мейірімінен үміт етіп, қаһарынан қорқуы керек. Себебі, Құдай егер қаласа, адамды кішкентай күнә үшін жазалап, үлкен күнә үшін кешіре алады. Матуридидің күнә турасындағы көзқарастары ислам ғұламаларының көзқарастарына сай келеді. Яғни Құдайға сенушілер тозақ отында мәңгі жанбайды. Мутазилиттер күнә мәселесі төңірегінде басқаша пікірде болған. Олардың ойынша,

егер мұсылман адам істеген күнәларына өкініп, кешірім сұрамаса, тозақта мәңгі қалады дейді.

Ал Харижиттердің көзқарасы мүлдем өзгеше. Олардың ойынша, барлық күнәһар мұсылмандар имансыз деп есептейді. Бұл жерде көрінгендей, Харижиттер мен Мутазилиттер адамның іс-әрекеттерін иманымен байланыстырған. Ал Ашари мен Матуриди адамның іс-әрекеттері олардың имандарының бөлігі емес деп есептеген. Олардың ойынша, Құдай күнәһарларды жазалайды, бірақ кешіре алады. Тіптен үлкен күнәлар жасаған адамдар да иманынан айрылмайды дейді.

Қорыта айтқанда, Мутазилиттер тағдырды толығымен теріске шығармай, тек адам әрекеттерінің Алла тарапынан алдын ала белгіленіп

қойған, адам еркін шектеген тағдыр түсінігін ғана терістеген. Ал әлем және ондағы болмыстардың жаратылысымен бірге адам еркінен тысқары қаза мен тағдыр түсінігін қабыл еткен. Дегенмен Жабрия мен Ашария мазхабтарына қарағанда, Мутазила каламшылары адамзат өзін дамытуға, өз танымы арқылы әрекет етуге мүмкіндігі мен еркі бар екендігін негіздеген. Яғни, Мутазилиттер барлық болмыстың жаратушысы бір Алла, бірақ дүниедегі адамдардың іс-әрекеттері өзіндік еркі мен қалауында деген бір Тәңір-адам ара қатынасы дүниетанымын қалыптастырған. Осыған орай әрбір адам жақсылықты немесе жамандықты таңдауы мен қалауы өз еркінде болған, өз тағдырын өзі жасайтын бір болмыс иесі деп тұжырымдайды.

Әдебиеттер

- 1 Atay Huseyin. İslamin İnanç Esasları. – Ankara, 1992. – 250 p.
- 2 Oner Necati. İnsan Hürriyeti. – Ankara, 1995. – 125 p.
- 3 Watt W. Montgomery. Hür irade ve kader. – İstanbul, 1996. – 166 p.
- 4 Akbulut, Ahmet. Sahabe Devri Siyasi Hadiselerinin Kelami Problemlere Etkileri. – İstanbul 1992. – 200 p.
- 5 Байтенова Н.Ж. Исламдағы секталар мен бағыттар. – Алматы, 2013. – 135 p.
- 6 Али-заде А. А. Мутазилиты // Исламский энциклопедический словарь. – М.: Ансар, 2007. – 100 p.

References

- 1 Atay Huseyin. İslamin İnanç Esasları. – Ankara, 1992. – 250 p.
- 2 Oner Necati. İnsan Hürriyeti. – Ankara, 1995. – 125 p.
- 3 Watt W. Montgomery. Hür irade ve kader. – İstanbul, 1996. – 166 p.
- 4 Akbulut, Ahmet. Sahabe Devri Siyasi Hadiselerinin Kelami Problemlere Etkileri. – İstanbul 1992. – 200 p.
- 5 Bajtenova N.Zh. Islamdary' sektalar men bary'ttar. – Almaty', 2013. – 135 p.
- 6 Ali-zade A. A. Mutazility' // Islamskij e'nciklopedicheski slovar'. – M.: Ansar, 2007. – 100 p.

Байқонысов Е.Р., Утеева К.К.,
Бегім А.Б.

**Басты міндет – жастардың
діни сауаттылығын арттыру**

Мақалада жастар арасында экстремизм мен терроризмді алдын алу, сонымен қатар деструктивті діни бірлестіктермен күрес бойынша ұсыныстар келтірілген. Әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өзара қатынастардың рөлі артқан заманауи әлемде дінаралық диалогтың қажеттілігі артуда. Өркениеттің әрі қарайғы дамуының қауіпті факторының бірі діни экстремизм және терроризмнің кең етек жаюы болып табылады. Заманауи жаһандық әлем бізге сақ болып, қарастырылып жатқан сұрақ бойынша алдын ала нақты іс-әрекеттер жасау қажеттілігін көрсетіп отыр. Себебі, әлеуметтік зұлымдықтың «жемісін» көргеннен гөрі, оның алдын алған дұрыс. Біздің ғасырымызда діни экстремизм мен терроризм саяси қайраткерлер мен діни көшбасшылардың ең көп талқылайтын мәселесіне айналды. Қоғам үшін жай ғана экстремизм емес, діни экстремизм мен терроризм үлкен қауіп-қатер төндіріп тұрғанын үлкен сеніммен айтуға болады. Оның ерекше қасиеті, ол мемлекеттің құрылымын өзгертіп, билікті басып алуға, біздің мемлекетіміздің егемендігі мен территориялық тұтастығын бұзуға бағытталған; діни ілімді және символдарды адамдарды жүйелі түрде қарсы әрекет етіп, күреске итермелейтін маңызды фактор ретінде қолданады. Сондықтан Елбасы Н. Назарбаев жастарды бұл әдеттерден аулақ болуға шақырып, экстремизм мен терроризмге қарсы күресуді баршамамыздың міндетіміз екенін ескертуде.

Түйін сөздер: терроризм, экстремизм, идеология, конфессия, терроризм актісі.

Baikonysov E.R., Uteeva K.K.,
Begym A.B.

**Basic task – to promote religious
literacy of young people**

The article gives recommendations on the prevention of terrorism and extremism among young people. And also deals with the struggle against the influence of destructive religious associations. In today's world where the role of relations between socio-economic, political and cultural increases, religious extremism has become one of the most discussed topics of political and religious leaders. One of the most dangerous factors of further development of civilization is the growth of religious extremism and terrorism. Modern global world forces us to be vigilant and to take concrete action on the issue in advance, because the social evil is easier to prevent than to reap its benefits. With confidence we can say that at present the greatest threat to society is not just extremism but religious extremism and terrorism. Its distinguishing feature is that it is aimed at violent change of the political system and the seizure of power, violation of the sovereignty and territorial integrity of our state; It uses religious teachings and symbols as an important factor in attracting people, mobilizing them in an uncompromising struggle, so the Head of the State Nursultan Nazarbayev calls on young people to be vigilant and to resist all the forces of extremism and terrorism.

Key words: terrorism, extremism, ideology, confession, an act of terrorism.

Байқонысов Е.Р., Утеева К.К.,
Бегім А.Б.

**Основная задача – повысить
религиозную грамотность
молодежи**

В статье выработаны рекомендации по профилактике терроризма и экстремизма среди молодёжи и борьбе с влиянием деструктивных религиозных объединений. В современном мире, где возрастает роль социально-экономических, политических и культурных взаимоотношений, религиозный экстремизм стал одним из самых обсуждаемых тем политических деятелей и религиозных лидеров. Современный глобальный мир заставляет нас быть бдительными и предпринимать конкретные действия по рассматриваемому вопросу заблаговременно. С уверенностью можно сказать, что в настоящее время наибольшую угрозу для общества представляет не просто экстремизм, а религиозный экстремизм и терроризм. Его отличительная черта в том, что он направлен на насильственное изменение государственного строя и захват власти, нарушение суверенитета и территориальной целостности нашего государства; использует религиозное учение и символы как важный фактор привлечения людей, мобилизуя их на бескомпромиссную борьбу, поэтому Глава государства Н. Назарбаев призывает молодежь быть бдительными и всеми силами противостоять экстремизму и терроризму.

Ключевые слова: терроризм, экстремизм, идеология, конфессия, акт терроризма.

**БАСТЫ МІНДЕТ –
ЖАСТАРДЫҢ ДІНИ
САУАТТЫЛЫҒЫН
АРТТЫРУ**

Мемлекетіміз тәуелсіз ел болып, әлемдік қауымдастықта беделге ие болды. 25 жылда барлық салаларда реформалар жасалынып, тиімді шаралар мен мүмкіндіктер жүзеге асырылып келеді. Қазіргі кезеңде рухани салада көптеген өзгерістер мен дамулар орын алуда. Тәуелсіздікке ие болғаннан бері еліміз жаһандық үрдістердің заңдылығына қадам басты. Әлемдік ахуал үлкен алпауыт мемлекеттердің өзін тығырыққа тіреп қойғаны белгілі. Геосаяси жағдай күрт өзгерістерге ұшырап, ұшқындары елімізден сырт айналып өтпейтінін көрсетті. Әлем жұртшылығының мазасыз күн кешуіне себеп болып отырған діни экстремизм мен терроризм күннен күнге үрей тудырып келеді. Әрине, бұл Қазақстанда да көрініс тапқанын білеміз. Дей тұрғанмен келешек жастардың қолында, оларға діни тәрбие мен сауаттылығын арттыру үшін барлық ерік жігерімізді жұмсауымыз керек. Діни сауатсыздықтың әсері қоғамдағы жастардың діни экстремизм мен террористік ұйымдарға қызмет етуіне жол ашты. Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Біздің шешуші конфессияларымыз мемлекеттік органдармен ынтымақтастық барысында дінге сенуші жастармен белсенді жұмыс жүргізіп, олардың шынайы діни білім алуына көмектесе алар еді» [1]. Біз бүгінде тыныш әрі тұрақты жағдайда өмір сүріп жатырмыз, бірақ та мұндай бейбіт тіршілік баршаны жайбарақаттандырып жіберді. Қазіргі кезде құқық қорғау органдарының ондаған мың қызметкерлері лаңкестік әрекеттердің алдын алу және құрықтау мақсатына жұмылдырылған. Мемлекеттің билік құрылымдары бұл орайда өз қызметтерінің нәтижесін көрсетіп отыр. Құқық қорғау органдары мен барлық салалардың елдегі заңдылық пен тұрақтылық сақтаудан асқан маңызды міндеттері жоқ екені баршаға аян. «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында Н. Назарбаев: «Біз мұсылман үмбетінің бір бөлігі екенімізді мақтан тұтамыз. Ол – біздің дәстүріміз. Бірақ бізде зайырлы қоғамның дәстүрлері де бар екенін, Қазақстан зайырлы мемлекет екенін ұмытпауымыз керек. Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек. Біз өзін-өзі ұстаудың ерекше үлгілерін алуға тиіпсіз» деп атап көрсетті. Мемлекет басшысының сарабал саясатының нәтижесінде елімізде

дінаралық сұхбат пен толеранттылық сақталуда. Қазіргі сәттерде бой көрсете бастаған дін атын жамылған экстремизм және терроризммен күрес жолға қойылды. «Сөйте тұрып, мен ұлтты да сақтандырғым келеді. Экстремизммен күрес әйтеуір жазықтыны іздеп табуға айналып кетпеуге және дінмен күреске жалғасып кетпеуге тиіс», – дей келе, Ұлт Көшбасшысы мемлекеттік-конфессиялық қатынас құралынан дінді ығыстырудың идеологиясына айналдырып жібермеуді нақтылай түсті.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстан 140 этнос пен 17 конфессияның өкілдері үшін туған шаңырағына айналды. Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім – біздің басты құндылығымыз. Көпұлтты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылған. Қазақстан жаһандық конфессияаралық үнқатысу орталығына айналды» [2], – деп көрсетті. Мұндай тыныштық күй мен тұрақтылықты еліміздегі кейбір теріс діни ағымдар астан-кестенің шығарғысы келетіні белгілі. Қазақстандағы экстремизм мен терроризмде идеялық емес, қылмыстық негіз бар. Жалған діни көпірмеліктің артында қоғамның негізін күл-талқан еткісі келетін қылмыстық топтар мен іс-әрекеттер жасырынып жатыр. Бұл – біздің еліміздегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа шабуыл жасаудың бірінші сатысы. Мұндай әрекеттер еліміз бен азаматтық кемелдігіміздің мықтылығы мен бірлігінің сынға түсу сәті деп есептейміз.

Қоғам мен адамдар радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлерінің бой көрсетулеріне қарсы тұратын біртұтас шеп құруы тиіс. Діннің тұтастығы – мемлекетіміздің тұтастығы: діни алауыздық ұлттық алауыздыққа жалғасып, елде саяси тұрақсыздық орын алары ақиқат.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев 2015 жылғы 30 қарашада «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты Жолдауын жариялады. Мемлекет басшысы еліміздің бірлігі мен ынтымақтастығына, халықтың әл-ауқатының артуына назар аударды. Қазақстан елі екі онжылдықтан аса уақытта ішкі саяси тұрақтылығымен әлемдік саяси сахнада беделге ие болды. Елбасы ұлттық қауіпсіздік, бейбітшілік, ұлтаралық ынтымақтастық, конфессияаралық татулық, экономикалық даму, дипломатия ұғымдарын басты қағидаларға айналдырды. Елбасының саясатының нәтижесінде мемлекетіміз көптеген асулардан асып, қамалдарды бағындырып келе-

ді. Әлемдік жүйеде мұндай эволюциялық жолмен аз ғана уақыт ішінде қазіргі жағдайға мемлекетіміз секілді ешқандай ел жеткен емес. Бұл көрсеткіштер Ұлт көшбасшысы Н. Назарбаевтың нақты тапсырмаларды алға қойып, оның жүзеге асырылуын қадағалап отырғандығының жемісі деп түсіне білуіміз тиіс. Осыған орай, ұзақ мерзімді Қазақстан-2030 стратегиясы барлық басымдықтарды толығымен орындап шығып, әлемнің дамыған 50 мемлекетінің қатарына ендік. Ендігі міндет әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену болып тұр. Мұндай жетістіктерге жету үшін тынбай еңбек етіп, тер төгуіміз тиіс. Ішкі саясатта саяси тұрақтылық, экономикалық өрлеу орын алуы тиіс.

Жолдаудың маңыздылығы – әлемді дүрсілкіндіріп отырған терроризммен күресуді басты мақсат етіп қойды. Дүниежүзі мемлекеттерінде бұл қатер аса қауіпті мәселелердің бірі болып отыр. Елбасы Н. Назарбаев: «Бүгінде халықаралық терроризм әлемге елеулі қатер төндіріп тұр» [3], – деп атап көрсетті. Терроризм көптеген егемен мемлекеттердің ішкі тұрақтылығын бұзып, тыныштықты бұзуда. Сондықтан жаһандану процесі экстремизм мен терроризм қаупін күшейте түсуде. Бұл қатерлерге ұлттық деңгейде, яғни әр мемлекет аумағында тосқауыл қойып, күресу керек. Қазіргі кезде ақпараттар мен идеологиялық үрдістерде ешқандай шекара жоқ екенін ескеруіміз қажет. Сондықтан қатерді дер кезінде айқындап, олармен күресу, тұжырымдауға мүмкіндік беретін болжамдық-талдамалық қызметтің тиімділігін арттыру – мемлекетіміздің ұлттық қауіпсіздік жүйесі қызметінің басты бағыттарының бірі. Еліміздің тыныштығы – ең асыл қазына! Мемлекет басшысы тыныштықты сақтауды назарға ала отырып, әлемдік деңгейлердегі орын алып жатқан террорлық актілерде жазықсыз бейбітшіл халықтың қырылып жатқанын да нықтап атап өтті. Терроризм неден туындайды? Ол діни сауатсыздықтан, дұрыс емес ақпараттардың берілуінен, сананың улануынан туындайды деп есептейміз. Бұл сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап беру үшін келесі негізгі түсініктерді анықтап алуымыз керек:

Біріншіден, экстремизм – (лат. *extremus* – шеттеу, яғни орталықтан ауытқу, белгіленген жерден тыс кету деген мағына береді) саясаттағы шеткі көзқарастар мен шараларды ұстану [4, 204 б]. Экстремизм – «шеттеу» яғни орталықтан ауытқу, белгіленген жерден тыс кету деген мағына береді) – жалпы тәртіпті мойындамайтын, өзінің пікірімен ғана іс-әре-

кет жасаушы дегенді білдіреді. Экстремизмнің пайда болу себебі, адамның надандыққа, көрсеқызырлыққа бейімделген көзқарасынан пайда болады. Экстремизмнің тағы бір көрінісі басқа біреуді көре алмау, түсінбеу немесе түсінгісі келмейтін адамдардан шығады. Лаңкесшілер дұрыс бағытқа жол көрсететін адамдардың кеңесіне мүлдем құлақ аспайды. Олар өздерін ең таза кіршіксіз деп санап, басқаның барлығын адасушыларға жатқызып, жөн білетін адамдарды мойындамайды [5].

Екіншіден, терроризм – [лат. *terror* – қорқыныш, үрей] – саяси мақсатты сылтауратып, күш қолдану [6, 344 б.]. Яғни, саяси мақсатты сылтауратып, күш қолдану. Бұл ұғым – XVIII ғасырдың соңында ұлы француз төңкерісі кезінде якобиндықтар жүргізген репрессиялық саясатты атауда қолданылады. «Террор» ұғымы қазіргі әдебиеттерде диктаторлық немесе тоталитарлық жүйенің өз азаматтарына қатысты күш қолдану және үрей туғызу саясатын сипаттауда қолданылады. Терроризм – ұйымдасқан топ дитеген мақсатына жету үшін дүркін-дүркін күш қолдану арқылы көрініс табатын әдіс. Терроризм – заңсыз күш көрсету және террор әдістерін қолдану арқылы, мақсаты халықты не оның белгілі бір тобын, билік өкілдерін қорқыту, өзіндік негізінен радикалды, саяси, әлеуметтік және діни мәселелерді алға жылжыту үшін жағдайлар жасау болып табылатын зорлық-зомбылық актілерін жүзеге асыру.

Үшіншіден, терроризм актісі [7, 160 б.] – жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза болуы, елеулі мүліктік зиян келтіру не қоғамға қауіпті зардаптар туындау қаупін төндіретін өзге де іс-әрекеттер жасау, қоғамдық қауіпсіздікті бұзу және халықты үрейлендіру.

Төртіншіден, секта сөзі латынның «*sekta*» сөзінен шыққан, алғашқыда ол екі мағынада қолданылды: біріншісі – бір заттың бөлігі де, екінші мағынасы – сана образы, оқу дегенді білдіреді. Бұл сөз «*seca*» – кесіп тастау (бүтіннің бөлігі) және «*sequi*» – ізіне түсу (қандай болсын оқудың артынан ілесу) [8] сөздерімен мағыналас. Және бұл сөздердің көрініс табу сипатына лайық «*тоталитарлық секта*» [9, 4 б.] деген ұғым қолданылады.

Демек, секта азаматтарға тек қана өз пікірін таңып мақұлдату, зорлық-зомбылық көрсету, еркінен тыс әрекет пен мүлкін тартып алу, тіпті кісі өміріне қауіп төндіру сияқты істерімен ерекшеленеді.

Бесіншіден, идеология – таптың, әлеуметтік топтардың мүддесін білдіретін, қоғамдық сана,

философиялық, моральдық, эстетикалық және діни көзқарастар мен теориялардың жиынтығы [10, 351 б.].

Көп жағдайда теріс діни ағымдар өздерінің дұрыс емес ұстанымдарына жастарымызды баурап алуда. Экстремистік және террористік сипаттағы кері ағымдар мен секталарға жастар не үшін тартылуда деген сұрақтар туындайды?

Біріншіден, 1992 жылдың 15 қаңтарында «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заң қабылданды. Бұл құжат діни бірлестіктер заңнама шеңберінен шықпаған жағдайда мемлекет тарапынан олардың ісіне қол сұғылмайтындығына кепілдік берді. Тәуелсіздік алып, өзінің дербес мемлекеттік ұстанымын көрсетіп, бүкіл әлемге құшағын кең жайған, діни сенім бостандығын іс жүзінде көрсеткен Қазақстанның дархан саясатын пайдаланып, түрлі діни қарағар ағымдар мен секталар елімізге ағылды. Бұл азаматтарымыздың, әсіресе, жастарымыздың санасын улап, ұрыс жолға түсуіне себепкер болды. Діни экстремизм мәселесі бой көтерді. Бүгінде өзге дәстүрлі діндер былай тұрсын, ислам дінінің өзінен тарадық дейтін көптеген ағымдар мен ұйымдар қоғамдық, мемлекеттік мәселеге айналды. Бұл елімізге әртүрлі діни ұйымдар мен ағымдардың енуіне мүмкіндік берді. Түрлі радикалды ағымдардың қауіпсіздігімізге қатер төндіре бастаған сәтте 2011 жылы 11 қазанда «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң қабылданып әрекет етуші заңсыз қарағар ағымдардың қызмет етуіне тыйым салынды. Бұл заң талаптарды күшейте түсті. Осы кезге дейінгі уақытта түрлі ағымдар жастарымыздың санасын улап, өздерінің мүдделеріне пайдалануды мақсат етіп алды және қаншама жастар теріс ағымдардың санын арттырды.

Екіншіден, кері ағымдар жастарымыздың діни сауатсыздығын пайдаланып, алдау, арбау арқылы өздерінің пиғылдарын жүзеге асырып, ұтымды пайдаланды. Жастарға діни білімнің мән-мағынасын түсіндіретін әртүрлі көзқарастар мен діни экстремизм идеологтары тарапынан төнетін қауіп-қатерлерді шынайы бағалау қиындық туғызып отыр. Жастарымыз психологиялық тұрғыдан, білім мен ғылым жағынан оларға қарсы тұрып, төтеп бере алмауда. Себебі, азаматтардың бойындағы рухани құндылықтарды толықтыруда арнайы мамандар жетіспеушілігі байқалады.

Үшіншіден, жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайларының төмендігі мен тым жоғарылығы. Кері діни ағымдарға жастардың кетуіне қоғамдағы жұмыссыздық, экономикалық

қанағаттанбаушылық ықпал етеді. Кейде керісінше, әл-ауқаты жақсы, ауқатты отбасылардан шыққан жастар бейім болады.

Төртіншіден, әлем ақпараттану үрдісіне көшкен сәтте, жастардың ғаламтор желілері арқылы әртүрлі радикалдық және экстремистік сипаттағы идеялардың ықпалына түсуі ұлғаюда. Жастардың ажырамас бөлігіне айналып отырған ғаламдық желіні теріс пиғылдағы адамдар өздерінің көздеген мақсаттарына шебер пайдаланып жатыр. Әлеуметтік желілердегі видеороликтер, теріс идеялар жастардың санасын улауға бет алды.

Міне, осы және басқа да факторларды ескерер болсақ, бүгінгі күнде жастардың діни сауатын көтеру мәселесінің өзектілігі сөзсіз. Өйткені, еліміздің болашағы жастардың бойында қандай дүниетаным қалыптасатындығымен тікелей тәуелді.

Мемлекет басшысы Н. Назарбаев: «Қазір кейбір сыртқы күштер жастарымызды ислам дінінің хақ жолынан адастырып, теріс бағытқа тартуға тырысуда. Мұндай ұлттық табиғатымызға жат келеңсіздіктерден бойымызды аулақ салуымыз керек», – деп баса айтқан болатын. Осы орайда ҚР-да діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен конфессияаралық қарым-қатынастарды үйлестіру бойынша ел аумағында атқарылып жатқан ілкімді істердің барлығы үкімет назарына ілігіп, бұл жұмыстар облысымызда да кең көлемде жүзеге асырылып, нәтижелі көрсеткіштерге иек артып, өңір тұрғындарының көңілінен шығып жатқандығы жасырын емес. Дін істері комитеті діни саладағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жұмыстарын 3 бағытта ұйымдастырып жүзеге асыруда:

– қазақстандық қоғамда конфессияаралық келісім мен толеранттылықты қамтамасыз ету, Қазақстан Конституциясына сәйкес, ел дамуының зайырлы қағидаттарын ілгері жылжыту;

– Қазақстан Республикасы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының ережелерін мүлтіксіз орындау негізінде діни бірлестіктерімен сындарлы өзара әрекеттестік пен ынтымақтастықты ұйымдастыру;

– 2013-2017 жылдарға арналған діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылдың мемлекеттік бағдарламасына қатысу аясында дінді теріс пиғылды мақсаттарда пайдалануға жол бермеу [11]. Осы бағыттарды басшылыққа ала отырып, республика аумағында қыруар жұмыстарды атқарып жатыр. Бұл жұмыстар

қоғамның, оның ішінде жастардың діни сауаттылығын арттыруға бағытталғандығы белгілі.

Сондықтан жастар – қоғамның қозғаушы күші, мемлекетіміздің болашағы. Мысалы, 2003 жылы өзін дінмен байланыстыратын жастардың үлесі 38% құраған болса, соңғы үш жылдағы зерттеулер бұл қатардағы көрсеткіштің 70%-ға жуықтағанын көрсеткен. Статистикалық мәліметтер бойынша, еліміздегі 14 пен 29 жас арасындағы жастардың жалпы үлесі 4,3 млн. жуық адамды құрайтын болса, олардың ішінде 450 мыңға жуық жастарымыз жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттері болып табылады. Ал, Оңтүстік Қазақстан облысында 11 ЖОО орны болса, оның ішінде 9 ЖОО Шымкент қаласында орналасқан. Өңірімізде барлығы 66 513 студент жас білім алуда [12]. Оқу ордамызда қазіргі сәтте 1000-нан астам академиялық топтар бар. Жастардың діни сауаттылығын арттыру мақсатында «Дінтану негіздері» пәні 1 семестр бойы өткізіледі. Бұл салада дәріс беруші профессорлар мен оқытушылар жастарға жоғары деңгейде дін туралы сабақтарын өткізіп келеді. Студент жастардың бойында патриоттық, діни, саяси сауаттылығын одан әрі қалыптастыру мақсатында университетте 10 бағыт бойынша іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілуде. Соның ішінде «Экстремизм мен терроризмнің алдын алу» тақырыбында университет деңгейінде жарты жылдықта 70-ке жуық іс-шаралар ұйымдастырылды. Ал, академиялық топтардың барлығында «Экстремизм мен терроризмнің алдын алу» тақырыбында тәлімгерлік сағаттар арнайы мамандардың қатысуымен өткізіліп жатыр. Өңіріміздің ұлттық қауіпсіздігі мен тәртіпті және ағартушылық түсіндірме жұмыстарын жүргізетін билік құрылымдарымен тығыз байланыс жасап, іс-шаралар атқарылып келеді. Ұлттық қауіпсіздік комитеті, прокуратура, әкімшілік, білім, жастар және тілдерді дамыту басқармасы, ішкі саясат және дін істері басқармасы, құқық қорғау, мешіт имамдары, теолог, дінтанушы мамандар мен қызметкерлер жастардың діни сауаттылығын арттыруда жүйелі түрде білім ордамызбен тығыз байланыстар орнатқан. Діни тақырыптарға байланысты республикалық және облыстық конференцияларға кафедралардың оқытушы профессорлар құрамы қатысып, біліктіліктерін жетілдіріп келеді. Онлайн жүйесімен осы тақырып аясында ЖОО арасында пікір алмасулар мен кездесулер ұйымдастырылып отыр. Студент жастардың сабақтан тыс уақыттарын тиімді пайдалануда университетте әр сала бойынша 21 үйірме жұ-

мыс жасайды. Бұл үйірмелердің жүйелі жұмыс атқаруы жастардың теріс діни секталар мен ағымдарға немесе өзге де жаман жолдарға түсіп кетпеуіне ықпалы күшті деп есептейміз. Одан әрі жұмыстарын жандандырудамыз. Жатақханада жататын студент жастардың кешкі уақыттарын тиімді өткізуде де оқытушыларымыз белсенділік танытып жастармен семинар-тренингтер, психолог, дінтанушы, саясаттанушы, экономист т.б. мамандармен және мешіт имамдарымен кездесулерді ұйымдастыруды алға қойған.

Теріс пиғылды және радикалды дін идеологиясының сипаты мен қауіп-қатерін ашып көрсету шаралары барысында тікелей осы мақсатқа бағытталған білікті дінтанушы, теолог мамандар мен зерттеуші ғалымдарды тарта отырып, түсіндіру жұмыстары кеңінен жүргізіліп отыр. Олардың барысында теріс пиғылды және радикалды діни идеологияны таратушы ағымдардың идеологиялық негіздері, іс-әрекет, әдістер, зардабы, алдын-алу шаралары жөнінде жан-жақты мәлімет берумен қатар, әрбір аймақтағы діни ахуал ерекшеліктерін ескере отырып, қажетті ақпараттық – ағартушылық жұмыстар жүргізілуде. Елдегі осындай іс-шараларды ескере отырып, Бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлы өз қызметі аясында имам молдалар мен жалпы дін қызметкерлері үшін 2016 жыл «Дін және тарих тағылымы» жылы деп жариялады [13].

Теріс діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек көрсету бойынша тәулік бойы қызмет ететін «114-қауырт желі» ақпараттық – кеңес беретін орталығының жұмысы ұйымдастырылғанын хабарлап, көмек сұраған азаматтар мен олардың жақындарына консультативтік, құқықтық және психологиялық көмек көрсетілетінін жастарға ескертіп отырмыз. Ал, құқық бұзушылықтар туралы шалынатын қоңыраулар туралы ақпарат бірден құқық қорғау органдарына жолданатынын хабардар етудеміз.

Ел Президенті Н. Назарбаев өз Жолдауында: «Терроризмнің айдаһары қашан да болған және өз қарсыластарына арамзальқыпен соққы беріп отырған. Алайда, дәл қазіргідей ашық та, ауқымды болып көрген емес. Халықаралық терроризм осы уақытқа дейін болған және қазіргі бар ғаламдық өңірлік қауіпсіздіктің бәрін торпедалап бітті», – деп терроризмнен келетін қауіптің орасан зор екенін атап көрсеткен болатын. Расында, терроризммен күресте көп болып күш біріктірудің маңызы зор. Бұл бағытта елімізде қолға алып жатқан шаралар да аз емес. Мәселен,

бір ғана ҚР- дағы діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының өзі республика былай тұрсын, облыс аумағында да қыруар шаруаның басын қайырып, талай дүниенің нәтижелі болуына септесіп келеді.

Сонымен қатар мұндай теріс пиғылды әрекеттермен «Жұмылсақ – жұдырық» дегендей, бірлесе отырып күресуіміз тиіс. Сондықтан терроризмнің алдын алуда мынадай жолдарды ұсынамын: біріншіден, лаңкестердің әлеуметтік бейнесін анықтау; екіншіден, өңіріміздегі білім мекемелерінде дін жайлы дұрыс бағыттағы қажетті білім беру; үшіншіден, әлеуметтік желілерді тиісті органдар барынша сараптамадан өткізіп отыруы тиіс; төртіншіден, шекарада барынша бақылауды күшейту; бесіншіден, лаңкестерді қаржыландыратын тұлғаларды анықтап, құрықтау қажет деп есептейміз.

Отандастарымыздың діни сауаттылығын жетілдіру, арттыру мақсатында оларға дәстүрлі діндер, оның ішінде, әрине, ислам дін туралы мейлінше дұрыс мәлімет беру ауадай қажет. Өзінің дінін жетік әрі жақсы білетін адам ешқашан бұлыңғыр ағымдағы діни көзқарастарға еріп кетпейді. Әрине, адамның таңдау құқығы бар. Алайда, таңдау жасау үшін де адам нені таңдайтындығын білуі қажет. Діни сауаттылықты, тек бір ғана рухани-адамгершілік құндылықтарды мектеп партасынан-ақ ұрпақ бойына сіңіру маңызды. Бұл жас сананы экстремизмнің және ксенофобияның зиянды ықпалынан арашалап алады. Түптеп келгенде, Қазақстан Республикасындағы діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен конфессияаралық үйлесімді сақтауды ел Үкіметі өз мойнына алып, әр аумақта ауқымды істердің жүзеге асырылуына бастамашылдық танытуда. Осындай өзгермелі заманда қоғам болып күресуде, жастардың бойында рухани патриоттық тәрбиені барынша сіңіртеп, қалыптастыруымыз тиіс. Өйткені, теріс діни ағымдардың жастардың санасын улауы – қоғамның тұрақтылығын бұзуға әрекеттенуде. Келешек жастардың қолында дей отырып, оларды дұрыс бағытта тәрбиелеу – жоғары аға буындардың негізгі міндеті екенін ескеруіміз керек. Сондықтан «Ел болам десең – бесігіңді түзе» – дегендей, барлық қатерлердің алдын алу жас буындардың біліммен сусындауына тәуелді екендігін ескеруіміз керек

Әдебиеттер

- 1 Н. Назарбаев. ҚХА XV сессиясында сөйлеген сөзі. – 2010 жыл.
- 2 Н. Назарбаев. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы. – 2013 жыл.
- 3 Н. Назарбаев «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты Жолдауы, – 2015 жылғы 30 қараша.
- 4 Н.К. Капесов. Основы политологии. Курс лекций. – 1995. –204 с.
- 5 Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. – 350 б.
- 6 Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 344 б.
- 7 Ожегова С.И.Секта, Толковый словарь. – 300 б.
- 8 Дворкин А. Сақ болыңыз: секта, ОҚ №18 (19434) – 05.02.2013. – 4 б. (Шадькұлұлы Қ., Қалыбаева А.С.).
- 9 Жұрынбаев Е.С. Халықаралық терроризм және экстремизммен күрес саласында негізгі терминдер мен ұғымдардың сөздігі. 2011 – 160 б.
- 10 Нысанбаев А.Н. Политология. – Алматы: Ақыл кітабы, 1998. – 351б.
- 11 М.Әзілханов. Парламент алдында сөйлеген сөзі. – 2014 ж.
- 12 ОҚО Білім, жастар және тілдерді дамыту басқармасының 2015 жылғы жылдық есебі.
- 13 «Айғақ» газеті. 10 ақпан, 2016 ж. – №06. – 1 бет

References

- 1 N. Nazarbaev. ҚХА XV sessiyasy'nda sojlegen sozi. – 2010 zhy'l.
- 2 N. Nazarbaev. «Kazakstan-2050» Strategiyyasy' «Kaly'ptaskan memlekettin zhana sayasi bagy'ty'» atty' Zholdauy'. – 2013 zhy'l.
- 3 N. Nazarbaev «Kazakstan zhana zhahandy'k nakty' axualda: osu, reformalar, damu» atty' Zholdauy', – 2015 zhy'l'fy' 30 qarasha.
- 4 N.K. Kapesov. Osnovy' politologii. Kurs lekcij. – 1995. –204 s.
- 5 Sayasi tysindirme sozdik. – Almaty', 2007. – 350 b.
- 6 Biekenov K., Sady'rova M. Aleumettanudy'ң tysindirme sozdigi. – Almaty': Sozdik-Slovar', 2007. – 344 b.
- 7 Ozhegova S.I.Cekta, Tolkovy'j slovar'. – 300 b.
- 8 Dvorkin A. Sak boly'ny'z: sekta, ОҚ №18 (19434) – 05.02.2013. – 4 б. (Shady'kululy' K., Kaly'baeva A.S.).
- 9 Zhury'nbaev E.S. Xaly'karaly'k terrorizm zhane e'kstremizmмен kures salasy'nda negizgi terminder men ugy'mdardy'n sozdigi. 2011 – 160 b.
- 10 Ny'sanbaev A.N. Politologiya. – Almaty':Aky'l kitaby', 1998. – 351b.
- 11 M. Azilxanov. Parlament aldy'nda sojlegen sozi. – 2014 zh.
- 12 OKO Bilim, zhastar zhane tilderdi damy'tu baskarmasy'ny'n 2015 zhy'lgy' zhy'ldy'k esebi.
- 13 Ajpgak gazetі. 10 akpan, 2016 zh. – №06. – 1 bet

ШЕТЕЛ БАСЫЛЫМДАРЫ

ЗАРУБЕЖНЫЕ ПУБЛИКАЦИИ

FOREIGN PUBLICATIONS

Мехмет Евкуран

Дағдарыс теологиясы және қоғамдық қозғалыс ретінде салафизм. Салафилік идеология және Ислам әлеміндегі ықпалы туралы сараптама

Жаңа заманғы салафи қозғалысы түпнұсқаға қайту пікірін қорғайды әрі ислам әлеміндегі көне-жаңа барлық ерекшеліктерді қабылдамайды. Салафилар бойынша, бақытты ғасырда болмаған барлық нәрсе түбегейлі адасушылық әрі мәзһабтар сондай адасуға апаратын жолдар. Салафи ойшылдар мәзһаб түсінігін қолданбайды, олар салафи ұғымдарын таңдайды әрі салаф дәуірінде мәзһабтың болмағанын алға тартады. Осы себепті, салафилік Ислам әлемінің теологиялық әрі философиялық базасын радикал түрде қабылдамайды әрі ол діни түпнұсқаға оралуды дәріптейді. Ислам әлемінде салафилардың күшеуінің ең көп Сунниттерге ықпалы болған. Сунниттік жұмсақ әрі баурағыштық қасиетімен бүгінгі күні дәріптеу тұрғысынан дағдарысты бастан кешуде. Салафилік қуатты түрде Сунниттерге қарағанда ақиқатты иеленгенін айтуда. Екінші бір жағынан саяси қозғалыс ретінде салафилік Ислам әлеміндегі тепе теңдіктерді жояды әрі Ислам әлемін тұрақсыздандырады. Бұдан бөлек, мәдениетке қарсы қозғалыс ретінде салафилік бәдәуилікті қолдап, мәдени байлық пен тарихи мұраға қарсы күрес жүргізеді. Діни әрі архаикалық көзқарастарына қарамастан, салафилік жаңа заманғы саяси қозғалыс. Бұл мақаланың мақсаты – салафилік сана ерекшеліктерінің негіздерін анықтау әрі басты ұстанымдарын қарастыру.

Түйін сөздер: салафизм, ислам әлемі, мәзһабтар, сунниттер, мәдениет, өз болмысына оралу, саясат.

Mehmet Evkuran

On salafism as a crisis theology and social movement. An Analysis on Salafi Ideology and It's Impacts on The Muslim World

Modern salafi movement defends concept of return to essence/origin and refuses all of new or old identities in Muslim World. To salafism, everything was not mentioned in the golden age (in Islamic literature is al-Asr as-Saadah) is inevitably heresy and Islamic sects (mazahib) are heretic roads. Salafist thinkers don't use the concept of mazhab; they prefer salafi and says that it was no mazhab in the salaf age, and they have no mazhab. Thus, salafism rejects the theological and philosophical accumulation of Muslim world radically and it means the theological essentialism. The most influenced structure in Muslim World is Sunnism by rising of salafism. Due to it's eclectic and surrounding structure, today Sunnism suffers from representation crises. Salafism strongly claims that it has truth of Sunnism. On the other hand salafism as a political movement, destroys the political balances and destabilizes the Muslim World. Additionally, salafism as an anticulturalist movement, blesses the badawism and fights the cultural richness and historical heritage. Therefore despite of it's theological and archaic discourse salafism is a modern political movement. The aim of this article is to prove the basic structure of salafi mind and discuss it's main arguments.

Key words: Salafism, Muslim World, Islamic sects, Sunnism, culture, return to origin, policy.

Мехмет Евкуран

Салафизм как кризис богословия и общественного движения. Анализ идеологии салафизма и ее влияние на мусульманский мир

Современное движение салафитов защищает концепцию возвращения к сущности/происхождения и отказывается от всех новых или старых идентичностей в мусульманском мире. Для салафизма все не упоминается в золотом веке (в исламской литературе аль-Аср ас-Саадах) неизбежно ереси и исламские секты (mazahib) являются еретическими движениями. Салафитские мыслители не используют понятия мазхаб; они предпочитают салафиты и говорят, что во времена салафитов мазхабов не было и что у них нет мазхабов. Таким образом, салафизм коренным образом отвергает теологическое и философское накопление в мусульманском мире, и это указывает на богословский эссенциализм. Наибольшее влияние в мусульманском мире получил суннизм с ростом салафизма. Благодаря своей эклектичной структуре, сегодня суннизм страдает от развала представительства. Салафизм утверждает, что он имеет истину суннизма. С другой стороны, салафизм как политическое движение подрывает политический баланс и дестабилизирует мусульманский мир. Кроме того, салафизм как антикультуралистское движение благословляет badawism и борется за культурное богатство и историческое наследие. Несмотря на их теологический и архаичный дискурс, салафизм представляет собой современное политическое движение. Цель данной статьи состоит в том, чтобы рассмотреть основную структуру салафитской мысли и обсудить основные аспекты

Ключевые слова: салафизм, мусульманский мир, мазхабы, сунниты, культура, возвращение к происхождению, политика.

**ДАҒДАРЫС
ТЕОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ
ҚОҒАМДЫҚ
ҚОЗҒАЛЫС РЕТІНДЕ
САЛАФИЗМ.
САЛАФИЛІК
ИДЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ
ИСЛАМ ӘЛЕМІНДЕГІ
ЫҚПАЛЫ ТУРАЛЫ
САРАПТАМА**

Кіріспе

Соңғы кезеңде салафилік туралы әдебиеттердің қарасы молайды. Әрі батыста, әрі ислам әлемінде салафизм турасында танымал әрі академиялық жарияланымдарда да айтарлықтай өсу бар. Бұның негізгі себебі, ислам әлемінде орын алып отырған саяси мәселелер. Исламның ақиқатын иелену үшін күрес жүргізген дәстүрлі түсінік түрлері арасындағы жарыс та қарқын алуда. Айталық, Әхлі сүннет танымы, шегі қалай белгіленетіні, оған кімдер өкілдік ететіні, мәзһаб болып саналып, саналмайтыны, негізгі ұстанымдарының нелер екендігі секілді тақырыптар қайта таласқа түсе бастады. Осы тұрғыда салафиттік ең көп сөз етілетін ұғымға айналды. Салафизм Ислам әлеміндегі дәстүрлі мекемелердің (медресе, дәріс алқалары, халыққа ашық уағыздар т.б.) жанында жаңа заманғы байланыс құралдарын (теледидар, интернет, БАҚ және т.б.) да қолданылуда, әсіресе Сунниттік жағрапияда халық арасында жайылуда әрі жүргізген үгіт әдістерімен өздеріне жақтастар табуда жетістікке жетуде.

Шииттер мен Сунниттік қатынастар өзіне тән тарихи әрі саяси арнасында үнемі бір тепе теңдікке жетуді білген. Бұл жерде екі жақты да ұстанатындардың саяси санасы мен бюрократиялық мұрасы барынша ықпалды. Мемлекеттік қабылдауға ие парсылар мен түрік билігі келісімге келуге мүмкіндік берген саяси ақыл арқылы аймақтағы шиит – суннит тепе теңдігін сақтай алған. Алайда, Сунниттік әлемде салафиттіктің алға шығуы осы қатынастардың радикалды түрде бұзылуына жол ашқан.

Саяси пайымы әрі қолданған тілі «такфир» әрі дұшпандыққа негізделген және «өлгенге дейін жихад» ұстанымын мұсылман қоғамы ішінде ішкі соғыс ұстанымы ретінде жүзеге асырған осы түсінік әсілі саяси да емес. Неге десеніз, саяси ойлау келісімге келуді, ортақ мүддеге жұмылуды және сыпайылықты қамтиды. Жаһандық күштердің тарихтан келетін Иран Тұран соғысын жаңартуға шамасы келмегені, соған сай араб қаржысынан қолдау табатын салафи топтар арқылы осы мақсаттарына сәл де болса жеткені байқалады. Халықаралық қатынастар мен ғаламдық саясат тұрғысынан қарағанда, салафиттік белсен-

ді топтардың кезеңдік әрі аймақтық тұрақсыздық тудырып, Ислам әлемінде жүргізілетін операцияларға қолданылатыны көзге түседі.

Салафиттердің теологиялық саяси тенденциясы

Салафиттік пікір нақты түрде Шииттерге қарсы. Бұл жерде салафиттерге шабыт қайнары ретінде Ибн Таймия пікірлерінің ықпалы барынша үлкен. Белгілі болғанындай, Ибн Таймия Харрандық. Ислам әлемінің сол мезгілдердегі хаостық жағдайы табиғи түрде оған да әсер еткен. Бір жағынан Моңғол шапқыншылығы, екінші жағынан Крест шабуылдары нәтижесінде анағұрлым сенімді жер ретінде Мысырға орналасқан. Құлдырау кезеңінің ойшылы ретінде Ибн Таймианың салафи пікірге деген ықпалы қозғалысқа теориялық әрі теологиялық терең астар беруінде жатыр. Оның бойынан құлдырау кезеңі ойшылдарына тән ойлау күйзелісін байқауға болады. Бұл кезеңдерде ойшыл сол кезеңдегі әлем жағдайы мен сол кезеңнің мәселелеріне қаншалықты сергек қараса, жүгінген тілі де соған сай ойлау жүйесіне негізделіп, соншалықты өткір бола түседі. Ибн Таймия расында терең әрі сергек ойшыл. Алайда, сұңғылалығын Ислам қоғамының мәселелерінің шешімінде реакцияшыл әрі радикал үлгі жетілдіру тұрғысында шоғырландырған.

Оның көзқарасы мынау еді: Исламның ең кемел дін екендігіне әрі Алла бұл дінге сенушілерге дүниеде және ақыретте жеңісте уәде еткеніне қарағанда, орын алған қорлық пен қайғының себептерін осы діннің тәлімінен бас тартқан, талаптарын орындамаған мұсылмандардан іздеу керек. Адасту теологиясын анықтауға тырысқан ойшылымыз жауапты ретінде тасаууыф, философия және кәламды атайды. Әрі салаф сеніміне қайтып, таза дін түсінігін негіздеуге тырысады.

Мықты ойшыл әрі шебер пікір таластырушы болған Ибн Таймия философтардың өзін жолда қалдыратындай деңгейде философия мен қисын білген. Білімін ықпалды әдіспен қолдана алған. Аристотель қисынына қарсы оймен жазған мәтін (Нақзул мантық) логика мәселесінде тәкпірші емес, философиялық сын болуымен назар аудартады. Қазіргі салафилар болса, Ибн Таймианың философиялық таластарда көрсеткен талпыныстарына емес, тұжырымдаған нәтижелерге қарауда. Бұл бөлімдердің үлкен ойлау тарихына енген таластары бір аят не бір хадис оқып, нәтижелендіру әрекеттері, олардың өзара әңгімелесуге, таласуға әрі сөйлесушіні түсіну-

ге қаншалықты жабық екендігін байқатқан. Бұл әрекет бұдан бөлек ақиқатты иелену сезімінің ең дөрекі түрі. Ақиқатты иеленуіңіз мүмкін, алайда бұл сенім сізді сол үшін таласқа түсуден, философияға салынудан шеттетпейді. Бұл жерде бұдан бөлек нәрсе мәдениет жауластығы. Таласу, тыңдау, өзін танытқысы келу, сынға ашық болу т.б. Бұлардың барлығы шын мәнінде мәдениетті қалыптастырушы әрі оны жанды етіп ұстап тұрушы құндылық. Ал анығында ақиқат жаңылысуының жанына мәдениетке деген жауластықты қояр болсаңыз, әлемдегі ең бір ұнамсыз қосынды шығады. Діни насстардың осындай пішіндегі қолданысы салафиттердің ойлағандай емес, салафқа (бұрынғыларға) тән емес нәрсе.

Мәселелерге насстарды қолданып шешім іздеу, кейіннен жүйеленген іс. Құран аяттарының теологиялық және құқықтық мәселелерді шешуде негіз ретінде қолданылуы, мәзһабтардың қалыптасуынан кейін жүйеленген. Сахабаның Құранға көзқарасы сірә бұлай болмаған. Олар «талас-тартысқа аятты қолдануға» мейлінше жатсынып қараған. Құндылықтар жүйесі ретінде насстардың мақсаты мен мағынасын терең игергендіктен, көзқарастарында және іс әрекеттерінде көбіне қоғам пайдасы мен рационалдық себептерге сүйенетін. Жасаған барлық іс пен айтқан әр сөз үшін дәлел ретінде нас талап етпейтін. Бұл мәселе өте маңызды. Насстарды тек сырттай оқып, әсіре қолданып, олардың мақсаттарына және қамтыған құндылықтармен сәйкеспейтін көзқарас пен іс-әрекеттер тұжырымдау мәтінінің идеологиялық қолданысының табиғиланған мәзһабтар кезеңінде жүйеленген. Салафилық мәзһабтар ұрынған қателерді қайталамау үшін жорамалға қарсы шығып, Құранның идеологиялық жорамалдануына және мағынасын айналдыруға қарсылық танытуда. Жорамал мен көзқарасқа жүгінбестен, насстардың сөздеріне жүгінудің ақиданы саф түрде қорғаудың жолы екендігі ойға алынады.

Қазіргі заманғы салафи көзқарасты түсіндіретін мәтіндерде де осы классикалық ұстаным үлкен мөлшерде сақталуда. Сауд Арабия мүфтілерінен Абдулазиз ибн Баз тарапынан алғысөзі жазылған бір мәтінде ислам ақидасы, Әхлі сүннет ақидасымен теңестіріліп, негізгі ерекшеліктері тізіп көрсетілген. Бұлардың арасында ақиданың оңай әрі түсінікті болуына қатысты мыналар айтылған: «Ол оңай әрі Күннің анық көрінгеніндей ап-анық ақида. Одан қандайда бір жабықтық, түсініксіздік немесе қойырпақтық жоқ. Сөздері анық, мағынасы түсінікті. Оларды ғалым немесе жай халықтан бәрі: үлкен кіші бәрі

де түсінеді. Расул Алла оны тап таза, кіршіксіз қалпында жеткізген». Сенімнің анық екендігіне баса назар аударуы ислам ойшылдарының ислам дінінің адам жаратылысына сай екендігіне тән айтқандарымен ұқсастық байқатуда.

Салафи сөйлемде өткен «ақиданың ашық әрі оңай екендігіне» баса назар аударту насстарды ақылға салу мен оларды жорамалдау керек емес деген мағынаны білдіреді. Бұл бойынша Алла тура жол ретінде жіберген дінді ашық, түсінікті әрі оңай еткен. Егер онда бір қиындық болса, тура жол мен рақым ретінде сипаттауына қажеттілік болмас еді. Бұдан гөрі жорамал мен насстарды түсіндіруді мұрат етуі тұрғысынан ақиданың ашықтығы пікірмен қайшы түсуде. Онсыз да анық нәрсені түсіндіре алмайсыз. Ол болса түсіндіру мен жорамалдау деген атпен оны ластайды, қойыртпақтайды әрі адам танымайтындай күйге түсіреді. Салафи сөйлемнің жорамалға әрі жорамалдан туған нәрселерге деген көзқарасындағы қаталдықтың себебі түсінікті болуда. Спекуляцияға сүйенетін философия, ақылды насстардың айшықталуында өлшем деп санайтын кәлам, жоғарғы деңгейде жорамалға жүгінген тасаууыф. Бұлардың барлығы салафия көзқарасында ақиданы қойыртпақтайтын жолдар.

Ибн Тәймия кезеңінде Суннит шиит қатынастары барынша салқындаған. Шииттердің Моғолдармен келісіп, Сунниттерді жалғызсыратты деген пікір Сунниттердің ортасында айтарлықтай дұрдараздық тудырған. Осы салқындықтың бір белгісі ретінде Ибн Тәймия Шииттерді кәпір деп айыптайтындай дәрежеде еңбектер жазған. Салафиттің көзқарастағы Шииттерге деген теріс пиғыл осыдан негіз алады. Екінші бір жағынан Араб идеологиясы ретінде адасқан деп қабылдаған Шииттерге қалай қарайтынын болжау аса қиын емес. Бұның тамыры Әмәуилер кезеңінде төбе байқатқан, алайда хадисшылар идеологиясында қай кезде де орнын тапқан «арапшылдық» идеясына сүйенуде. Құрайыштың саяси артықшылығын теологиялық дәлелдерге жүгініп күшейткен Араб ақылы саясат жолымен үкім беруді өзі үшін табиғи құқық ретінде көре бастады. Ал керісінше, саясат есіктерінің өздеріне жабық екенін көрген араб емес мұсылмандар басқа салаларға бет түзеді.

Мәуалидың (бұл ұғым араб емес мұсылмандар, әсіресе түріктер мен парсылар үшін қолданылады) өз қабілетін көрсету үшін бет түзеген салалардың алдыңғы қатарында ілім мен

өнер тұрды. Осы шеңберде араб жұртының ілімді шеттетпегені, алайда ілімнен түсінгендері мүлдем басқа нәрсе болғандығын айтып кеткен жөн. Мәуалидың санасында ілім, ақылға салу және адам жасампаздығын көрсететін философия, өнер, теология және т.б. ға тең түссе, араб ақылы үшін ілім нақылдан тұрады. Ілім ұғымына бұл көзқарас мәдени парадигмалардың түрлі жұмыс істегенін көрсетеді. Тура осы себеппен хадисшілер қозғалысы тереңінде араб культурализмін алып жүруді міндетіне алса, Рәйшілдер бағытындағылар болса, философия, кәлам мен тасаууыф жолымен мәуалидың мәдени құндылықтарына бір сала ашу рефлексі байқалады. Осы себепті әхлі Хадис нақылшылдықты өсіріп, «дін нақылдан тұрады» деген дәлелге жүгінсе, бұрмаланған әдістеме деп қабылдағандықтан жорамалға мейлінше қарсылық танытады. Саяси ретте Араб билігін мойындамаған елдердің арабтар арқылы исламға деген дұшпандықтарының бір белгісі ретінде көрген әхлі рәй өнімдерін (кәлам, философия, тасаууыф, өнер т.б.) адасушылық деп санайды. Салафиттықтың кәлам, философия және суфизмге деген дұшпандығының астарында көне араб-мәуали қақтығысының ұмытылған іздері орын алғанын айтуға болады.

Әсілі салафтық идеология Шииттер жайында не ойласа, Сунниттік мәзһабтар туралы да соған ұқсас ойларға ие. Тасаууыф философия және кәламмен араласып, тұнығын лайлағандықтан, Сунниттік әлемнің теологиялық базасына да адасушылық деген көзбен қарайды. Тасаууыфты таза ширк деп қабылдаған салафия суфи бейнелерге орын беретін барлық мәдениеттерге қарсы. Сунниттік кәламның маңызды тамыры Матуридилікті де Мүржияның жалғасы деп сипаттайтын қазіргі заманғы салафиттер Сунниттердің екінші бір кәлам тармағы Әшғарилар үшін де осылай ойлайды. Ислам қоғамында пайда болған қозғалыс ретінде Мүржияның иман танымы, иман-амал қатынасына көзқарасы, күнәға көзқарасы секілді мәселелер мұсылман қасиетіне анағұрлым бейімделгіштік әрі кең мазмұн қосу талпыныстарынан алыс емес. Бұл әдіс ислам әлемінде Харижи қозғалыстың теологиялық қысымын теңшеп, жамағатқа рахат пен кеңдік қамтамасыз етті. Екінші жағынан мәуали ретінде көрінген әрі ислам ішінде паналаушы секілді қабылданған араб тегінен емес мұсылмандардың абырой мен бағасын арттырды. Мүржияның иманды амалдан ажыратып әсірелеуінің әлеуметтік мәдени әрі саяси тұрғыдан білдірген мағынасы қоғамдық тепе-теңдіктің керектігінің бір белгісі. Неге десеніз, мауали амал арқылы

емес, тек иман секілді ішкі және дерексіз құндылық арқылы қалаған теңдік пен абыройға қол жеткізе алатын еді.

Қысқаша айтқанда, салафиттік идеология Батыстағы анархистік ағымдарда байқалған бір ұқсасын ислам әлемінде көрсетуде әрі қоғамға, тарихқа, мәдениетке, өнерге, философияға т.б. бәріне қарсы көзқарасты ұстануда. Салафиттік мойындамау себепті мәзһабтарды жаңадан қайта қарастыруға мәжбүр жағдай туындаған. Ислам әлемінде жаңадан құрылған ағымдар негізінен дәстүр мен мәзһабтық ерекшеліктерін проблема ретінде қабылдап, осыларды сынау арқылы жаңаша бір кеңейе түсуді мақсат еткен. Алайда, салафияның радикал қабылдамаушы мұрагерлік әрекеті мәзһабтардың жағымды қырларын іздеген, олардың мәдени, күнделікті өмір мен әлеуметтік қырына деген оң ықпалдарына баса назар аударатын бір сананың қалыптасуына жол ашқан. Өйткені, мәзһабтар арасындағы бәсеке салафияның барынша шоғын қыздыра түскен соғысынан анағұрлым өлшемді әрі сыпайы көрінуде.

Салафиттік парадигманы түсіну

Салаф пен салафиттік ұғымдары жеңіл бір бірінің орнына қолданылып жүр. Ал анығында бұл екі ұғым арасында семантика болғандықтан, анағұрлым мағыналық айырмашылық бар. Семантикалық жақындық пен осыны тудырған белгісіздік салафи идеологияның осылай қалдырған бір жағдайы. Салафи сөздер қабылдамаған келесі бір ағымдардың салафиттік көзқарасқа қарауындағы белгілі бір үрку көзге байқалады. Бұл ассиметриялық әрі тепе теңдігі жоқ жағдай аталған ағымдардың танымындағы бостықтардан туындауда.

Ең баста салафи сөздер діни эпистемологиялық салада сафтықты, абыройлылықты, түп тамырды, алғашқы тәжірибені қасиеттегендіктен, оның бұл мәселедегі жанын салған ынталы әрекеті оны құрметті етіп, өзге ағымдардың алдында психологиялық басымдық беріп, олардың сыпайыгершілік сезімін тудырған болуы мүмкін. Тура бір «күнәмен былғану» және «бидғаттарды қорғау» тәуекеліне көз жұмып, салафиттермен күрес жүргізілмейтіндігі жолында шешімі күрделі белгісіз жағдай туындауда.

Ислам әлемінде салафиттікті тежеп отыратын күшті теологиялық тіл қалыптастырыла алмағандықтан, бұл мәселеде олқылықтар бар. Осы себепті салафиттік қозғалысқа қарсы

бастамалар да аз уақыттың ішінде салафиттік қатаң сөздердің ықпалына ұшырап, соған ұқсас тәкпіршіл тілге жүгінуде. Сондықтан салафиттік қозғалыс тек міндетіне алған миссия мен көрсеткен тәжірибесімен емес, оған қарсылық танытқандарды да өзіне ұқсату себепті көпжақты ықпалға ие.

Осы салада ислам ойлау жүйесіне үлес қосу мақсатында жасалуы қажетті қадамдардың бірі кәлам мен философия қозғалысының заңдылығын қорғайтын мәтіндердің қайта еске түсірілуі әрі жаңаша тұжырымдалуы. Діни тақырыптарда ақылға жүгіну ұстанымына сүйенетін кәлам мен дін туралы тәуелсіз пікір өрбітуге сүйенетін философиялық қозғалыстың ислам дәстүріндегі орны қайта анықталуы тиіс. Бұл жұмыстар ақылды толықтай қабылдамайтын немесе оның барлық билігін қырқып тастайтын салафиттік идеологияның дін тұрғысынан қаншалықты орынсыз екенін байқауға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта Ислам ойлау жүйесі мен теологиясы ең әлсіз әрі ең консервативті жағымен дәріптелгендіктен, ислам әлемі дәл қазір бұндай кеңейуден мақұрым болып көрінуде. Оның үстіне тарихи әрі саяси жағдайлар типтік бір дағдарыс теологиясы болған салафиліктің күшеюіне үлес қосуда. Ислам ойлау жүйесінің бай мазмұнының әрі көптүрлілігінің айшықтала түсуіне кедергі келтіруде.

Салафиттердің аузындағы өзгелерде жоқ нәрсе не? Тарихтан және алғашқы мағынадан алыстағандықтың белгілі бір мөлшерде мойындалуы өзге ағымдардағы ерекшелік. Ал керісінше саф болу мен түп негізге байлану пікірі әрі осы пікірді кейіннен туындаған барлық нәрсеге сын ретінде қолдану салафиттік пікірлердің негізгі ерекшелігі. Осы себепті, ислам ойлау жүйесінде салафиттерге қарсы тепе-теңдіктен ауытқымайтын әрі көкейге қонымды пікір өрбіту уақыт талабы, бұл психологиялық теологиялық кедергіге ұшырауда. Өзіне тура бір бөлектеуші әрі құрметті ерекшелікті таңып алған салафизмге қарсы тұруға тырысқан кейбір бастамалар оның осы бір психологиялық теологиялық бөлекшелігі себепті тереңнен торығуды бастан кешеді. Әсіресе, Сунниттер мен мектептері үшін осы жағдай тұйықталу ретінде жалғасуда.

Түп негізге оралып, ғасырдың жамандықтарынан арылуды қалау пікірін әрдайым сергек ұстау, бір парадигма ретінде салафи идеологиясын да күн тәртібінде ұстауда. Міне, салафизмнің бір пікір ретінде жаңа заманғы идеология болып саналуының әрі осы қырымен қарастырулы керектігінің негізгі себебі осы.

Негіз ретінде салафизмды қолдаушылардың басқа ислами тұжырымдарға қарауындағы қатал әрі дәрежеліктерінің астарында өзін исламның түп негізі ретінде қабылдау жатыр. Бұл – күтілген әрі табиғи нәтиже. Өйткені, салафиттік идеологияның абсолютті әрі монополияшыл ерекшелігі барлық жағдайда сыпайылық таныту, келісімге келу, татулық, жұмсарту, кері шегіну әрекеттерінің барлығын табанда ысырып тастауда. Неге десеңіз, бұлардың барлығы да діннен алыстау әрі оны кірлету әрекеттеріне деген еренсіздік, босаңсу әрі салғырттық ретінде саналады. Алғашқы Харижиттік топтардың бірі Азариканың өздерімен бірге болып, бірақ бірге соғысқа қатыспағандарды (каада) кәпір деп санаудан тартынбауларының астарында да осы сенім жатыр. Өзін діни ақиқатпен бір санап әрі бұны нақты сенімге айналдырған ойлау жүйесін жүзеге асыруға болатын бір ғана белсенділік түрі жорамалға жабық түрде үзіліссіз күрес жүргізу. Сондықтан осы пікірдің саяси тұрғыдан мұсылман елдері үшін беретін мәні ішкі соғысты білдіреді.

Салафизмнің (бұрынғы) салафтармен қатынасы: салаф салафи ма еді?

Өзін қатал әрі қатаң түрде өткенмен байланыстырған әр сөз идеологияға айналуға мәжбүр. Идеология позитивті мағынада адамның мағына мен құндылық іздеуін, қалыптастыру талпынысының бір нәтижесі. Алайда, бұл үрдісте ішінде орын алған шындықпен болған қатынас үзілмеуде әрі іс пен баға қысымы бір жағдайда идеологияның сыни әрі жауапқа тартушы функциясымен тепе теңдігі реттелуде. Алайда, шындықтан бір рет ажыраса, ой мен шындық арасында туындаған қысым мен бұл тудырған күйреу, идеологияның ішке тұйықталуына жол ашуда. Шындықтан ажыраудан туған ашық, идеологиялық қаталдықпен жөнге келтірілуге әрекеттенуде. Барлық догматикалардың шындықтан әрі әлемдегі жек көрушіліктердің себебі осында жатыр. Әр жолы идеологияны өтірікке шығаратын әлем олардың ашуының нысанына айналуға. Идеологияның мағына тудыратын жағы бұл жерде ең патологиялық түрде жұмыс істеуде. Неге десеңіз, өткен нәрсе дәл қазір жоқ. Ол шындық емес, қиял түрде ғана бар. Сол себепті, өткеннің өзін мақұлдағандығын алға тартқан сөз соған дәлел болатын айғақтарды қажет етеді.

Салафизм сөз етілгенде өткеннің, эклективті әрі редуccionистік түрде әрі ең аңғал сөзге жақындатылғанын айтуымыз керек. Әсілі өзіне өткен шақтан орын іздеп, заңды етіп көрсеткісі келетін кепілдеме ретінде тарихқа сүйенетін барлық ой мен сенім салафиттік идеологияның жасағанын жасап, насстарға әрі алғашқы мұсылман ұрпақтардың тәжірибесіне негізделуде.

Мәдени және институционалды өзгерісті бақылауда ұстаған алғашқы кезеңдерде жорамал мен қиясты өте аз қажет еткен. Сол себепті, салаф кезеңінде анықталмаған деген уәжбен мағынаны байыту әрі мектепке айналуға (философия, кәлам, тасаууыф секілді) қарсы шыққан әрі бұларды діннен адасу ретінде бағалаған салафи ұстаным қателікке бой алдыруда. Кәлам мен тасаууыф ойшылдарының әллі хадистың қарсылықтарынан өздерін қорғау мақсатында жазған мәтіндердегі негіздемелер исламды адамзаттық тәлім етуге бағытталған айғақтардың орнын басуда. Кері жағдайда исламды жою үшін қалғаны күш қолдану мен қылышқа жүгіну таңдауы ғана қалуда. Онсыз да көне әрі жаңа салафи топтардың күш қолдануға бейім болуы – олардың осындай түсініктерінің табиғи нәтижесі.

